



Қазақстан Республикасының Батыс өңірін аумақтық дамытудың өңіраралық схемасын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 10 қарашадағы № 946 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірін аумақтық дамытудың өңіраралық схемасын бекіту туралы

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 19-бабының 3-4) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының Батыс өңірін аумақтық дамытудың өңіраралық схемасы бекітілсін.

2. Орталық және жергілікті атқарушы органдар осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2025 жылғы 10 қарашадағы
№ 946 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының Батыс өңірін аумақтық дамытудың өңіраралық схемасы

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының Батыс өңірін аумақтық дамытудың өңіраралық схемасы (бұдан әрі – Өңіраралық схема) "Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 3-4) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың бас схемасының негізгі ережелерін бекіту туралы" (бұдан әрі – Бас схеманың негізгі ережелері) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 30 желтоқсандағы № 1434 қаулысына сәйкес әзірленді.

2. Өңіраралық схема екі және одан көп облыстың (не олардың бөліктерінің), агломерациялардың, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бірліктердің шекараларын есепке алмай, әлеуметтік-экономикалық немесе экологиялық аудандардың аумақтарындағы өзара келісілген (шоғырландырылған) сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметіне арналған және мыналарды айқындайды:

1) жоспарланған аумақты аймақтарға бөлуді;

2) аумақтың қала құрылысын игеру және дамытуды (аумақты қазіргі заманғы пайдалану схемасы (тірек жоспар) – осы Өңіраралық схемаға 1-қосымшада, Батыс өңірінің аумағын перспективалық ұйымдастыру схемасы (жобалау жоспары) осы Өңіраралық схемаға 2-қосымшада келтірілген;

3) өңірлік және өңіраралық маңызы бар өндіргіш күштерді, көлік, инженерлік, әлеуметтік және рекреациялық инфрақұрылымды қоныстандыру және орналастыру жүйесін кешенді дамыту жөніндегі шараларды;

4) табиғатты ұтымды пайдалану, ресурстармен қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шараларды .

3. Ұқсас экономикалық және ресурстық әлеуеттер негізінде, сондай-ақ Ақтөбе агломерациясының болуын ескере отырып, Батыс өңіріне Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстары жатқызылды.

4. Бір өңірге жатқызудың негізгі алғышарттары облыстар экономикаларының даму әлеуеті мен құрылымдарының ұқсастығы, дамыған көлік инфрақұрылымы, дамыған өңдеу өнеркәсібі, халықтың көптігі мен жоғары тығыздығы болып табылады.

5. Батыс өңірі урбанизацияның төмен деңгейімен сипатталады. Қала халқының үлесі ел бойынша ең төмен және 59%-ын құрайды. Өңір шегінде Ақтөбе агломерациясы құрылды.

6. Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің облыстарында аграрлық-индустриялық мамандандыру бар. Өңірдің үлесіне елдің ЖІӨ-нің 23,7%-ы тиесілі. Мұнда елдің өнеркәсіптік өндірісінің 42,5%-дан астамы, өндіруші өнеркәсіп өнімінің жалпы республикалық көлемінің 77,5%-ы, ең алдымен көмірсутек шикізатын өндіру есебінен шоғырланған. Өңірде табиғи газдың жалпы республикалық көлемінің 98,4%, мұнайдың 95,2%, мұнай өнімдерінің 33,6% өндіріледі.

Батыс өңірі аумағының перспективалы қала құрылысын дамытудың жобалық ұсыныстары жобалаудың аралық (2030 жыл), есептік (2040 жыл) және болжамды (2050 жыл) мерзімдеріне әзірленген.

Өңіраралық схема Өңіраралық схеманың негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштері мен графикалық материалдарды қамтиды.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірін аумақтық дамытудың өңіраралық схемасы аумақтардың даму перспективаларын және инфрақұрылымға ұзақ мерзімді қажеттілікті айқындайтын қала құрылысы стратегиясы болып табылады. Олардың ережелерін іске асыру кезеңділігі, қаржыландыру көздері мен көлемі бюджет мүмкіндіктері ескеріліп, ұлттық жобалар мен аумақтарды дамыту жоспарларының деңгейінде айқындалады.

2-тарау. Аумақты аймақтарға бөлу, қала құрылысын игеру және дамыту

1-параграф. Аумақтың қала құрылысын игеру және аумақты дамыту

7. Қазақстан Республикасының Батыс өңірі аумағының қала құрылысын игеру және дамыту аумақтың нысаналы мақсаты мен шаруашылық пайдалануы бойынша функционалдық аймақтарға бөлінуі қатаң сақтала отырып (ауыл шаруашылығы, рекреациялық, табиғатты қорғау, өнеркәсіптік және құрылыс қызметін жүргізудің құндылығы мен орындылығы өлшемшарттарына сәйкес) жүзеге асырылуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірі аумағының қала құрылысын игерудің бірінші кезектегі бағыттарына өңір халқын қоныстандыру, өндіргіш күштерді орналастыру, инженерлік-көлік инфрақұрылымын дамыту, аумақтарды инженерлік қорғау мен өңірдің қоршаған ортасын қорғау жөніндегі іс-шараларды іске асыру және аумақты функционалдық мақсаттылығы бойынша аймақтарға бөлу жөніндегі жобалық ұсыныстар кешенін қамтиды.

Аумақтың қазіргі жағдайын және перспективалы қала құрылысының игерілуін талдау негізінде жобада Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің негізгі және екінші кезектегі жоспарлы орталықтары мен жоспарлау осьтері (қоныстандырудың тірек қаңқасы) айқындалды.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің құрамына кіретін елді мекендер аумақтарының қала құрылысының игерілуін реттеу, оларды дамыту мен аймақтарға бөлу қалалар мен елді мекендердің бекітілген бас жоспарларында көзделген.

2-параграф. Жоспарланатын аумақты аймақтарға бөлу

8. Бас схеманың Негізгі ережелерінің 5-бөліміне сәйкес функционалдық аймақтар мынадай 4 негізгі топқа бөлінген:

1) қарқынды шаруашылық және қала құрылысын игеру және табиғи ортаны барынша рұқсат берілген жасанды өзгерту аймақтары;

2) қоршаған табиғи ортаны экстенсивті игеру аймақтары;

3) шаруашылық игерілу шектелген және табиғи ортасы барынша сақталатын аймақтар;

4) шаруашылық қызметтің ерекше регламенттері бар аймақтар.

Жоғарыда аталған әр аймақтың құрамында тиісті кіші аймақтар белгіленеді.

9. Қазақстан Республикасы жер теңгерімінің деректері бойынша Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің аумағы 2024 жылдың басында 36 ауданды (қалалардағы аудандарды есепке алмағанда), 22 қала мен кентті, 937 ауылдық елді мекенді, 378 ауылдық (селолық) округті қамтиды. Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің ауданы 73 624,1 мың гектарды (Қазақстан Республикасының жалпы ауданының 37,0%-н) құрайды және оған төрт облыс (Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау) кіреді, оның ішінде Ақтөбе – 30 062,9 мың гектар, Атырау – 11 863,1 мың гектар, Батыс Қазақстан – 15 133,9 мың гектар, Маңғыстау – 16 564,2 мың гектар.

Негізгі техникалық-экономикалық көрсеткіштерде көрсетілген көлемдерді айқындау үшін Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 1-бабының 1-тармағына сәйкес аумақтың жобалық жер теңгерімі жасалды.

3-параграф. Қарқынды шаруашылық және қала құрылысын игеру аймақтары

10. Қоныстандыру арналарының кіші аймағы

Жоғары қала құрылысы құндылығы бар кіші аймақтар негізінен Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің жоспарлау орталықтарын байланыстыратын басты жоспарлау осьтері бойында шоғырланады. Жобада негізгі және екінші кезектегі жоспарлау осьтері айқындалды, мұндағы негізгі жоспарлау орталықтары Ақтөбе агломерациясының орталығы Ақтөбе қаласы, сондай-ақ Атырау, Ақтау, Орал қалалары болып табылады.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің негізгі ендік жоспарлау осі "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" халықаралық транзиттік дәлізі және оларға іргелес "Алматы – Қарағанды – Астана – Петропавл", "Ташкент – Шымкент – Тараз – Алматы – Қорғас" көлік дәліздері, сондай-ақ республикалық маңызы бар "Алматы – Өскемен" А-3 автомобиль жолы болып табылады.

Аталған аймақтар өнеркәсіптік және азаматтық құрылыстың, көлік және коммуналдық шаруашылықтың жобаланатын объектілерін орналастыру үшін қажет.

Каспий қоныстану аймағын Атырау және Маңғыстау облыстарының елді мекендері құрайды. Аймақтың орталығы – Ақтау қаласы – республиканың теңіз қақпасы. Бұл аймақ мұнай өндіру және мұнай өңдеу кластерлерінің қарқынды дамуына байланысты республиканың неғұрлым серпінді дамып келе жатқан өңірі болып табылады.

2024 жылдың басында Қазақстан Республикасының Батыс өңірі облыстары бөлінісінде елді мекендердің жер көлемі: Ақтөбе облысында – 4 320,2 мың гектар, Атырау облысында – 649,4 мың гектар, Батыс Қазақстан облысында – 2 407,0 мың гектар, Маңғыстау облысында 1 085,5 мың гектарды құрады. Қазақстан Республикасының Батыс өңіріндегі елді мекендердің жалпы ауданы 8 462,1 мың гектарды құрайды. Оның ішінде қалалар мен кенттер – 396,4 мың гектар, ауылдық елді мекендер – 8 065,7 мың гектар.

Жобалау процесінде қала құрылысы жобаларына талдау жасалды (осы Өңіраралық схемаға 4-ші қосымша).

Қазақстан Республикасының Батыс өңірі елді мекендерінің жобалық алаңы 2030 жылға қарай 8 480,1 мың гектарды және 2040 жылға қарай 8 500,0 мың гектарды құрайды.

Қалыптасып келе жатқан қоныстандыру жүйелерінің урбанизациясын ескере отырып, 2050 жылға елді мекендер жерлерінің 2024 жылмен салыстырғанда 57,9 мың гектарға ұлғаюы болжанып отыр және ол 8 520,0 мың гектарды құрайды.

11. Өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметінің мұқтажы үшін, ұлттық қауіпсіздікті қорғау және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер.

Осы санаттағы жерлердің құрамына мыналар кіреді:

1) өнеркәсіп объектілерін орналастыру және пайдалану үшін берілген өнеркәсіп жерлері, оның ішінде олардың санитариялық-қорғау және өзге де аймақтары;

2) теміржол көлігі жерлері;

3) автомобиль көлігі жерлері;

4) теңіз және ішкі су көлігі жерлері;

5) әуе көлігі жерлері;

6) құбыржол көлігінің жерлері;

7) байланыс және энергетика жерлері;

8) қорғаныс және ұлттық қауіпсіздік мұқтаждарына арналған жерлер.

12. Көлік-коммуникациялық дәліздердің кіші аймағы

2024 жылдың басында Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің өнеркәсіп, көлік, байланыс, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік мұқтаждарына арналған және өзге де ауыл шаруашылығына арналмаған жер алаңы 875,8 мың гектарды құрайды, бұл ретте 319,6 мың гектар Ақтөбе облысының аумағына тиесілі, Атырау облысында осы санаттағы 240,1 мың гектар жер, Батыс Қазақстан облысында – 48,0 мың гектар жер және Маңғыстау облысында 268,1 мың гектар жер бар.

13. Автомобиль жолдарының аумақтары

Қазақстан Республикасының Батыс өңіріндегі автомобиль көлігі жерлерінің ауданы 2024 жылдың басында 56,7 мың гектарды құрады.

Қазақстан Республикасының Батыс өңіріндегі жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының ұзындығы 19 396,7 километрді құрайды.

Қазақстан Республикасының Батыс өңіріндегі автомобиль жолдарын талдау және бағалау негізінде жобада автомобиль инфрақұрылымын дамыту жөніндегі жобалық шешімдер ұсынылады.

Аралық 2030 жылға қарай автомобиль жолдарын салу және реконструкциялау қосымша 1 819,8 километрді, есептік 2040 жылға қарай – 1 778,8 километрді, болжамды 2050 жылға қарай 474,5 километрді құрайды.

Жаңа автомобиль жолдарын реконструкциялау және салу бойынша негізгі жобалық ұсыныстар 10-параграфта келтірілген.

Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары жерлерінің жобалық алаңы 3.03-102-2013 "Автомобиль жолдары үшін жер бөліп беру" Қазақстан Республикасының Ережелер жинағына (бұдан әрі – ҚР ЕЖ) сәйкес белгіленді.

Аталған аумақтар мемлекеттік және қоғамдық мүддедегі аймақтар болып табылады. Автомобиль көлігі аймақтарының шегінде учаскелерге меншік немесе иелену

құқығының болуы негізгі функционалдық мәнін немесе шартты түрде рұқсат етілген қызмет түрлерін есептемегенде, оларды басқа кез келген мақсатта пайдалану үшін негіз бола алмайды.

14. Теміржол аумақтары

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің аумағы бойынша жүктерді тасымалдаудың жаңа қысқа бағдарларын қалыптастыру мақсатында теміржол учаскелерін салу еуразиялық қатынас жолдары жүйесінде көлік дәліздері мен тұтастай алғанда көлік кешенінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру тұрғысынан да талап етіледі, бұл еліміздің көлік стратегиясының басты нысаналы бағыттарының бірі болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстанда транзитте жалпы өткізу қабілеті 50 миллион тоннаға дейінгі мынадай бес халықаралық теміржол көлігі дәлізі қалыптасып, жұмыс істейді: Трансазиялық теміржол магистралінің Солтүстік дәлізі (ТАТМ), ТАТМ Оңтүстік дәлізі, Транскаспий халықаралық көлік бағыты (ТРАСЕКА), ТАТМ Солтүстік – Оңтүстік, Орталық дәлізі.

Жобаланатын аумақ шекарасында бес трансқазақстандық теміржол дәлізінің мынадай үшеуі өтеді:

1) Трансазиялық теміржол магистралінің (ТАТМ) Орта Азия (Орталық) дәлізі – Орталық ТАТМ – (ҚР бойынша Сарыағаш – Арыс – Қандыағаш – Озинки учаскесі);

2) Солтүстік-Оңтүстік (Солтүстік Еуропа – Ақтау теңіз порты учаскесінде Қазақстанның қатысуымен Ресей мен Иран арқылы Парсы шығанағы елдері – Орал өңірлері және Ақтау – Атырау);

3) ТРАСЕКА (Шығыс Еуропа – Оңтүстік Кавказ – Каспий теңізі – Орталық Азия).

Бұл бағдарлар басқа қолданыстағы бағдарлармен салыстырғанда қашықтықты едәуір қысқартуға мүмкіндік береді, бұл жүктерді тасымалдау мерзімдерін де қысқартуға әкеледі.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің теміржол көлігі жерлерінің алаңы 2024 жылдың басында 34,8 мың га құрайды.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің әкімшілік аудандары бөлінісінде құрылысқа ұсынылатын жаңа теміржол желілерінің ұзындығы жобалау мерзімінің аралық (2030 жылы) – 371 километр, есептік (2040 жылы) – 1 852 километр, болжамды (2050 жылы) – 992 километр.

Құрылысқа ұсынылатын теміржол желілерінің жалпы ұзындығы есептік мерзімге 2 925 километрді құрайды.

Теміржол желілеріне бөлінген аумақтардың жобалық көлемі 3.03-116-2014 " Теміржолдар үшін жер бөліп беру" ҚР ЕЖ сәйкес айқындалған.

Жаңа автомобиль жолдарын реконструкциялау және салу жөніндегі негізгі жобалық ұсыныстар 10-параграфта келтірілген.

4-параграф. Қоршаған табиғи ортаны экстенсивті игеру аймақтары

15. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің кіші аймағы

1991-2023 жылдары ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын реформалау кезеңінде республика бойынша ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің көлемі 102,0 миллион гектарға, оның ішінде Қазақстан Республикасының Батыс өңірінде 25,9 миллион гектарға қысқарды. Бұл ретте, 2022 жылмен салыстырғанда 2023 жылға қарай өңірдің ауыл шаруашылығы алқаптарының көлемін жалпы алғанда 0,1 миллион гектарға ұлғайту үрдісі байқалады.

2024 жылдың басында Қазақстан Республикасының Батыс өңіріндегі ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің жалпы ауданы 27 168,6 мың гектарды құрады.

Облыстар бойынша жердің барлық санаттарындағы ауыл шаруашылығы алқаптары 2024 жылдың басында Ақтөбе облысында 13 129,6 мың гектарды, Атырау облысында 3 209,0 мың гектарды, Батыс Қазақстан облысында 7 907,7 мың гектарды және Маңғыстау облысында 2 922,3 мың гектарды алып жатыр.

2024 жылдың басындағы жер теңгерімінің деректері бойынша Қазақстан Республикасының Батыс өңіріндегі шабындықтар 674,1 мың гектар аумақты алып жатыр.

Қазақстан Республикасының Батыс өңіріндегі жайылымдық жерлер басым жер түрі болып табылады және 23 674,6 мың гектарды алып жатыр.

2024 жылдың басында тыңайған жерлер 794,9 мың гектарды құрады.

16. Босалқы жерлер

Босалқы жерлердің негізгі алаңдары ірі мемлекеттік ауылшаруашылық кәсіпорындарын реформалауға байланысты жер реформасы кезінде құрылды. Осы кезеңде қордағы жер көлемі 1991 жылы 4 965,0 мың гектардан 2005 жылы 32 262,2 мың гектарға дейін өсіп, өзінің ең жоғары мәніне жетті. Бұл ретте, босалқы жерлерге шөлді және шөлейт аймақтарда орналасқан өнімділігі төмен жайылымдардың ғана емес, республиканың игерілген егіншілік аудандарындағы неғұрлым құнарлы жерлердің едәуір алқаптары ауыстырылды.

Босалқы жерлердің негізгі алаңдары ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлер санатына, сондай-ақ өнеркәсіп, көлік және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер санатына ауыстырылды.

Босалқы жерлер құрылымында 2024 жылдың басында ауданы 25 047,3 мың гектарды құрайтын ауыл шаруашылығы алқаптары басым, оның ішінде Ақтөбе облысы – 8 179,3 мың гектар, Атырау облысы – 5 870,9 мың гектар, Батыс Қазақстан облысы – 2 244,0 мың гектар, Маңғыстау облысы – 8 753,1 мың гектар.

Функционалдық аймаққа бөлу және аумақты ауыл шаруашылығына пайдалану үшін жерлерді трансформациялау бойынша негізгі жобалық ұсыныстар тыңайған жерлер көлемін егістікке және босалқы жерлерді жайылымға ауыстыру болып табылады.

Қазіргі уақытта босалқы жерлерге берілген жайылым тыңайған жер жағдайында, оны ауыстыру бойынша тиісті іс-шаралар қажет. Ауыстыру үшін көлемді айқындау кезінде тыңайған жер (оның ішінде пайдаланылмаған егістік 1 жылдан аспайды) барлық жер санаттары бойынша таңдап алынды.

Егістікке ауыстыруға ұсынылған тыңайған жердің көлемі (барлық жер санаты бойынша) облыстар бөлінісінде:

1) Ақтөбе облысында – 100,0 мың гектар (2030 жыл) және 154,2 мың гектар (2040 жыл);

2) Атырау облысында – 3,0 мың гектар (2030 жыл) және 3,7 мың гектар (2040 жыл);

3) Батыс Қазақстан облысында – 250,0 мың гектар (2030 жыл) және 278,1 мың гектар (2040 жыл);

4) Маңғыстау облысында 2030 жылға 0,1 гектарды құрайды.

Жалпы, Қазақстан Республикасының Батыс өңірі бойынша 2030 жылға қарай 353,1 мың гектар, 2040 жылға қарай 436,0 мың гектар тыңайған жерді жайылымға ауыстыру ұсынылады.

Болжамды 2050 жылға қарай қазіргі уақытта пайдаланылмайтын суармалы егістік алқабын 132,2 мың гектарға ұлғайту ұсынылады.

Тозу процестерін болдырмау, жасыл екпелерді сақтау және көбейту, сондай-ақ тапталған жайылымдардың беткі қабатына көпжылдық шөптер егу қажет болған түбегейлі жақсартылған жайылымдарда шөп қалыңдығын жаңарту мақсатында бүкіл аумақта бейімделген-ландшафттық тәсілді енгізу шартымен егіндік және табиғи жерлер көлемін өзгеріссіз қалдыру ұсынылады.

Мал шаруашылығын дамыту перспективасына байланысты босалқы жерлер санатынан 24 271,2 мың гектарды ауыл шаруашылығы айналымына енгізу, 2030 жылға қарай қордағы жер санатынан 7 828,0 мың гектарды және 2040 жылға қарай 7 746,0 мың гектарды ауыл шаруашылығы айналымына тарту, ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге ауыстыру немесе жайылымдар ретінде пайдалану қажет.

Болжамды 2050 жылға қарай ауыл шаруашылығы айналымына ауданы 1 370,0 мың гектар пайдаланылмайтын жайылымдарды тарту ұсынылады.

5-параграф. Шаруашылық игерілуі шектелген және табиғи ортасы барынша сақталатын аймақтар

17. Шаруашылық игерілуі шектелген аумақтарды пайдаланудың негізгі қағидаты табиғи немесе мәдени ландшафтқа айтарлықтай зиян келтіре алатын өнеркәсіп немесе ауыл шаруашылығы өндірістерін, табиғи ресурстарды пайдаланудың басқа да түрлерін дамытуға және орналастыруға жол бермейтін режим орнату болып табылады.

18. Ұзақ демалыс, санаторий-курорт қызметінің ареалдарын қамтитын, басым түрде рекреациялық мақсатта пайдаланылатын аумақтар.

Қарғалы өзенінің аңғары бар Орск бағыты маңызды рекреациялық ресурс болып табылады және ашық көгалдандырылған кеңістіктер, демалыс аймақтары, санаторий-курорттық емдеу жүйесін дамытуға арналған.

Орал қаласының табиғи кешені негізінен табиғатты қорғау, рекреациялық, сауықтыру және басқа да функцияларды орындайтын өсімдіктер мен су объектілері басым, оның ішінде оған су кеңістігі мен көгалдандырылған жайылмалы шалғындар, орман алқаптары, яғни қолда бар ерекше табиғи ландшафт едәуір қиылысатын қазіргі заманғы қалалық ортаны қалыптастыру жөніндегі аумақтар жиынтығы болып табылады.

Басқа жоспарлау аудандары – Зачаганск және Деркөл қаланың негізгі бөлігінен Шаған өзенінің жайылмасындағы ландшафттық-рекреациялық аймақпен бөлінген. Шығыс жоспарлау ауданын қайта құру қала құрылымына жергілікті жердің негізгі табиғи-ландшафттық элементі – Жайық өзенін қосуды көздейді. Зачаганскіде Анисимово көлінің жанындағы қалпына келтірілген аумақтарда ботаникалық бақпен рекреациялық кешен базасында жоо орталығын айтарлықтай дамыту көзделуде. Деркөл кентін облыстың базалық медициналық орталығына айналдыру көзделіп отыр, онда наркологиялық оңалту орталығы, қарттар үйі орналастырылады.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің рекреациялық, тарихи-мәдени және сауықтыру мақсатындағы жерлерінің алаңы 1,6 мың гектарды құрайды.

19. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар және оларда орналасқан қоршаған ортаны қорғау объектілері ерекше экологиялық, ғылыми және мәдени құндылыққа ие және Қазақстан Республикасының ұлттық игілігі болып табылады.

Эндемиялық, сирек кездесетін және құрып кету қаупі бар түрлерді, бірегей эталондық учаскелер мен жалпы табиғи экожүйелерді сақтаудың ең тиімді шарасы ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды (бұдан әрі – ЕҚТА) құру және олардың жұмыс істеуі болып табылады.

Қазіргі таңда Қазақстанның Батыс өңірінде ЕҚТА ауданы 6 238,1 мың гектарды құрайды.

Оның ішінде: республикалық маңызы бар ЕҚТА-ға 1 мемлекеттік табиғи қорық, 2 мемлекеттік табиғи резерват, 2 мемлекеттік қорықтық аймақ, 6 мемлекеттік табиғи қорықшалар кіреді. Олардың жалпы ауданы 4 867,7 мың гектарды құрайды, оның ішінде: Ақтөбе облысында – 1 469,5 мың гектар, Атырау облысында – 819,1 мың гектар, Батыс Қазақстан облысында – 817,5 мың гектар және Маңғыстау облысында – 1 761,1 мың гектар.

Қазақстан Республикасы Батыс өңірінің жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарына 15 қорықша, 2 табиғат ескерткіші, жалпы аумағы 1 370,4 мың гектар болатын 1 өңірлік табиғи саябақ кіреді.

Қазақстан Республикасы Батыс өңірінің ЕҚТА болжамды алаңын 2030 жылға қарай 6 885,0 мың гектарға дейін жеткізу жоспарланып отыр.

20. Орман қоры жерлерінің кіші аймағы

Орман қорының жерлері орманмен көмкерілген, сондай-ақ орманмен көмкерілмеген, бірақ ауыл шаруашылығы қажеттіліктері үшін ұсынылған жер учаскелері болып танылады. Орман қорының жерлері мемлекеттік және жеке орман қорларының жерлерінен тұрады.

Мемлекеттік қор жерлеріне табиғи түрде ағаш өскен және қолдан ағаш өсірілген, орман шаруашылығын жүргізетін мемлекеттік ұйымдарға тұрақты жер пайдалануға берілген жерлер жатады.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірі облыстары бөлінісінде орман қоры жерлерінің алаңы Ақтөбе облысында 1 400,2 мың гектарды, Атырау облысында 169,2 мың гектарды, Батыс Қазақстан облысында 563,0 мың гектарды, Маңғыстау облысында 476,6 мың гектарды құрайды. Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің орман қорының жалпы ауданы 2 609,0 мың гектарды құрайды.

Қазақстан Президентінің мемлекеттік орман қоры аумағында 2 миллиард ағаш отырғызуға қатысты 2020 жылғы 1 қыркүйектегі тапсырмасын орындау мақсатында Батыс Қазақстан облысының 2021-2025 жылдарға арналған ормандарды молықтыру мен орман өсірудің кешенді жоспары бекітілді, оған сәйкес мемлекеттік орман қоры аумағында орман дақылдарының алаңын 4 794 гектарға ұлғайту жоспарланған.

6-параграф. Шаруашылық қызметтің ерекше регламенттері бар аймақтар

21. Шаруашылық қызметтің ерекше регламенттері бар аймақтардың құрамына енгізілген жерлер, әдетте, алынып қойылмайды. Аталған аймақтардың шекарасында аймақтарды белгілеудің мақсаттарымен үйлеспейтін қызмет түрлерін шектейтін немесе тыйым салатын оларды пайдаланудың ерекше режимі енгізілуі мүмкін.

22. Тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғаудың кіші аймағы

Ақтөбе облысының аумағындағы маңызды тарихи-мәдени мұра объектілерінің біріне Қобда ауданында Талдысай ауылынан 12 шақырым жерде орналасқан XIV ғасырдың Абат-Байтақ кесенесі жатады. Сондай-ақ өңір аумағында тарихи және ғылыми құндылыққа ие мешіттер, кесенелер, қорымдар және археологиялық ескерткіштер де бар.

Археологиялық объектілердің арасында біздің дәуірімізге дейінгі III-IV ғасырларда жасалған Мұғалжар ауданы Төлеубұлақ үңгірінің петроглифтері, сондай-ақ Ойыл ауданында орналасқан Құмсай қорымының ежелгі қорғандары ерекше маңызды. Аталған объектілер олардың сақталуын қамтамасыз ету және іргелес аумақтарды пайдалану режимін сақтау үшін қорғаудың кіші аймағына енгізілуге жатады.

23. Мұнай және мұнай өнімдерімен ластануы мүмкін аумақтар.

Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің деректері бойынша мұнай мен мұнай өнімдерінің ластануы 1,5 миллион гектардан астам аумақта байқалады. Топырақ пен қоршаған ортаның ластануының үлкен үлесі Атырау облысына – 59%, Ақтөбе облысына – 19%, Батыс Қазақстан облысына – 13%, Маңғыстау облысына 9% тиесілі. Мәселен, Батыс Қазақстандағы мұнайдың ластануының жалпы ауданы 194 мың гектарды құраса, ал төгілген мұнайдың көлемі 5 триллион тоннадан асады.

2030-2040 жылдарға дейінгі кезеңге Ақтөбе облысының жер жамылғысын қорғау, шөлейттенуді және жердің тозуын болдырмау жөніндегі жобалық ұсыныстарға мыналар кіреді:

- 1) алқаптардың барлық түрлерінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің мониторингілеуді жүзеге асыру;
- 2) елді мекендер жерлерінің бірінші кезекте ластануына мониторингілеуді жүзеге асыру;
- 3) топырақ-орман мелиорациялық жағдайын зерделеу және орманды қалпына келтіру және топырақтың биоөнімділігінің жоғалуын болдырмау үшін қажетті шаралар қабылдау;
- 4) тыңайған жерлерді егістік жерлерге, ал игерілуі қиын жерлерді көпжылдық шөптер егілген байырғы жайылымдарға ауыстыруды жүзеге асыру;
- 5) су эрозиясының жергілікті мониторингін жүргізу;
- 6) жел эрозиясына жергілікті мониторинг жүргізу және оны жою жөнінде қажетті шаралар қабылдау;
- 7) топыраққа зерттеу жүргізу және топырақты қорғау жөніндегі шараларды әзірлеу;
- 8) егістік жерлерде агрохимиялық зерттеу жүргізу және тыңайтқыштар енгізу дозаларының негіздемесі;
- 9) жайылым айналымын енгізуді көздей отырып, жайылымдарда топырақтың тозуын және олардың биологиялық өнімділігін жоғалтуын болдырмау шараларын негіздеу үшін геоботаникалық зерттеу жүргізу;
- 10) жұмыс істелген карьерлерге рекультивациялау жобаларын әзірлеу үшін топыраққа зерттеу жүргізу;
- 11) ауыл шаруашылығындағы ылғал үнемдейтін технологиялар;
- 12) суармалы жерлерді кеңейту, оның ішінде тамшылатып суару жүйелерін енгізу;
- 13) топырақты қорғау үшін егіншіліктің бейімделген-ландшафттық жүйесін енгізу және оны экологияландыру.

24. Магистральдық газ және мұнай құбырларының аумақтары

Мұнай және газ өнеркәсібін дамыту үшін көліктің басқа түрлерімен салыстырғанда барынша мамандандырылған болып табылатын құбыр жүргізу көлігі маңызды мәнге ие

Қазақстан Республикасының Батыс өңірі шекарасындағы қолданыстағы магистральдық мұнай құбырларының жалпы ұзындығы – 3 343,5 километрді, магистральдық газ құбырларының жалпы ұзындығы 7 997 километрді құрайды.

"Интергаз Орталық Азия" акционерлік қоғамының ақпаратына сәйкес, пайдаланылатын газ тарату станцияларының жалпы саны 238 бірлікті құрайды, оның ішінде 16 газ өлшеу станциясы бойынша шамадан тыс жүктеме бар.

Құбыр жүргізу көлігінің инфрақұрылымын одан әрі дамыту үшін 2040 жылға қарай мыналар ұсынылады:

1) "Қазақстан – Қытай" магистральдық мұнай құбырының өткізу қабілетін 20 миллион тоннаға дейін ұлғайту және оны елдің құбыр жүйесінің негізгі бөлігіне қосу;

2) көмірсутек шикізатын (мұнай/газ) терең өңдеу өнімдерінің экспортына және қосылған құны жоғары өнім шығаруға көшу.

25. Су қоры жерлерінің кіші аймағы

Су қоры жерлерінің құрамына су айдындары (өзендер және оларға теңестірілген каналдар, көлдер, су қоймалары, тоғандар және басқа да ішкі су айдындары, аумақтық сулар), мұздықтар, батпақтар, ағынды реттеуге арналған су көздерінде орналасқан су шаруашылығы құрылыстары алып жатқан жерлер, сондай-ақ көрсетілген су объектілерінің су қорғау белдеулеріне бөлінген жерлер және ауызсумен жабдықтаудың су алу жүйелерінің санитариялық қорғау аймақтары кіреді.

2023 жылғы ағымдағы өзгерістерді талдау 2022 жылға қатысты су қорының жерлері іс жүзінде бірдей деңгейде қалғанын көрсетеді. Су қоры жерлерінің алаңы Қазақстан Республикасының Батыс өңірі облыстарының бөлінісінде Ақтөбе облысында – 13,1 мың гектарды, Атырау облысында – 20,5 мың гектарды, Батыс Қазақстан облысында – 81,5 мың гектарды, Маңғыстау облысында 11,8 мың гектарды құрайды. Қазақстан Республикасының Батыс өңірі су қоры жерлерінің көлемі 126,9 мың гектарды құрайды.

Әзірленген жобалары жоқ су қорғау аймақтары мен су объектілерінің белдеулері Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 19 – 1/446 бұйрығына сәйкес қабылдануға тиіс:

1) шағын өзендер (ұзындығы 200 километрге дейін) үшін су қорғау аймағы – 500 метр;

2) басқа өзендер үшін:

шаруашылыққа пайдаланудың қарапайым шарттарымен және су жинаудағы қолайлы экологиялық ахуалмен – 500 метр;

шаруашылыққа пайдаланудың күрделі шарттарымен және су жинаудағы қауырт экологиялық ахуалмен – 1 000 метр.

Осылайша, әрбір функционалдық аймақта аумақты пайдаланудың өзіндік ерекше режимі белгіленген, аталған режим жобалық жоспарды әзірлеу кезінде де, жобалық ұсыныстарды іске асыру кезінде де қатаң сақталуы қажет.

Аумақты функционалдық аймақтарға бөлу және анықталған қала құрылысы регламенттері Қазақстан Республикасының Батыс өңірін аумақтық дамытудың жобалық ұсыныстарына негіз болды.

26. Жер қорының серпіні

Қазақстан Республикасы жер теңгерімінің деректері бойынша 2024 жылдың басындағы Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің аумағы 73 624,1 мың гектарды құрайды.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің алаңы 2023 жылдың басымен салыстырғанда шамалы кеміді және 2024 жылдың басына 27 168,6 мың гектарды құрады.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер көлемін ұлғайту 2030 жылға қарай – 35 448,0 мың гектарға, 2040 жылға қарай – 43 630,0 мың гектарға, болжамды 2050 жылға қарай 45 000,0 мың гектарға жетеді.

Сонымен қатар, бекітілген бас жоспарларды, сондай-ақ тұрғын үй құрылысын дамыту қарқынын ескере отырып, елді мекендердің жерлерін 2030 жылға қарай 8 480,1 мың гектарға дейін, 2040 жылға қарай 8 500,0 мың гектарға дейін ұлғайту көзделуде.

Су қорғау аймақтары мен белдеулерінің алаңдарын нақтылауға байланысты су қоры жерлерінің алаңын біршама ұлғайту күтілуде.

Аумақты функционалдық мақсаты бойынша игерудің техникалық-экономикалық көрсеткіштері осы Өңіраралық схемаға 3-қосымшада, аумақты функционалдық және жоспарлы ұйымдастыру схемасы 5-қосымшада ұсынылған.

3-тарау. Қоныстандыру және өндіргіш күштерді, өңірлік және өңіраралық маңызы бар көлік, инженерлік, әлеуметтік пен рекреациялық инфрақұрылымдарды орналастыру жүйесін кешенді дамыту жөніндегі шаралар

1-параграф. Халықты қоныстандыру жүйесін жетілдіру шаралары

27. Батыс өңірі ел аумағының шамамен үштен бірін алып жатыр (27% немесе 736,2 мың шаршы шақырым), алайда ол ел халқының тек 15,6%-н құрайды.

Өңір халық тығыздығының төмендігімен сипатталады. Өңірдің көп бөлігі іс жүзінде қоныстанбаған, негізінен олар құрғақ шөлдер мен жартылай шөлдердің үлкен кеңістігі. 2024 жылдың басында өңір халқының тығыздығы 1 шаршы километрге 4,2 адамды құрады (республика бойынша орташа есеппен 1 шаршы километрге 7,4 адам).

Өңірдегі урбанизация деңгейі орташа республикалық көрсеткіштен төмен (ел бойынша орташа 62,4% кезде 59,0%,).

28. Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің демографиялық жағдайы халық санының жоғары өсуімен сипатталады. 2024 жылдың басында өңірде 3 123,6 мың адам тұрды, оның ішінде қалалық жерлерде 1 843,5 мың адам және ауылдық жерлерде 1 280,0 мың адам тұрады. Соңғы бес жылда өңір халқының саны 8,4%-ға өсті, бұл ретте

ел бойынша орташа өсу 7,5%, ал ел халқының жалпы құрамындағы үлес салмағы 15,5% -дан 15,6%-ға дейін өсті.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің облыстары бөлінісінде халық санының ең жоғары өсуі Маңғыстау (12,6%-ға) және Атырау (9,1%-ға) облыстарына тән. Өңірдің халық санының өсуі бойынша көшбасшы жағдай үлкен отбасыларға дәстүрлі бағыттың басым болуымен туудың жоғары көрсеткіштеріне байланысты. 2023 жылға қарай туудың жиынтық коэффициенті Маңғыстау облысында бала туатын жастағы бір әйелге 4,00 баланы (республика бойынша орташа 2,97) және Атырау облысында бала туатын жастағы бір әйелге 3,55 баланы құрады.

Өңірдің халық санының өсуі халықтың табиғи өсімінің жоғары болуына байланысты, соңғы бес жылда орта есеппен жылына 52,4 мың адам. Алайда, 2019-2023 жылдардағы халықтың табиғи өсу коэффициенті 1 000 тұрғынға шаққанда 18,46 адамнан 1 000 тұрғынға шаққанда 16,18 адамға дейін төмендеді, ал ел бойынша орташа есеппен 1 000 тұрғынға шаққанда 12,95 адам. Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің көрсеткіші орташа республикалық деңгейден жоғары.

Облыстар бөлінісінде ең жоғары көрсеткіш Маңғыстау (1 000 тұрғынға 22,53 адам), ал ең төмен көрсеткіш Батыс Қазақстан (1 000 тұрғынға 9,52 адам) облыстарына тән. Қазақстан Республикасының Батыс өңірі халқының табиғи қозғалысындағы оң өзгерістер халықтың құрылымындағы балалар үлесінің өсуіне және керісінше, еңбекке қабілетті жастағы халық үлесінің төмендеуіне ықпал етті. 15 жасқа дейінгі балалардың үлесі 33,8% (орташа ел бойынша 31,0%), ал еңбекке қабілетті жастан асқан халықтың үлесі 10,1% (орташа ел бойынша 11,8%), еңбекке қабілетті жастағы халықтың үлесі 56,1% (орташа ел бойынша 57,2%) құрады.

29. Қазақстан Республикасының Батыс өңірі ұлттық құрамы бойынша елдің неғұрлым моноұлтты өңірі болып табылады. Халық санының жоғары өсімінің және оның ішінде туудың жоғары болуының негізгі факторларының бірі салыстырмалы түрде жоғары туу көрсеткішімен сипатталатын өңір халқының этникалық құрылымында қазақтардың басым болуы болып табылады (барлық халықтың құрамында қазақтар елде орташа 71,0% болған кезде 87,2%-ды құрайды).

Көші-қон сальдосының теріс мәні бар, ал талданған кезеңдегі жалпы теріс көші-қон сальдосы 18,7 мың адамды құрады. Облыстар бөлінісінде оң көші-қон сальдосы тек Маңғыстау облысында байқалады.

30. Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің аумағында экономикалық өсу орталықтары:

- 1) орталығы Ақтөбе қаласында орналасқан Ақтөбе агломерациясы;
- 2) облыс орталықтары – Орал, Атырау, Ақтау;
- 3) моноқалалар – Құлсары, Ақсай, Жаңаөзен, Хромтау;
- 4) шағын қалалар – Қандыағаш, Шалқар, Алға, Ембі, Темір, Жем, Форт-Шевченко.

Жергілікті қоныстандыру жүйелері Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің моно және шағын қалаларының айналасында қалыптасады.

31. Қазақстан Республикасының Батыс өңірі халқын қоныстандыру жүйесінің перспективалы міндеті:

1) халық үшін экономикалық жағдай жасау арқылы ішкі көші-қон саясатын реттеу, көші-қон ағындарының едәуір бөлігін елдің жұмыс күші жетіспейтін солтүстік және шығыс өңірлеріне қайта бағыттау;

2) агломерациялау үрдісін дамыту;

3) қоныстандырудың тірек қаңқасының өңірлік орталықтарын (облыс орталықтары) және қоныстандырудың жергілікті жүйелерін (моно және шағын қалалар, өңірдің аудан орталықтары), сондай-ақ өңір ішінде көші-қон ағындарын тарту нүктелері ретінде тірек ауылдық елді мекендерді дамыту арқылы халықты қоныстандырудың өзара байланысты қаңқасын қалыптастыру болып табылады.

32. Перспективалы демографиялық жағдай халық санының өсуімен сипатталады. Халықтың болжамды санына сәйкес, 2030 жылға қарай Қазақстан Республикасының Батыс өңіріндегі халық саны 7,8%-ға, ал 2040 жылға қарай 20,3%-ға артып, 3 758,6 мың адамды құрайды. Сонымен қатар, 2050 жылдың соңына қарай тұтастай алғанда, өңір бойынша халық санының өсімі 36,2% болады және 4 254,6 мың адамды құрайды деп күтілуде.

2050 жылдың басындағы урбанизация деңгейі өңір бойынша 62,8%-ды құрайды. 2050 жылға қарай қала халқы 44,5%-ға артып, 2 671,2 мың адамды, ал ауыл халқы 23,8%-ға артып, 1 583,5 мың адамды құрайды.

Халықтың жас тобы еңбекке қабілетті жастан асқан жас тобындағы халықтың үлесінің артуына қарай өзгереді. 2050 жылға қарай еңбекке қабілетті жастан кіші халықтың үлесі 33,8%-дан (2023 жылы) 30,5%-ға (0-15 жас) дейін төмендейді, еңбекке қабілетті жастағы халықтың үлесі 56,1%-дан 56,0%-ға дейін төмендейді, еңбекке қабілетті жастан асқан халықтың үлесі 10,1%-дан 13,5%-ға дейін артады.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің әкімшілік-аумақтық бірліктері бөлінісінде болжамды кезеңде барлық облыстарда халық санының өсуі күтіледі. Болжамды кезеңге қатысты халық санының ең көп өсуі Маңғыстау (1,6 есе), Атырау (1,5 есе) облыстарында, ал ең аз көрсеткіш Батыс Қазақстан облысында (13,0%-ға) күтіледі.

33. Каспий қоныстандыру кіші аймағы шегінде қоныстандыру жүйелерін дамытудың негізгі проблемалары шөлдер мен жартылай шөлдер аймағында орналасқан аймақ аумағының едәуір бөлігінде халықтың тұруының қысылтаяң жағдайлары және осыған байланысты су ресурстарының шектен тыс тапшылығы және ауыл шаруашылығын дамыту үшін қолайсыз жағдайлар болып табылады.

Өңір халқын қоныстандыру жүйесінің негізгі міндеті тартылыс орталықтарында халық санын ұлғайту үшін көші-қон процестерін басқару болып табылады.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінде экономикалық өсу нүктелерін – орталығы Ақтөбе қаласында орналасқан агломерацияны қалыптастыру, сондай-ақ моно және шағын қалаларды мемлекеттік қолдау халықтың теріс сыртқы көші-қон сальдосын төмендетуге және өңірішілік көші-қон ағынын реттеуге, урбанизация деңгейінің өсуіне және жалпы халықтың әл-ауқатын арттыруға ықпал ететін болады.

Ақтөбе агломерациясын Батыс өңірінің жұмыс күші артық облыстарынан (мысалы, Атырау және Маңғыстау облыстары) еңбек ресурстарын тарту орталығы ретінде дамыту ресурстар мен капитал шоғырланатын урбанизациялаудың табиғи процесіне мүмкіндік береді. Өндірістік және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру халықтың елдің басқа өңірлеріне, сондай-ақ елден тыс көшіп кетуін төмендетеді.

34. Қазақстан Республикасының Батыс өңіріндегі халық санының жоғары өсімі, бірінші кезекте, халықтың табиғи өсімінің жоғары көрсеткіштерімен қамтамасыз етілетін болады. Сондықтан бүгінгі таңда біздің еліміздің өзекті міндеті отбасы құндылығы мен рөлін арттыру, сондай-ақ орта және көп балалы отбасыларды сақтауға моральдық және материалдық қолдау болып табылады.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің өзекті перспективалық бағыттарының бірі облыстардың шекаралас аудандарының демографиялық әлеуетін нығайту болып табылады. Шекаралас аудандардың демографиялық жағдайы халықтың көші-қон ағынымен сипатталады.

Халықтың ағынын азайту және ауылдық аумақтардың демографиялық жағдайын жақсарту үшін ауыл шаруашылығы саласын жаңғырту және ұсақ тауардан орта және ірі тауарлы өндіріске көшу ұсынылады. Бұл ауылдық жерлерде бәсекеге қабілетті өндіріс пен қосымша жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қолдау шаралары тіршілікті қамтамасыз ету инфрақұрылымын дамытуға, ең алдымен, халықтың табысының қажетті деңгейін қамтамасыз ететін жеткілікті экономикалық әлеуеті бар перспективалы ауылдық елді мекендерге бағытталуы тиіс.

35. Басты міндеттердің бірі еңбек ресурстарының ұтқырлығын арттыру болып табылады. Еңбек тапшылығы бар өңірлерді жұмыс күшімен қамтамасыз ету, өңірлік диспропорциялар мен демографиялық теңгерімсіздіктерді жою мақсатында ерікті түрде қоныс аударуға жәрдемдесу есебінен еңбек ресурстарының аумақтық ұтқырлығы ынталандырылады.

Ерікті қоныс аудару мынадай бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

1) өңіраралық қоныс аудару – жұмысқа орналастыруға және/немесе кәсіпкерлік бастамаға жәрдемдесу жөніндегі міндетті шартпен жұмыс күші артық облыстардан жұмыс күші тапшы облыстарға;

2) облыс ішіндегі қоныс аудару – мемлекеттік тұрғын үй қорынан және/немесе жұмыс берушілер есебінен тұрғын үймен қамтамасыз ету және тұрақты жұмыс орнына жұмысқа орналастыру мүмкіндігі болған кезде экономикалық даму әлеуеті төмен елді

мекендерден облыстық (аудандық) маңызы бар қалаларға, экономикалық өсу нүктелеріне.

36. Мемлекет тарапынан халықты экономикалық негізделген, оңтайлы қоныстандыру, ел дамуының өңірлік және демографиялық теңгерімділігін қамтамасыз ету мақсатында ішкі көші-қонды басқарудың тиімді жүйесін құру жөнінде шаралар қабылдануда. Ішкі көші-қон қозғалыстарының маңызды бағыттарының бірі мемлекеттің қолдауымен жұмыс күші мол өңірлерден азаматтарды еңбек ресурстарына қажеттілігі жоғары өңірлерге ерікті түрде көшіру, сондай-ақ экономикалық әлеуеті төмен ауылдардан облыстық (аудандық) маңызы бар қалаларға қоныс аударуды ұйымдастыру болып қала береді.

37. "Қазақстан Республикасы көші-қон саясатының 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 желтоқсандағы № 961 қаулысына сәйкес, көші-қон саясатын іске асыру Қазақстан өңірлері арасындағы демографиялық теңгерімсіздікті жою тетіктерінің тиімділігін арттыруды көздейді, оның ішінде экономикалық ұтқырлық сертификатын енгізуді көздейді – қоныстандыру өңірлеріне қоныс аударушылар үшін тұрғын үй құнының 50% мөлшерінде қаржылық төлем, қоныс аударуды ынталандыру жөніндегі жол картасы, қоныстандыру өңірлерінде бейімделу және интеграция орталықтарын құру, білім беру гранттарын беру, 20 өңірлік еңбек ұтқырлығы орталықтарын ашу.

Ауылдық қоныстандыру жүйесін жетілдіру ауыл аумақтарының өндірістік, әлеуметтік және экологиялық функцияларын кеңейтудің алғышарттарын жасауды, ауыл халқының өмір сүру жағдайларын жақсартуды білдіреді. Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауында атап өтілгендей, өңірлік саясатты жетілдіру мәселесі бойынша "адамдар инфрақұрылымға" қағидатының сақталуы айрықша маңызды. Перспективалы ауылдарды дамытуға баса назар аударылады.

38. "Елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесін бекіту туралы" нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №18592 болып тіркелген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 20 сәуірдегі № 29, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 23 сәуірдегі № 164, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 25 сәуірдегі № ҚР ДСМ-50, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2019 жылғы 23 сәуірдегі № 243, Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2019 жылғы 22 сәуірдегі № 113 және Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, қорғаныс және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 25 сәуірдегі № 56/НҚ бірлескен бұйрығына сәйкес, ауылдық елді мекендер үшін мемлекеттік және әлеуметтік көрсетілетін қызметтерге

қолжетімділік, елді мекендердің көлік, мәдени-демалыс, спорттық, іскерлік, өндірістік, цифрлық инфрақұрылыммен қамтамасыз етілу көрсеткіштері айқындалды, оның ішінде :

1) ауылдық округтердің орталықтары үшін келесі көрсеткіштер бойынша: жақын маңдағы ауылдарда тұратын балаларды тасымалдайтын жалпы білім беру мектебі, мектепке дейінгі ұйым, амбулаториялық-емханалық және жедел медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары, мәдени-демалыс кешені, спорт алаңдары, аудан орталығына дейін қатты жабыны бар жол, электрмен жабдықтау, орталықтандырылған сумен жабдықтау, газбен жабдықтау, байланыс қызметтерінің қолжетімділігі, өндірістік инфрақұрылым объектілері, пошта бөлімшесі, дәріханалар, дүкендер, "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамының мамандарына жүгіну, әкімдік ғимаратындағы өзіне-өзі қызмет көрсету аймағы, автостанция немесе жолаушыларға қызмет көрсету пункті;

2) қалған ауылдық елді мекендер үшін келесі көрсеткіштер бойынша: бастауыш мектеп немесе негізгі орта мектеп және (немесе) білім алушыларды жақын мектепке дейін және кері қарай тегін тасымалдау, мектепке дейінгі ұйым, амбулаториялық-емханалық медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау ұйымдары және (немесе) олардың құрылымдық бөлімшелері, дәріханалар, электрмен жабдықтау, орталықтандырылған сумен жабдықтау, байланыс қызметтерінің қолжетімділігі, ауылдық округтің орталығына дейін қатты жабыны бар жол, автостанция немесе жолаушыларға қызмет көрсету пункті.

Қойылған міндеттерді іске асыру ауыл және қала тұрғындарының өмір сүру сапасын арттыруға және алшақтықты қысқартуға, демек, ауыл шаруашылығы өндірісіне жас, жоғары білікті кадрларды тартуға, халықтың көші-қон ағынын азайтуға мүмкіндік береді.

Осылайша, Қазақстан Республикасының Батыс өңірінде халықтың көші-қонын реттеу перспективада еңбек нарығындағы, әсіресе, жастар арасындағы шиеленісті төмендетуге, халықтың өмір сүруі үшін табиғи-климаттық жағдай қолайсыз аудандардан өмір сүру жағдайы аса қолайлы аудандарға халықты қоныстандырудың оңтайлы схемасын айқындауға, елдің шекара маңы аудандарын нығайтуға және шекараның қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік береді.

2-параграф. Өндіргіш күштерді кешенді орналастыру шаралары

39. Өңірді одан әрі дамытудың негізгі алғышарттары Ресей Федерациясының шектес облыстарымен белсенді сауда-экономикалық байланыстары, көмірсутек шикізатының ірі кен орнының бар болуы, оның аумағында еліміздің жалғыз теңіз қақпасы – Ақтау теңіз портының, Құрық, Форт-Шевченко, Баутино порттарының

жұмыс істеуі және Қазақстанның негізгі көлік-транзит орталығының бірі, Еуропа мен Азия, Батыс Қазақстан мен еліміздің басқа өңірлері арасындағы "қақпасы" – Ақтөбе қаласы болып табылады.

Өңір аумағында өндіргіш күштерді орналастыруды перспективалы дамыту Six Sigma, Kaizen, Kanban және 5S үнемді өндіріс элементтерін енгізе отырып, белсенді индустрияландыруға баса назар аудара отырып жүзеге асыру ұсынылады.

Жалпы өңірлік өнімнің (ЖӨӨ) деңгейін арттыру және өңірдің негізгі бәсекелестік артықшылықтарын іске асыру мақсатында өңіраралық байланыстарды ұйымдастырудың және аралас өндірістерді кооперациялаудың тиімді нысаны болып табылатын бірқатар аумақтық-салалық кластерлерді қалыптастыру қажет.

Барлық өңір үшін негізгі азық-түлік базасы Ақтөбе мен Батыс Қазақстан облыстары болады деп болжанады.

Өңірді үйлесімді дамыту үшін өңдеуші өнеркәсіп пен экономиканың жоғары өнімді сервис секторындағы инвестициялық және еңбек ресурстарының бағыттылығын қамтамасыз ете отырып, оның экономикасын әртараптандыру саясатын жүргізу, сондай-ақ бірыңғай ішкі экономикалық нарықты қалыптастыру қажет, бұл тұтастай алғанда өңір мен ұлттық экономиканың біршама тұрақты өсімін қамтамасыз етеді.

Ұзақ мерзімді перспективада Қазақстан Республикасының Батыс өңірі шеңберінде облыстарды бірлесіп дамыту экономиканың өсуіне, оның ішінде: ЖӨӨ-нің 5,3 есе, ауыл шаруашылығының жалпы өнімінің 5,7 есе, өнеркәсіптік өндіріс көлемінің 3,9 есе өсуіне ықпал етеді деп болжанады (осы Өңіраралық схемаға 3, 6, 7-қосымшалар).

40. Экономика салаларын перспективалы дамыту

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің бәсекеге қабілетті экономикалық мамандануын дамыту мұнай-химия және химия өнеркәсібінде, құрылыс материалдарын өндіруде, машина жасауда, тау-кен металлургия кешенінде, агроөнеркәсіптік кешенде өндірісті дамытуды қарқындату негізінде болжанады.

41. Мұнай өнеркәсібі, оның ішінде мұнай өңдеу, мұнай-газ химиясы

Сала Қазақстан Республикасының Батыс өңірі экономикасының басым салаларының бірі болып қала береді. Мұнай-газ химия өнеркәсібі елдің өңдеу саласын дамытудың перспективалы бағыты болып табылады, аралас салаларда (құрылыс, автомобиль өнеркәсібі, медицина, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және басқалар) өнеркәсіптік өндірісті дамытуды ынталандырады.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірі үшін мұнай және газ өндіру және қайта өңдеу, мұнай-газ химиясы, олармен байланысты машина жасау және мұнай-газ өнеркәсібі үшін сервистік қызметтер жөніндегі ұлттық кластерді толыққанды дамыту маңызды, ол Атырау, Маңғыстау және Батыс Қазақстан облыстарының аумағында іске асырылатын болады.

Саланы дамыту жөніндегі жобалық ұсыныстар:

Ақтөбе облысы

2030 жылға дейін:

- 1) Ақтөбе қаласында мұнай-химия реагенттерін шығаратын зауыт салу;
- 2) Мұғалжар ауданының Жем қаласында мұнай-химия кешенін салу;
- 3) дизель отынының, мазуттың жаңа өндірістерін құру;
- 4) газды сұйық отынға қайта өңдеу;

2040 жылға дейін:

- 1) мұнай-химия саласы үшін кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін дамыту;
- 2) шағын және орта бизнес кәсіпорындарының мұнай-химия өндірістерімен интеграциясын ынталандыру;

2050 жылға дейін:

- 1) халықаралық стандарттарға сәйкес мұнай-химия өндірістері үшін мамандарды оқыту және қайта даярлау;
- 2) жаңа өндірістер құру, сала өнімдерінің номенклатурасын кеңейту.

Атырау облысы

2030 жылға дейін:

- 1) "Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі" арнайы экономикалық аймағының аумағында полипропилен, полиэтилен, газ бөлу қондырғысын өндіретін интеграцияланған газ-химия кешенін салу,
- 2) "Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі" арнайы экономикалық аймағының аумағында бутадиенді каучуктар өндіретін зауыт салу;
- 3) Атырау қаласында терефтал қышқылы мен оның тұздарын өндіретін зауыт салу;
- 4) Атырау қаласында полиэтилен өндіру жобасы;
- 5) Мақат ауданында Қашаған кен орнының шикізат базасында газ өңдеу зауытын салу;
- 6) Атырау қаласында жеңіл көмірсутектерді терең өңдеу кешенін салу;
- 7) "Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі" арнайы экономикалық аймағының инфрақұрылымын дамыту;
- 8) Атырау қаласында мұнай мен газды, мұнай химиясын өндіру және қайта өңдеу жөніндегі қосалқы кластерді іске асыру;

2040 жылға дейін:

- 1) мұнай-химия өнімдерін қосылған құны жоғары өнімге одан әрі өңдеу жөніндегі кәсіпорындарды құру үшін "Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі" арнайы экономикалық аймағына инвесторларды тарту жөніндегі жұмыстарды жүргізу;
- 2) облыстың мұнай-химия саласын әлемдік өндіріс және өткізу жүйесіне интеграциялау;

3) көмірсутек шикізатын тазарту, терең өңдеу жөніндегі мұнай-химия өндірістері мен технологияларын құру және жетілдіру жөніндегі ғылыми-зерттеу ұйымдарының жүйесін құру;

4) мұнай-химия саласы үшін кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін дамыту;

5) шағын және орта бизнес кәсіпорындарының мұнай-химия өндірістерімен интеграциясын ынталандыру;

6) экспортқа бағдарланған жоғары технологиялық өндірістердің пайда болуын ынталандыру;

2050 жылға дейін:

1) халықаралық стандарттарға сәйкес мұнай-химия өндірістері үшін мамандарды даярлау және қайта даярлау;

2) жаңа өндірістер құру, сала өнімдерінің номенклатурасын кеңейту.

Батыс Қазақстан облысы

2030 жылға дейін:

1) Бәйтерек ауданында сұйық метанол өндіретін газ-химия кешенін салу;

2) Теректі ауданында мұнайды терең өңдеу зауытын салу;

3) табиғи газдан базалық майлардың компоненттерін өндіру жобасы;

4) мұнай-газ машина жасау кластерін дамыту;

2040 жылға дейін:

1) жаңа өндірістер құру есебінен өңірдің экспорттық номенклатурасын кеңейту;

2050 жылға дейін:

1) жаңа жоғары технологиялық өндірістер құруға инвестициялар тарту;

2) сыртқы және ішкі нарықтарда сала өнімдерінің экспортын ілгерілету.

Маңғыстау облысы

2030 жылға дейін:

1) Ақтау қаласындағы көмірсутек шикізатын қайта өңдеу кешенін жаңғырту;

2) Жаңаөзен қаласында жаңа газ өңдеу зауытын салу;

3) "Ақтау теңіз порты" арнайы экономикалық аймағында мұнай сервисі қызметтерінің қосалқы кластерін іске асыру;

4) Ақтау қаласында сұйытылған мұнай газы мен газ конденсатын өндіру жөніндегі жаңа ашылатын объектілер үшін жергілікті жер қойнауын пайдаланушылар өндіретін жеңіл көмірсутектердің кең фракциясын шикізатпен қамтамасыз ету мүмкіндігін қарау;

5) өңірде инвестициялық жобаларды іске асыруға жәрдемдесу және шикізатты қайта өңдеуге арналған отандық жабдықтар өндірісін жолға қоя отырып, мұнай химиясын, газ өңдеуді дамытуға баса назар аударылған Жаңаөзен қаласының технопаркi аумағында өндірістерді окшаулау жолымен шаралар қабылдау;

6) кадрларды даярлау жүйесін дамыту;

2040 жылға дейін:

- 1) жаңа өндірістер құру есебінен өңірдің экспорттық номенклатурасын кеңейту;
- 2) дағдыларды дамыту және білікті кадрларды даярлау;
- 3) жаңа өндірістер құру үшін инвестициялар тарту;

2050 жылға дейін:

- 1) жаңа жоғары технологиялық өндірістер құруға инвестициялар тарту;
- 2) өндіріс көлемін ұлғайту және ішкі және сыртқы нарықтарда сұранысқа ие өңделген тауарлар номенклатурасын кеңейту;
- 3) сыртқы және ішкі нарықтарда сала өнімдерінің экспортын ілгерілету.

42. Тау-кен металлургия кешені

Саланы дамыту өнімдері сыртқы нарықтарға және ішкі нарықтың сұранысын қанағаттандыруға бағытталатын қазіргі заманғы технологияларды қолдана отырып, жаңа қайта өңдеу өндірістерін кезең-кезеңімен құруға бағытталған.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің тау-кен-металлургия кешенін дамыту перспективалары өңірдің қолда бар минералдық-шикізат базасын игеруге байланысты.

Саланы дамыту жөніндегі жобалық ұсыныстар:

Ақтөбе облысы

2030 жылға дейін:

- 1) Мұғалжар ауданындағы Юбилейное алтын кені кен орнында тау-кен металлургия комбинатын іске қосу;
- 2) Ақтөбе қаласында болат дайындамаларының болат балкыту зауытын іске қосу ;
- 3) Мәртөк ауданында титан-цирконий кендерін өндіру және қайта өңдеу жөніндегі тау-кен байыту кешенін салу;
- 4) никель-кобальт кендерін өндіру және аккумулятор зауытын салу;
- 5) Кемпірсай алаңында никель кенін өңдеу және байыту және никель-кобальт сульфатын өндіру зауытын салу;
- 6) Хромтау ауданында Лиманное мыс кен орнын игеру;
- 7) бағалы металдарды (алтын және басқа металдар) қайта өңдеу және байыту;
- 8) Хромтау ауданындағы Дон тау-кен байыту комбинатында брикеттеу фабрикасын салу;
- 9) Ақтөбе қаласында жоғары көміртекті және төмен көміртекті феррохром шлактарын қайта өңдеу кешендерін салу;
- 10) Байғанин ауданында цемент шикізатын өндіруді ұйымдастыру және цемент өндіру зауытын салу;
- 11) кенді емес пайдалы қазбалар кен орындарын өнеркәсіптік айналымға тарту үшін инвестициялар тарту;
- 12) салалық құжаттар, Индустрияландырудың бірыңғай картасы шеңберінде инвестициялық жобаларды қолдау және сүйемелдеу;

13) сала кәсіпорындарында цифрлық технологияларды енгізу;

2040 жылға дейін:

1) Ақтөбе қаласында металлургиялық кластер құру;

2) Байғанин ауданында шыны өнеркәсібі үшін кварц құмын өндіруді ұйымдастыру;

3) Мәртөк ауданында "Оңтүстік Мәртөк" мұнай кен орнын игеруге инвестициялар тарту;

4) салада өнімділікті арттыру үшін қазіргі заманғы технологияларды енгізу;

5) жаңа технологиялық және жүйе құраушы өндірістерді дамыту үшін жағдайлар жасау;

6) саладағы инвестициялық ахуалды жақсарту;

7) кадрларды даярлау және қайта даярлау;

2050 жылға дейін:

1) жоғары тиімді шетелдік технологияларды тарта отырып, салада инновациялық жобаларды іске асыруды қолдау;

2) өндірістің экономикалық тиімділігін арттыру, еңбек өнімділігін арттыру, цифрландыруды қамтамасыз ету, ресурс үнемдеуді дамыту;

3) геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу есебінен минералдық-шикізат базасын кеңейту;

4) минералдық шикізатты қайта өңдеу жөніндегі шағын және орта кәсіпорындар желісін құруды ынталандыру;

5) пайдаланылған кен орындарының қалдықтарынан шикізат алуға мүмкіндік беретін жаңа технологияларды игеру және трансферттеу.

Атырау облысы

2030 жылға дейін:

1) "Теңізшевройл" кәсіпорнын болашақта кеңейту жобасын іске асыру;

2) Қашаған кен орнын тәжірибелік-өнеркәсіптік игеру;

3) мұнай-газ сервистік кәсіпорындардың технологиялық базасын дамыту;

4) әлемдік нарықтарға мұнай жеткізудің жаңа бағыттарын әзірлеу;

5) мұнай-газ саласында сервистік қызметтерді дамыту (мұнай кәсіпшілігі жабдықтарын орнату және жөндеу, монтаждау және бөлшектеу жөніндегі қызметтер, геологиялық барлау жұмыстары, инжинирингтік және консалтингтік қызметтер жүргізу және т.б.);

2040 жылға дейін:

1) қажетті көлемде геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу;

2) өнеркәсіптік игеру үшін пайдалы қазбалардың қорлары мен ресурстарын дайындау;

3) облыстың кен орындарын игеру бойынша инвестициялық белсенділікті ынталандыру;

- 4) мұнай беруді арттыру технологияларын қолдану;
- 5) сервистік компаниялардың қызметін қолдау және ынталандыру;
- 6) мұнай мен газды өндіру және тасымалдау процестерін жетілдіру;
- 7) мұнай және газ өндіру процестерін қолдау үшін сервистік жобаларды құру және дамыту;

2050 жылға дейін:

- 1) көмірсутек шикізаты бағыты бойынша облыстың минералдық-шикізат базасын одан әрі дамыту;
- 2) геологиялық қорларды неғұрлым толық алудың қайталама және үшінші әдістерін пайдалану арқылы игерілетін кен орындарында мұнай өндіруді арттыру, инновациялық технологияларды қолдану.

Батыс Қазақстан облысы

2030 жылға дейін:

- 1) Ақжайық ауданында "Сатимола" кен орны базасында калий тұздарын өндіру жөніндегі байыту-өндірістік кешенінің құрылысы;
- 2) Бөрлі ауданында Қарашығанақ кен орнын кеңейту жобасын іске асыру;
- 3) Бәйтерек ауданында "Рожков кен орнын тәжірибелік-өнеркәсіптік пайдалану" жобасын іске асыру;
- 4) мұнай-газ сервистік кәсіпорындардың технологиялық базасын дамыту;
- 5) қажетті көлемде геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу;
- 6) Бәйтерек ауданында қазіргі заманғы құйма өндірісін салу;
- 7) металлургия өнеркәсібінде жобаларды енгізу есебінен еңбек өнімділігін арттыру;
- 8) саладағы инвестициялық жобаларды іске асыру, кәсіпорындарды экспорттаушыларды қолдау жөніндегі бағдарламаларға қатысуға тарту, шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту үшін мемлекеттік қолдау шараларын көрсету;
- 9) Индустрияландырудың бірыңғай картасы шеңберінде инвестициялық жобаларды іске асыруда қолдау көрсету;

2040 жылға дейін:

- 1) облыстың кен орындарын игеру бойынша инвестициялық белсенділікті ынталандыру;
- 2) сервистік компаниялардың қызметін қолдау және ынталандыру;
- 3) мұнай мен газды өндіру және тасымалдау процестерін жетілдіру;
- 4) мұнай және газ өндіру процестерін қолдау үшін сервистік жобаларды құру және дамыту;
- 5) шикізатты терең өңдеудің заманауи технологияларын әзірлеу және енгізу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының кешенін орындау;
- 6) саланы цифрландыру және автоматтандыру;

2050 жылға дейін:

1) көмірсутек шикізаты бағыты бойынша облыстың минералдық-шикізат базасын одан әрі дамыту;

2) геологиялық қорларды неғұрлым толық алудың қайталама және үшінші әдістерін пайдалану арқылы игерілетін кен орындарында газ және мұнай өндіруді арттыру, инновациялық технологияларды қолдану;

3) аралас салаларды дамыту;

4) металдардан өнім шығару бойынша өндірістерді дамыту.

Маңғыстау облысы

2030 жылға дейін:

1) "Жетібай" және "Қаламқас" кен орындарына іргелес кен орындарында қосымша геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу;

2) Қарақия ауданындағы "Беке" киров кен орнын игеру;

3) Түпқараған және Қарақия аудандарында ас тұзын өндіру;

4) жаңа кен орындарын игеру бойынша геологиялық барлау қызметіне жәрдемдесу;

5) Маңғыстау ауданында "Жездібассай" кен орнында катодты мыс өндіретін зауыт салу;

6) құбыр өнімдерін шығаратын зауыт салу;

7) корпусық құбырлар, металл прокат, құбырларға арналған фитингтер, болттар, бұрандалар, дюбельдер өндірісін ұйымдастыру үшін инвесторларды тарту;

2040 жылға дейін:

1) пайдаланылатын қорларды ұлғайту мақсатында кен орындарында кешенді геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу;

2) саланың қажеттіліктеріне сәйкес білікті кадрлар даярлау үшін техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің желісін дамыту;

3) көмірсутек шикізатын алудың жаңа технологияларын енгізу;

4) саланың кадрлық әлеуетін дамыту;

5) шағын кәсіпорындар құруға жәрдемдесу;

2050 жылға дейін:

1) жергілікті шикізат базасында жаңа жоғары технологиялық өндірістер құру;

2) өнімнің жоғары технологиялық түрлерінің номенклатурасын кеңейту және өндіріс көлемін ұлғайту;

3) шағын инновациялық кәсіпорындар құруды ынталандыру;

4) сала өнімдерінің экспортына жәрдемдесу;

5) ірі халықаралық өндірушілерді тарту.

43. Химия өнеркәсібі

Перспективалы салалардың бірі химия өнеркәсібі болады.

Перспективада саладағы басты міндет жаңа жоғары технологиялық өндірістерді құру болады.

Саланы дамыту жөніндегі жобалық ұсыныстар:

Ақтөбе облысы

2030 жылға дейін:

- 1) Ақтөбе қаласында диализаторлар (токсиндерді кетіретін және қанды пайдалы заттармен байытатын стерильді сүзгі) өндіру жөніндегі жобаны іске асыру;
- 2) Ақтөбе қаласындағы "Ақтөбе хром қосылыстары зауыты" АҚ-да технологиялық процестерді және оларды қолданыстағы цехтарда аппаратуралық ресімдеуді, басқару, автоматтандыру, механикаландыру жүйелерін, өндіріс қалдықтарын пайдалануды жетілдіру;
- 3) Ақтөбе қаласында химиялық реагенттер (антифриз және мотор майы) өндіру жөніндегі жобаны іске асыру;
- 4) органикалық гуминді топырақ жақсартқыш өндіру;
- 5) Ақтөбе қаласында терең өңделген тауарлық өнімнің жаңа түрлерін өндіру (экологиялық таза отын және битум);
- 6) саланың кадрлық әлеуетін дамыту;

2040 жылға дейін:

- 1) өнім өндірісінде озық технологияларды енгізу;
- 2) аса таза химиялық заттарды, металдарды, қорытпалар мен композициялық материалдарды шығару мақсатында жаңа технологиялар мен модульдерді әзірлеу және енгізу;
- 3) ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-құрылымдаушылық жұмыстарды (ҒЗТҚЖ) қолдау және ғылыми зерттеулердің нәтижелерін енгізу;
- 4) кадрларды оқыту және қайта оқыту;

2050 жылға дейін:

- 1) өндірілетін өнімнің экспорттық бағытын ұлғайту;
- 2) жоғары тиімді технологияларды енгізу арқасында өндірілетін мұнай ілеспе газын толық өңдеу және кәдеге жарату;
- 3) жаңа жоғары технологиялық өндірістер құруға инвестициялар тарту;
- 4) сыртқы және ішкі нарықтарда сала өнімдерінің экспортын ілгерілету.

Атырау облысы

2030 жылға дейін:

- 1) Атырау қаласында геосинтетикалық маталар өндірісі;
- 2) Атырау қаласында аммиак және карбамид өндіретін зауыт салу;
- 3) Атырау қаласында экструзиялық геосинтетика өндіру цехы;
- 4) Атырау қаласында каустикалық сода, тұз қышқылы, алюминий оксихлориді және темір хлориді өндіретін зауыт салу;
- 5) жұмыс істеп тұрған кәсіпорындардың жабдықтарын жаңғырту;
- 6) сала үшін білікті кадрлар даярлау;

2040 жылға дейін:

- 1) технологиялық процестерді және өнім сапасын жақсарту;
- 2) саланы цифрландыру;
- 3) жаңа өнімдерді құруды қолдау;
- 4) қосылған құны жоғары химиялық өнім өндіру жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру;

5) кадрларды даярлау және қайта даярлау жүйесін одан әрі дамыту;

2050 жылға дейін:

- 1) салаға ірі химиялық компанияларды тарту;
- 2) салаға инвестициялар тарту;
- 3) түпкілікті өнім өндірісін дамыту;
- 4) ҒЗТКЖ-ны ынталандыру;
- 5) саланы кадрлық қамтамасыз ету.

Батыс Қазақстан облысы

2030 жылға дейін:

1) Сатимола (Ақжайық ауданы) және Шалқар (Теректі ауданы) кен орындарына калий тыңайтқыштары зауытын салу;

2) кадрлардың кәсіби деңгейін арттыру;

3) Индустрияландырудың бірыңғай картасы шеңберінде саладағы өндірістерді жаңғыртуды мемлекеттік қолдау;

4) салалық көрмелер, форумдар мен семинарлар шеңберінде саланың озық технологияларын ілгерілету;

2040 жылға дейін:

1) шығарылатын өнім ассортиментін кеңейту;

2) газды қайта өңдеу жолымен азотты тыңайтқыштар шығаруды игеру;

3) халықаралық стандарттарға бағдарланған кадрлар даярлау жүйесін дамыту;

2050 жылға дейін:

1) қосылған құны жоғары химиялық өнім өндіру бойынша жаңа қазіргі заманғы кәсіпорындар құру;

2) экспортқа бағдарланған химиялық өнім үлесін ұлғайту;

3) облыс аумағында инновациялық жобалар мен өндірістерді дамыту.

Маңғыстау облысы

2030 жылға дейін:

1) "Ақтау теңіз порты" АЭА арнайы экономикалық аймақ аумағында сұйық дәрілік нысандар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды шығару жөніндегі фармацевтикалық кешен салу;

2) "Ақтау теңіз порты" АЭА аумағында каустикалық сода және құрамында хлор бар өнім өндіретін зауыт салу;

3) "Ақтау теңіз порты" АЭА аумағында калий сульфатын, тұз қышқылын және кальций хлоридін өндіретін зауыт салу;

4) Ақтау қаласында негізгі өзге де бейорганикалық химиялық заттарды өндіру жөніндегі цех салу;

5) Ақтау қаласында биопротеин өндіру;

6) Ақтау қаласында сутегі асқын тотығын өндіру;

7) Ақтау қаласында аммиак-карбамид кешенін салу;

2040 жылға дейін:

1) қазіргі заманғы технологияларды пайдалана отырып, кәсіпорындардағы өндірістік процестерді жаңғырту;

2) жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарда шығарылатын өнімнің сапасын арттыру және ассортиментін кеңейту;

3) жаңа дағдылар мен біліктіліктерді дамыту;

2050 жылға дейін:

1) өнімнің басым түрлері бойынша өндірістер құру үшін салаға жаңа инвесторлар тарту;

2) химия өнеркәсібіндегі шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау.

44. Машина жасау

Өңір машина жасаудың дамыған орталығы болып табылады. Саланы дамытудың перспективалық бағыттары мұнай-газ машина жасау және түрлі салалар үшін аспап жасау болады. Атап айтқанда, келешекте теміржол саласына арналған өнімдер, медициналық жабдықтар, мұнай-газ секторына арналған жабдықтар, аккумуляторлар және т.б. өндіру бойынша жаңа қуаттар құрылады.

Саланы дамыту жөніндегі жобалық ұсыныстар:

Ақтөбе облысы:

2030 жылға дейін:

1) Ақтөбе қаласында рельс дәнекерлеу кәсіпорнын салу және ұйымдастыру;

2) Ақтөбе қаласында теміржол доңғалақтарын өндіру;

3) Ақтөбе қаласында рельстер өндірісі;

2040 жылға дейін:

1) Ақтөбе қаласында машина жасау кластерін құру;

2) жаңа технологияларды енгізу есебінен қосылған құны жоғары тауарлық өнімнің жаңа түрлерін өндіруді ұйымдастыру;

3) медициналық жабдықтың жаңа түрлерін игеру;

4) жаңа өндірістер құру үшін инвестициялар тарту;

5) саланың кадрлық әлеуетін дамытуға жәрдемдесу;

6) басым инвестициялық жобаларды іске асыруды қолдау;

2050 жылға дейін:

1) облыстың машина жасау өнімінің экспортын қолдау;

2) өңірлік инновациялық инфрақұрылымды құру;

3) жаңа перспективалы тауашаларды игеру;

4) инновациялық технологияларды енгізуді ынталандыру.

Атырау облысы

2030 жылға дейін:

1) машина жасауда қосылған құны жоғары өнім өндірісін дамыту үшін жағдайлар жасау;

2) мұнай-газ кәсіпорындарының машина жасау саласымен, Атырау мұнай және газ институтымен және қаланың өзге де оқу орындарымен салаішілік және салааралық кооперациясын ынталандыру;

3) жаңа технологияларды пайдалану негізінде машина жасау өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

4) сала кәсіпорындарының, оның ішінде шетелдік инвестициялар үшін инвестициялық тартымдылығын жақсарту;

5) машина жасау саласында инвестициялық жобаларды іске асыру процесін толық сүйемелдеу;

6) машина жасауда шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі шараларды іске асыру;

2040 жылға дейін:

1) машина жасау өнімдерін өткізу нарықтарын, оның ішінде экспортты қолдау есебінен кеңейту;

2) жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз етуді жақсарту;

3) ғылыми-зерттеу және конструкторлық ұйымдармен белсенді өзара іс-қимыл жасау;

4) Атырау қаласында ірі операторлардың (Теңізшевройл, Норт Каспиан Оперейтинг Компани және басқалар) сатып алуларындағы жергілікті қамту үлесін ұлғайтуға мүмкіндік беретін халықаралық мұнай-газ машина жасау орталығын құру мәселесін пысықтау;

5) тендерлік рәсімдерге жергілікті қамту бөлігінде өзгерістер енгізу мәселесін пысықтау (Норт Каспиан Оперейтинг Компани, Теңізшевройл және басқалар);

2050 жылға дейін:

1) ірі инжинирингтік орталықтарды тарту, облыстық кәсіпорындар базасында мұнай-газ өңдеу өндірістері үшін импортты алмастыратын жабдықтарды сериялық өндіру үшін жаңа технологияларды сатып алу;

2) халықтың түпкілікті сұранысын қанағаттандыруға бағытталған өнім өндіру бойынша инвестициялық жобаларды әзірлеу және іске асыру (сантехника мен жинақтауыштарды, автомобиль көлігі үшін қосалқы бөлшектерді, ұсақ электр аспаптары үшін, жиһаз үшін және т.б. өндіру).

Батыс Қазақстан облысы

2030 жылға дейін:

1) Теректі ауданында түпнұсқа жабдық өндірісін оқшаулау;

2) Орал қаласында шағын қайықтардың кеме жасау өндірісін кеңейту және жаңарту;

3) Бәйтерек ауданында қорғасын-қышқылды аккумуляторлық батареялар өндіретін зауыт салу;

4) мұнай-газ секторы үшін жабдықтар дайындау жөніндегі зауыт салу;

5) Орал қаласында мұнай-газ машина жасау қосалқы кластерін іске асыру;

2040 жылға дейін:

1) өңірде кеме жасау өндірісін одан әрі дамыту;

2) жаңа өндірістер құру үшін инвестициялар тарту;

2050 жылға дейін:

1) облыстың машина жасау өнімінің экспортын қолдау.

Маңғыстау облысы

2030 жылға дейін:

1) "Ақтау теңіз порты" АЭА аумағында термопанельдер өндіру бойынша цех салу;

2) "Ақтау теңіз порты" АЭА аумағында кабельдер мен трансформаторлар өндіретін зауыт салу;

3) сорғыларды, компрессорларды, желдеткіштерді, жылу алмастырғыштарды және басқаларын өндіруді ұйымдастыру үшін инвесторларды тарту;

4) Ақтау маңындағы Өмірзақ ауылының аумағында пирс және айлақ қабырғасы бар кеме жасау-кеме жөндеу зауытын салу;

5) Мұнай мен газды өндіру және қайта өңдеу, мұнай-газ химиясы, олармен байланысты машина жасау және мұнай-газ өнеркәсібі үшін сервистік қызметтер жөніндегі ұлттық кластерді дамыту шеңберінде машина жасау саласын дамытуға жәрдемдесу;

2040 жылға дейін:

1) саланың технологиялық дамуын және цифрландырылуын қамтамасыз ету;

2) мұнай-газ машина жасауды одан әрі дамыту;

2050 жылға дейін:

1) өндіріс көлемін ұлғайту және ішкі және сыртқы нарықтарда сұранысқа ие өңделген тауарлар номенклатурасын кеңейту.

45. Құрылыс материалдарын өндіру

Пайдалы қазбалардың кең таралған қорларына сүйене отырып, экономиканы одан әрі әртараптандырудың негізгі бағыттарының бірі құрылыс материалдарын өндіру болады.

Саланы дамыту жөніндегі жобалық ұсыныстар:

Ақтөбе облысы

2030 жылға дейін:

1) Ақтөбе қаласында "Зерде-Керамика Ақтөбе" кәсіпорнының керамогранит және керамикалық плиткалар өндіру зауытының екінші кезегін іске қосу;

2) Ақтөбе қаласында қасбеттік материалдар (жылу оқшаулағыш материалдар) өндіретін зауыт салу;

3) Ақтөбе қаласында поливинилхлорид пен алюминийден жасалған терезе-есік және қасбет бұйымдарын өндіру;

4) Ақтөбе қаласында тоқыма емес материалдар өндіретін зауытты іске қосу;

5) Байғанин ауданында цемент өндіру зауытын іске қосу;

6) Ақтөбе қаласында битум өндіру;

7) "Ақтөбе" индустриялық аймағына жаңа жобаларды тарту;

2040 жылға дейін:

1) салада жаңа өндірістер құруға инвестициялар тарту;

2) саланың кадрлық әлеуетін дамыту;

3) құрылыс саласында шағын және орта кәсіпкерлікті ынталандыру;

2050 жылға дейін:

1) құрылыс материалдарының жаңа заманауи түрлерін өндіруді дамытуға жәрдемдесу;

2) облыстың құрылыс өнімінің халықаралық нарықтарға экспортын қолдау;

3) жергілікті шикізат базасында құрылыс материалдарының жаңа өндірістерін құру үшін инвесторларды тарту.

Атырау облысы

2030 жылға дейін:

1) Атырау қаласында тауарлық бетон және автоклавты газоблок шығаратын зауыт салу;

2) Атырау қаласында көлемді дірілді басудың инновациялық әдісімен бетоннан жасалған қабырға және жол бұйымдарын шығаратын зауыт салу;

3) Атырау қаласында саз кірпіш өндіретін зауыт салу;

4) Атырау қаласында сополимерлер мен құрылыс-жол материалдарын өндіретін зауыт салу;

2040 жылға дейін:

1) инвестициялар тарту жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру;

2) саланың жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарын жаңғырту;

2050 жылға дейін:

1) сала кәсіпорындарында еңбек өнімділігін арттыру;

2) шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Батыс Қазақстан облысы

2030 жылға дейін:

1) Теректі ауданында керамзит қиыршық тас өндіретін зауыт салу;

2) Тасқала ауданында цемент зауытын салу;

3) Таскала ауданында термолит зауытын салу;

4) ресурсты және энергия сыйымдылығын төмендету мақсатында жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғырту және еңбек өнімділігін арттыру мақсатында қазіргі заманғы басқару технологияларын енгізу;

2040 жылға дейін:

1) барланған және пайдалануға дайын құрылыс материалдары кен орындарының базасында құрылыс материалдарының жаңа өндірістерін ұйымдастыру;

2) Теректі ауданындағы Федоров қыш шикізат кен орны базасында керамикалық бұйымдарды (плиткалар және басқалар) дайындау үшін қыш өндірісін ұйымдастыру;

3) сазды материалдан керамдор (жасанды қиыршық тас) шығару бойынша жаңа өндіріс құру;

2050 жылға дейін:

1) салада инвестициялық жобаларды іске асыру;

2) шығарылатын өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Маңғыстау облысы

2030 жылға дейін:

1) Ақтау қаласында жабынның пішіндеу тақтасын және бетон бұйымдарын өндіру бойынша құрылыс;

2) Қарақия ауданындағы "Беке" кира (табиғи битум) кен орны базасында жаңа өндірістер ұйымдастыру;

3) жаңа өндірістер құруға инвестициялар тарту;

2040 жылға дейін:

1) жергілікті өндірушілердің өнімдерін экспорттауға жәрдемдесу;

2) жаңа технологияларды енгізу бойынша бизнесті ынталандыру;

3) шетелдік инвестицияларды тарту үшін ынталандырулар жасау;

4) құрылыс материалдарын шығару бойынша жаңа ресурс - және энергия үнемдейтін және экологиялық қауіпсіз өндірістер құру;

5) құрылыс материалдарын өндіру жөніндегі кәсіпорындарда еңбек өнімділігін арттыру;

6) шығарылатын құрылыс материалдарының бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

7) өңдеу өнеркәсібі салаларының технологиялық дамуын және цифрландырылуын қамтамасыз ету;

8) жаңа дағдылар мен құзыреттерді дамыту, ҒЗТКЖ-ны ынталандыру;

2050 жылға дейін:

1) ҒЗТКЖ нәтижелерін өнеркәсіптік өндіріске енгізу;

2) жергілікті өндірушілердің өнімдерін экспорттауға жәрдемдесу.

46. Азық-түлік өндірісі

Агроөнеркәсіптік кешенді дамыту саясаты еңбек өнімділігін ұлғайту, ауылдық аумақтар мен ауыл шаруашылығын теңгерімді дамыту, отандық өндірісті азық-түлік

тауарларымен қамтамасыз ету арқылы саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталатын болады.

Қайта өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру мен экспорттауды ынталандыру мақсатында ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеудің жаңа және жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарын салуға және жаңғыртуға бағытталған кешенді шараларды іске асыру жалғастырылады.

Саланы дамыту жөніндегі жобалық ұсыныстар:

Ақтөбе облысы

2030 жылға дейін:

- 1) Ақтөбе қаласында және Хромтау ауданында ет кластерін құру;
- 2) Ақтөбе қаласында бөтелкедегі су өндіретін зауыт салу;
- 3) Ақтөбе қаласында сүт құю цехын салу;
- 4) Ақтөбе қаласында қант өндіру;
- 5) Ақтөбе қаласында желатин өндіретін зауыт салу;
- 6) Әйтеке би ауданында ет, сүт өндіретін цех салу;
- 7) Әйтеке би ауданында ет өңдеу цехын салу;

8) Байғанин, Қобда аудандарында табиғи және құрғақ қымыз және шұбат өндірісін ұйымдастыру;

- 9) облыс кәсіпорындарының жабдықтарын жаңғырту және жаңарту;
- 10) басқа өңірлер мен елдерде отандық өнімді белсенді жылжыту;
- 11) облыстың экспортқа бағдарланған кәсіпорындарын мемлекеттік қолдау;
- 12) кадрлардың кәсіби деңгейін арттыру;

2040 жылға дейін:

1) сала кәсіпорындарында цифрландыру және автоматтандыру;

2) импортты алмастыруды дамыту және отандық өндірістің негізгі азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілуін арттыру;

3) өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында кәсіпорындарды техникалық және технологиялық жаңғырту үшін жағдайларды қамтамасыз ету;

4) орта және жоғары кәсіптік білім беру кадрларын кәсіптік даярлауды және қайта даярлауды ұйымдастыру (технологтар, жабдық операторлары, өнім сапасы жөніндегі мамандар және басқалар);

5) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің қайта өңдеу салаларының кәсіпорындарымен кооперация процестерін қолдау, ауыл шаруашылығы шикізатын өндіруді, қайта өңдеуді, сондай-ақ дайын өнімді өткізуді шоғырландыратын тігінен интеграцияланған компанияларды құруды ынталандыру;

6) жаңа кәсіпорындар салу және қолда бар кәсіпорындарды жаңғырту жөніндегі жобаларды қолдау;

7) инвестициялар тарту арқылы саланың бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

8) агроөнеркәсіптік кешен саласындағы салада шағын және орта кәсіпкерлікті дамытуды қолдау;

9) шағын бизнестің жаңа технологияларға қол жеткізуін қамтамасыз етуге жәрдемдесу;

10) салада қолайлы инвестициялық ахуалды қалыптастыру;

2050 жылға дейін:

1) жаңа жоғары технологиялық өндірістер құру және өндірілетін өнім ассортиментін кеңейту;

2) жергілікті өнімнің сыртқы нарықтарға экспортына жәрдемдесу;

3) ірі, орта және шағын бизнес арасындағы кооперацияны ынталандыру;

4) өндірісті әртараптандыру және ұлттық және халықаралық деңгейде тамақ өнімдерін өндіру саласының бәсекеге қабілеттілігін арттыру;

5) ҒЗТКЖ-ны қолдау;

6) ірі өндірістік қуаттарды құру мақсатында инвесторларды тарту.

Атырау облысы

2030 жылға дейін:

1) Атырау қаласында, Жылыой ауданында, Қызылқоға ауданында сүт өңдеу бойынша үш цех салу;

2) Қызылқоға ауданында бие сүтін (қымыз) өңдеу цехын салу;

3) Махамбет ауданында көкөністерді өңдеу бойынша цех салу;

4) Махамбет ауданында ет өңдеу цехын салу;

5) мал шаруашылығы өнімдерін (сүт, қымыз, шұбат және т.б.) қайта өңдеуді дамыту;

6) балықты терең өңдеу бойынша жаңа өндірістер құру;

7) "Атырау балығы" брендин қалыптастыру үшін маркетингтік зерттеулер жүргізу мәселесін пысықтау;

8) Атырау қаласында балық кластерін құру;

2040 жылға дейін:

1) жеміс-көкөніс, май тұқымдары мен картопты қайта өңдеу бойынша өндірістер құруды ынталандыру;

2) өзен жағасында орналасқан Атырау қаласының қала маңындағы аймағында агроөнеркәсіптік кешеннің жаңа кәсіпорындарын орналастыру;

3) сүт және ет өндірісінде жоғары технологиялық технологияларды енгізу;

4) жоғары технологиялық жабдықты енгізе отырып, балықты (өңделген, сүбе, консерві-пресервалар) терең өңдеуді жүзеге асыру;

5) сала кәсіпорындарын жаңғырту;

2050 жылға дейін:

1) тамақ өнімдерін өндіру бойынша жаңа өндірістер құруды қолдау;

2) облыстың азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Батыс Қазақстан облысы

2030 жылға дейін:

- 1) Теректі ауданында көкөністерді өндіру және өңдеу жөніндегі жоба;
- 2) Теректі ауданында картоп өсіру және жартылай фабрикаттар өндіру;
- 3) Шыңғырлау ауданында үй құсының етін өндіру;
- 4) Орал қаласында ет кластерін құру;

2040 жылға дейін:

- 1) қолданыстағы өндірістерді техникалық және технологиялық қайта жарақтандыру ;
- 2) инновациялық технологияларды қолдануды ынталандыру;
- 3) агроөнеркәсіптік кешен салаларын көлденең әртараптандыруды және ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеуді дамыту;

2050 жылға дейін:

- 1) облыстың агроөнеркәсіптік кешені өнімдерінің экспортын қолдау.

Маңғыстау облысы

2030 жылға дейін:

- 1) Жаңаөзен қаласында ет өңдеу комбинатын салу;
- 2) Қарақия ауданында орналасқан ет өнімдерін консервілеу жөніндегі жобаны іске асыру;
- 3) Ақтау қаласында сүт зауытын салу;
- 4) Түпқараған ауданында тауарлық бекіре балығын өсіру және қайта өңдеу жөніндегі жобаны іске асыру;
- 5) Ақтау қаласында сүт бағытындағы түйе фермасын құру;
- 6) сала кәсіпорындарын технологиялық жаңғырту;

2040 жылға дейін:

- 1) қайта өңделген өнім үлесін ұлғайту;
- 2) қайта өңдеу және тамақ өнеркәсібінің қуаттарын кеңейту;
- 3) тамақ және қайта өңдеу өнеркәсібі кәсіпорындарының білікті персоналға қажеттіліктерін қамтамасыз ету;

2050 жылға дейін:

- 1) тамақ өнеркәсібін инновациялық дамыту мақсатында ғылыми зерттеулер мен ғылымды қажет ететін технологияларды енгізу деңгейін арттыру;
- 2) агроөнеркәсіптік кешенге инвестициялар ағынын ұлғайту.

47. Ауыл шаруашылығын дамыту

Ауыл шаруашылығында ірі сүт-тауар фермаларын, мал шаруашылығы кешендерін салуға, жайылымдарды, көкөністерге арналған егіс алаңдарын кеңейтуге, бордақылау алаңдарын, жылыжай кешендерін, көкөніс қоймаларын құруға, ылғал, ресурс үнемдейтін технологияларды енгізуге, машина-трактор паркін жаңартуға, жемшөп базасы мен асыл тұқымды табынды жақсартуға, тиімді инновациялық технологияларды

енгізуге, ауыл шаруашылығы шикізатын қайта өңдеу кәсіпорындарындағы негізгі құралдарды жаңғыртуға баса назар аудару қажет. Ауыл шаруашылығын дамыту үшін ауыл шаруашылығына және азық-түлік өндірісіне тартылған инвестициялар көлемін ұлғайту қажет.

Келешекте инновациялық технологиялар ("дәл егіншілік", "ақылды мал шаруашылығы фермалары", дрондарды, робот техникасын және ғылым мен техниканың өзге де әлемдік жетістіктерін қолдану мүмкіндіктері) және еңбекақы төлеуді ұйымдастыру мен төлеудің жаңа нысандары енгізілетін болады.

Саланы дамыту жөніндегі жобалық ұсыныстар:

Ақтөбе облысы

2030 жылға дейін:

- 1) Ақтөбе қалалық әкімшілігінде үш сүт-тауар фермасын салу;
- 2) Ақтөбе қалалық әкімшілігінде құс фабрикасын салу;
- 3) Әйтеке би ауданында сүт-тауар фермасын салу;
- 4) Әйтеке би ауданында үш бордақылау алаңын салу;
- 5) Әйтеке би ауданында сүт және ет өндіретін цех салу;
- 6) Әйтеке би ауданында ет өңдеу цехын салу;
- 7) Алға ауданында бордақылау алаңын салу;
- 8) Алға ауданында ірі мал шаруашылығы кешенін салу;
- 9) Алға ауданында мал сою цехын салу;
- 10) Байғанин ауданында бордақылау алаңын салу;
- 11) Байғанин ауданында екі репродуктор-шаруашылық салу;
- 12) Ырғыз ауданында бордақылау алаңын салу;
- 13) Ырғыз ауданында репродуктор-шаруашылық салу;
- 14) Қарғалы ауданында сүт-тауар фермасын салу;
- 15) Қобда ауданында екі сүт-тауар фермасын салу;
- 16) Қобда ауданында бордақылау алаңын салу;
- 17) Қобда ауданында қой шаруашылығын құру;
- 18) Мәртөк ауданында жеті сүт-тауар фермасын салу;
- 19) Мұғалжар ауданында бордақылау алаңын салу;
- 20) Темір ауданында екі сүт-тауар фермасын салу;
- 21) Темір ауданында құс фабрикасын салу;
- 22) Ойыл ауданында екі бордақылау алаңын салу;
- 23) ет бағытындағы құс фабрикасын салу;
- 24) жылыжайлар салу;
- 25) көкөніс қоймаларын салу;
- 26) мамандандырылған ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен шаруа қожалықтарын құру;

27) мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылығын цифрландыру (малды қадағалау сервисі, нақты егіншілікті дамыту, цифрлық және озық smart-фермалар құру) ;

28) ауыл шаруашылығы дақылдарының жалпы алаңын кеңейту;

29) ірі қара малдың асыл тұқымды мал басын ұлғайту;

30) суармалы жерлерді қосымша енгізу есебінен егіс алқаптарын ұлғайту;

31) ауыл шаруашылығы кооперативтерін жеңілдікпен кредиттеу түрінде мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру;

32) ауыл халқына, оның ішінде ауыл халқының табысын арттыру жөніндегі жобаны масштабтау үшін микрокредиттер беру;

33) жерді мониторингілеуді енгізу (жер деректерін цифрландыру);

34) электрондық түрде топырақ карталарын жасау;

35) топырақ тексерулерін жүргізу;

36) облыстың ауыл шаруашылығы жерлерін 100% цифрландыру;

37) балық өсіру шаруашылықтарын құру және дамыту үшін жер учаскелерін беру;

38) аквамәдениет (балық шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру жүйесін қалыптастыру, сондай-ақ асыл тұқымды балық шаруашылығын дамыту;

39) жұмыс істеп тұрған жоғары оқу орындары мен басқа да білім беру мекемелерінің базасында балық шаруашылығына оқытуды ұйымдастыру;

40) балық өңдеу кәсіпорындарын мемлекеттік қолдау мәселесін пысықтау;

41) балық өсіру шаруашылықтарын кеңейту және салу үшін инфрақұрылым құру жөнінде шаралар қабылдау;

42) балық өсіру шаруашылықтарын құру үшін инвесторларды тарту;

2040 жылға дейін:

1) кәсіпорындардың технологиялық жарақтандыру деңгейін арттыру;

2) тігінен интеграцияланған құрылымдар құруды қолдау;

3) ауыл шаруашылығы саласындағы ғылыми зерттеулерді қолдау;

4) мал шаруашылығы саласы үшін жемшөп базасын дамыту;

5) дайындау пункттері желісінің материалдық-техникалық базасын дамыту, нығайту және тұтыну кооперациясы жүйесін дамыту.

2050 жылға дейін:

1) ауыл шаруашылығындағы экологиялық таза өндірістердің және онымен өзара байланысты табиғи органикалық азық-түлік өнімдерінің сегментін қалыптастыру;

2) ірі стратегиялық жобаларды іске асыруды қолдау;

3) ірі ауыл шаруашылығы құрылымдарын құру үшін инвесторларды тарту.

Атырау облысы

2030 жылға дейін:

- 1) бес жылыжай салу (Атырау маңында – екі, Индер ауданында – бір, Махамбет ауданында – екі);
- 2) Атырау маңында екі бордақылау алаңын салу;
- 3) ірі қара малға арналған мал сою пункттері бар үш бордақылау алаңын салу (Атырау қаласында – бір, Құрманғазы ауданында – екі);
- 4) балық өсіру бойынша жеті тоғандық балық өсіру шаруашылығын құру жөніндегі жобаларды іске асыру (Атырау қаласында – екі, Құрманғазы ауданында – үш, Махамбет ауданында – бір, Жылыой ауданында – бір);
- 5) Атырау қалалық әкімшілігінде шөп, жоңышқа өсіру;
- 6) суару-суландыру жүйелерін реконструкциялау және жөндеу;
- 7) жұмыс істеп тұрған жоғары оқу орындары мен басқа да білім беру мекемелерінің базасында балық шаруашылығына оқытуды ұйымдастыру;
- 8) теңіз балық шаруашылығын дамытуды ынталандыру мәселесін, оның ішінде қаржыландыру тетігін пысықтау;
- 9) балық өңдеу кәсіпорындарын мемлекеттік қолдау мәселесін пысықтау;
- 10) балық аулаудың кәсіпшілік құралдарын өндіру бойынша цех ашу мәселесін пысықтау;
- 11) аквамәдениет (балық шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру жүйесін қалыптастыру, сондай-ақ асыл тұқымды балық шаруашылығын дамыту;
- 12) балық өсіру шаруашылықтарын кеңейту және салу үшін инфрақұрылым құру жөнінде шаралар қабылдау (жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу, электр беру желісін жүргізу, жол төсеу, газ, су тарту, пирстер орнату және т. б.);
- 13) балық өсіру шаруашылықтарын құру және дамыту үшін жер учаскелерін беру;
- 14) Жайық өзенінің резервтік учаскесінде бекіре тұқымдас балық түрлерін өсіру бойынша балық өсіру шаруашылығын құру үшін инвестор тарту;
- 15) Махамбет ауданында 10 гектарға қарқынды бақ салу;
- 16) жаңбырлатып суаруды қолдана отырып, жемшөп дақылдарын өсіру бойынша екі жобаны іске асыру (Махамбет ауданында – бір, Индер ауданында – бір);
- 17) машина-трактор паркін жаңарту;
- 18) мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту жүйесін қалыптастыру;
- 19) тыңайтқыштар өндірісін дамыту жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру;
- 20) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру;
- 21) инвестициялар жағдайында агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстардың бір бөлігін өтеу;
- 22) мал шаруашылығы үшін жемшөп дақылдарының алаңын ұлғайту;

2040 жылға дейін:

- 1) агроөнеркәсіптік кешенді техникалық және технологиялық жаңғыртуды жүргізу;
- 2) ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының дамуына жәрдемдесу;
- 3) жер ресурстарын пайдалану тиімділігін арттыру;
- 4) балық шаруашылығы су айдындары мен учаскелеріне балық жіберу;
- 5) балық өсіру шаруашылықтарының инфрақұрылымын құру, кеңейту және салу;
- 6) өндірісте қазіргі заманғы технологиялық процесті енгізу;
- 7) технологиялық процестің сапалық құрамын жақсарту;
- 8) су үнемдеу технологияларын енгізу;
- 9) қарқынды бау-бақша шаруашылығын одан әрі дамыту;

2050 жылға дейін:

- 1) қазіргі заманғы технологияларды енгізуді қолдау;
- 2) ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді дамыту;
- 3) өндіріс көлемін ұлғайту және өңірді ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерімен қамтамасыз ету;
- 4) ғылымның, инновациялық қызметтің рөлін арттыру, саладағы кадрлардың біліктілігін арттыру.

Батыс Қазақстан облысы

2030 жылға дейін:

- 1) Ақжайық, Бөкейордасы, Бөрлі, Сырым, Теректі, Шыңғырлау аудандарында репродуктор-шаруашылықтар құру;
- 2) Ақжайық, Бәйтерек, Бөкейордасы, Бөрлі, Теректі, Қазталов, Қаратөбе, Тасқала аудандарында бордақылау алаңдарын салу;
- 3) Ақжайық, Бөрлі, Жаңақала, Жәнібек, Қазталов аудандарында суармалы учаскелер құру;
- 4) Бәйтерек ауданында көкөніс қоймасын салу;
- 5) Орал қаласында құс фабрикаларын салу;
- 6) Теректі ауданында репродуктор салу;
- 7) Теректі ауданында саңырауқұлақ өсіру кешенін салу;
- 8) Бәйтерек, Бөрлі аудандарында, Орал қаласында сүт-тауар фермаларын салу;
- 9) Орал қаласында жылыжай салу;
- 10) Бәйтерек ауданында бақ салу;
- 11) Теректі ауданында сүт кешенін салу;
- 12) суармалы жерлердің алаңдарын қалпына келтіру және кеңейту;
- 13) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру жүйесін қалыптастыру;
- 14) ауыл шаруашылығы жануарларына арналған жемшөп құнын арзандату жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру;

15) инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстарды төмендету жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру;

16) агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру кезінде сыйақы мөлшерлемелерін, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдықтарын сатып алуға арналған лизингті төмендету жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру;

17) "Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамының жанынан инновациялық ғылыми-өндірістік зертхана ашу мәселесін пысықтау;

18) балық өсіру шаруашылықтарын кеңейту және салу үшін инфрақұрылым құру жөнінде шаралар қабылдау (жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу, электр беру желілерін жүргізу, жол төсеу, газ, су тарту және т.б.);

19) аквамәдениет (балық шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру жүйесін қалыптастыру, сондай-ақ асыл тұқымды балық шаруашылығын дамыту;

20) балық өсіру шаруашылықтарын құру және дамыту үшін жер учаскелерін беру;

21) жұмыс істеп тұрған жоғары оқу орындары мен басқа да білім беру мекемелерінің базасында балық шаруашылығына оқытуды ұйымдастыру;

22) балық өңдеу кәсіпорындарын мемлекеттік қолдау мәселесін пысықтау;

2040 жылға дейін:

- 1) кәсіпорындардың технологиялық жарактандыру деңгейін арттыру;
- 2) мал шаруашылығы саласында ірі кәсіпорындар құруды ынталандыру;
- 3) тігінен интеграцияланған құрылымдар құруды қолдау;
- 4) саланың кадрлық әлеуетін дамыту;
- 5) ветеринария, фитосанитария және химияландыру жүйелерін дамыту;
- 6) суармалы егіншілікті одан әрі дамыту;
- 7) ауыл шаруашылығы өндірісінде заманауи технологияларды енгізу;
- 8) балық шаруашылығын одан әрі дамытуды қолдау;

2050 жылға дейін:

- 1) аграрлық ғылымды дамытуды қолдау;
- 2) ауыл шаруашылығындағы экологиялық таза өндірістердің және онымен өзара байланысты табиғи органикалық азық-түлік өнімдерінің сегментін қалыптастыру;
- 3) стратегиялық жобаларды іске асыруға қатысу;
- 4) жоғары баға сегментінде жаңа диеталық, мамандандырылған, дәрумендермен, минералдармен және микроэлементтермен байытылған экологиялық таза тамақ өнімдерін әзірлеу және өндіру;
- 5) облыс өнімдерінің экспортын қолдау.

Маңғыстау облысы

2030 жылға дейін:

- 1) Мұнайлы ауданында көкөніс қоймасын салу;
- 2) Жаңаөзен қаласында құс фабрикасын салу;
- 3) Ақтау қаласында екі жылыжай салу;
- 4) Ақтау қаласында ет комбинатын салу;
- 5) Мұнайлы ауданында жылыжай салу;
- 6) Түпқараған ауданында сүт-тауар фермасын салу;
- 7) Ақтау қаласында бекіре зауытын салу;
- 8) Түпқараған ауданында құс фабрикасын салу;
- 9) инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстарды төмендету жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру;
- 10) агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне кредит беру, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын, техникасы мен технологиялық жабдықтарын сатып алуға лизинг кезінде сыйақы мөлшерлемелерін төмендету жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру;
- 11) асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту, мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру жүйесін қалыптастыру;
- 12) ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерге су жеткізу жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру;
- 13) негізгі әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын тежеу мақсатында "Бейнеу астық терминалының" қызметін қайта бастау туралы мәселені пысықтау;
- 14) ұңғымаларды бұрғылау арқылы агроаймақтарды суландыру бойынша инфрақұрылым жасау;
- 15) облыс бойынша жұмыс істеп тұрған және бітелген құдықтарды қалпына келтіру (реконструкциялау) жөніндегі жұмыстарды жүргізу;
- 16) балық өсіру шаруашылықтарының инфрақұрылымын құру, кеңейту және салу жөнінде шаралар қабылдау (жобалау-сметалық құжаттаманы әзірлеу және электр беру желілерін жүргізу, жол төсеу, газ, су тарту, пирстер орнату және басқалар);
- 17) аквамәдениет (балық шаруашылығы) өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыру жүйесін қалыптастыру, сондай-ақ асыл тұқымды балық шаруашылығын дамыту;
- 18) балық өсіру шаруашылықтарын құру және дамыту үшін жер учаскелерін беру;
- 19) жұмыс істеп тұрған жоғары оқу орындары мен басқа да білім беру мекемелерінің базасында балық шаруашылығына оқытуды ұйымдастыру;
- 20) АЭА аумағында бекіре зауытын салу жөніндегі жобаны іске асыру;
- 21) теңіз балық шаруашылығын дамытуды ынталандыру мәселесін, оның ішінде қаржыландыру тетігін пысықтау;

- 22) балық өңдеу кәсіпорындарын мемлекеттік қолдау мәселесін пысықтау;
- 23) инвестициялық салымдар кезінде агроөнеркәсіптік кешен субъектісі шеккен шығыстарды төмендету жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру;
- 24) мал шаруашылығы өнімінің өнімділігі мен сапасын арттыруға асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту жүйесін қалыптастыру;
- 25) технологиялық жабдықтың кредиттері мен лизингі, ауыл шаруашылығы жануарларын сатып алуға, сондай-ақ ауыл шаруашылығы техникасының лизингі бойынша сыйақы мөлшерлемелерін төмендету жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру;
- 26) тыңайтқыштар (оның ішінде органикалық тыңайтқыштар) өндірісін дамыту жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру;
- 27) ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру жөніндегі іс-шаралар кешенін іске асыру;
- 28) ауылдық елді мекендер мен шағын қалаларға кредит беру үшін облыстық бюджеттерге кредит беру;
- 29) ауыл халқының табысын арттыру жөніндегі жобаны кеңейту үшін ауыл халқына микрокредиттер беру;

2040 жылға дейін:

- 1) асыл тұқымды мал басының үлес салмағын ұлғайту;
- 2) қара қаракөл қойларының құнды шоғырландырылған генофондын сақтау және жетілдіру;
- 3) өңірде қаракөл қойларын Еділбаев қойларымен сіңіре шағылыстыру арқылы етті-майлы шаруашылығын құру және дамыту;
- 4) сүт бағытындағы түйе шаруашылығын дамыту;
- 5) облыс аумағында ветеринариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 6) отарлы мал шаруашылығын дамыту;
- 7) жайылымдарды суландыру;
- 8) қараусыз қалған жайылымдық жерлерді қалпына келтіру;
- 9) республиканың өңірлерімен жемшөп жеткізу бойынша тұрақты байланыстар орнату;

2050 жылға дейін:

- 1) ауыл шаруашылығында шағын және орта кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасау;
- 2) ауыл шаруашылығында жаңа қазіргі заманғы технологияларды енгізуді қолдау.

48. Кластерлік даму

Ақтөбе облысында металлургия, машина жасау, ауыл шаруашылығы, медицина, сондай-ақ көлік және логистика салаларында кластерлер құру үшін барлық әлеуетті мүмкіндіктер бар.

Тау-кен металлургия саласында металлургия зауыттарын кластерге қосу саланы одан әрі дамытуға қосымша серпін беруі мүмкін. Қолда бар ірі кәсіпорындар базасында Ақтөбе қаласы металлургиялық кластердің орталығы бола алады.

Кластерлік даму үшін перспективалы салалардың бірі мұнай-газ машина жасау және түрлі салаларға арналған аспап жасау бағыты бойынша машина жасау болып табылады. Машина жасау кластерінің орталығы Ақтөбе қаласы болады, онда саладағы негізгі өндірістік қуаттар шоғырланған.

Өңірдің ауыл шаруашылығында етті мал шаруашылығы саласы кластерлік даму әлеуетіне ие. Бірқатар аудандарда ет кластері үшін шикізат базасын қалыптастыру үшін әлеует бар (Алға, Әйтеке би, Байғанин, Ырғыз, Ойыл және Шалқар аудандары). Ақтөбе қаласы мен Хромтау ауданының өңдеу қуаттары ет кластерінің орталығы болады.

Ақтөбе қаласының ағымдағы мамандануы мен ерекшеліктерін ескере отырып, өңірде қаланың визит карточкасына айналатын медициналық кластерді (2040 жылға дейін) құру үшін алғышарттар бар, соның арқасында Ақтөбе қаласы медициналық салада жұмысқа орналасу тұрғысынан тартымды қалаға айналады. Сонымен қатар, қала медицина саласында тауарлар мен қызметтердің толық кешенін ұсыну бөлігінде Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің орталығына айналуы мүмкін. Қалада медициналық университет, жеке клиникалар, фармацевтикалық өндірістер орналасқан. Медициналық жабдықтар шығаратын зауыт жұмыс істейді.

Облыста көлік-логистикалық кластерді қалыптастыру үшін алғышарттар бар. Өңір арқылы "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" халықаралық автомобиль дәлізі өтеді. Көлік-логистика саласында кластерді қалыптастыру (2040 жылға дейін) көлік-логистика терминалдары мен өзге де инфрақұрылым құрылысы бойынша жаңа жобаларды іске асыруға байланысты болады. Көлік-логистикалық кластердің орталығы Ақтөбе қаласында орналасады.

Болашақта Атырау облысында мұнай мен газды өндіру және қайта өңдеу, мұнай-химия, олармен байланысты машина жасау және мұнай-газ өнеркәсібіне арналған сервистік қызметтер жөніндегі ұлттық кластер шеңберінде мұнай-химия, мұнай мен газды өндіру және қайта өңдеу жөніндегі қосалқы кластер дамитын болады. Осы кластердің дамуына серпін беретін бірқатар инвестициялық жобалар іске асырылуда. Кластер орталығы Атырау қаласында болады.

Атырау облысында бар әлеуетті ескере отырып, Атырау қаласында қайта өңдеу орталығы бар балық кластерін құру орынды.

Мұнай және газ өндіру және қайта өңдеу, мұнай-химия, олармен байланысты машина жасау және мұнай-газ өнеркәсібі үшін сервистік қызметтер жөніндегі ұлттық кластер шеңберінде Батыс Қазақстан облысында мұнай-газ машина жасау қосалқы кластерін дамыту жоспарлануда. Облыс мықты машина жасау сегментінің болуымен ерекшеленеді. Мұнай-газ машина жасаудағы кластердің орталығы Орал қаласы болмақ.

Батыс Қазақстан облысының ет өңдеу кәсіпорындарының базасында ет кластерін қалыптастыру әлеуеті бар. Қайта өңдеу өндірістері үшін ет кластерінің ресурстық көздері ауыл шаруашылығы кәсіпорындары, асыл тұқымды шаруашылықтар, фермерлік шаруашылықтар, сондай-ақ белгілі бір дәрежеде Ақжайық, Қазталов, Бөкей ордасы және Жаңақала аудандарының жеке қосалқы шаруашылықтары болады. Ет кластерінің орталығы Орал қаласы болады.

Мұнай және газ өндіру және қайта өңдеу, мұнай-газ химиясы, олармен байланысты машина жасау және мұнай-газ өнеркәсібі үшін сервистік қызметтер жөніндегі ұлттық кластер шеңберінде өңірде Маңғыстау облысында мұнай-сервистік қызметтер қосалқы кластерін қалыптастыру жоспарлануда.

Маңғыстау облысының қосалқы кластерінің әлеуетті қатысушылары "Каспий маңы машина жасау кешені", "Ақтау құю зауыты", "Caspian Offshore and Marine Construction", "Ерсай Каспиан Контрактор" және басқа да кәсіпорындар сияқты сервистік қызметтер көрсетуге маманданған кәсіпорындар бола алады.

Маңғыстау облысының көлік-логистикалық әлеуеті зор. Өңірде Маңғыстау облысында көлік-логистикалық кластерді (2040 жылға дейін) қалыптастыру үшін алғышарттар бар. Бұл кластерге Ақтау, Құрық және Баутино порттары кіреді. Кластердің орталығы "Ақтау теңіз порты" АЭА болуы мүмкін.

Бизнес-ахуалды жақсарту және Қазақстан Республикасының Батыс өңіріне инвестициялар тарту мақсатында экономикалық өсу нүктелерін қалыптастыру, оның ішінде дамыған инфрақұрылымы бар индустриялық аймақтар мен АЭА құру және дамыту есебінен жүргізіледі.

Орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің аумағында екі арнайы экономикалық аймақ дамитын болады:

1) Атырау облысындағы "Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі" АЭА (химиялық өнімдерді, мұнай-химия өнімдерін, пластмасса бұйымдарын, тоқыма бұйымдарын өндіру);

2) Маңғыстау облысындағы "Ақтау теңіз порты" АЭА (қойма шаруашылығы және қосалқы көлік қызметі, химиялық өнімдерді, мұнай-химия өнімдерін, пластмасса бұйымдарын, тоқыма бұйымдарын, фармацевтикалық өнімдер мен препараттарды өндіру, машина жасау саласының өнімдерін өндіру, тұрғын және тұрғын емес ғимараттар салу және т. б.).

АЭА-дан басқа, индустриялық аймақтар экономикалық өсу нүктелеріне айналады:

1) Ақтөбе облысының Ақтөбе қаласындағы "Ақтөбе" индустриялық аймағы;

2) Атырау облысының Индер ауданындағы индустриялық аймақ;

3) Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданындағы индустриялық аймақ, Орал шағын индустриялық аймақтары, Ақсай индустриялық паркі.

49. Өңіраралық байланыстарды дамыту

Транзиттік әлеует Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің өңіраралық байланыстарын дамыту үшін алғышарттар болып табылады.

Жобаланатын аумақтың шекарасында үш халықаралық теміржол көлік дәлізі өтеді: ТАТМ Орталық дәлізі; Солтүстік-Оңтүстік, TRACECA.

Батыс өңірде теміржол желілері жұмыс істейді:

1) "Өзен – Қазақстанның Түрікменстанмен мемлекеттік шекарасы", Қазақстанның батысынан Парсы шығанағына дейін Түрікменстан мен Иран арқылы тікелей бағыт;

2) "Жезқазған – Бейнеу" Қытайдан Еуропаға дейінгі қашықтықты 1 200 шақырымға жуық қысқартуға мүмкіндік беретін халықаралық көлік-логистикалық жүйенің байланыстырушы буынына айналды;

3) "Шалқар – Бейнеу", ол қолданыстағы бағдармен салыстырғанда "Құрық" портына дейінгі жолды 500 километрден астам қысқартуға мүмкіндік береді;

4) "Боржақты – Ерсай", ол перспективалы Құрық портын теміржол магистралімен жалғаған.

Қазақстанның Түрікменстанмен шекарасында "Болашақ" теміржол өткелі іске қосылды, ол Өзен арқылы "Бейнеу – Шалқар – Сексеуіл – Жезқазған" бағытында жаңа теміржол желілерін қалыптастыруды қамтамасыз етті.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің аумағы бойынша мыналар өтеді:

1) "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" халықаралық автокөлік бағыты "М-32" "Ресей Федерациясының шекарасы (Самараға) – Шымкент, Орал, Ақтөбе, Қызылорда қалалары арқылы" учаскесі;

2) республикалық маңызы бар жолдар: А-22 "Қарабұтақ – Комсомол – Солтүстік – Жайылма"; А-24 "Ақтөбе – Мәртөк – Орынбор"; А-25 "Ақтөбе –Ресей Федерациясының шекарасы (Орск)"; А-26 "Қандыағаш – Ембі – Шалқар – Ырғыз"; А-27 "Ақтөбе – Атырау – Ресей Федерациясының шекарасы (Астраханьға)"; А-28 "Орал – Атырау"; А-30 "Подстепное – Федоровка – Ресей Федерациясының шекарасы"; А-31 " Чапаево – Жалпақтал – Қазталовка – Ресей Федерациясының шекарасы"; А-32 "Орал – Ресей Федерациясының шекарасы (Бұзылық); А-33 "Доссор – Құлсары – Бейнеу – Сай – Өтес – Шетпе – Жетібай-Ақтау порты"; Р-1 "Бейнеу – Ақжігіт – Өзбекстан шекарасы (Өзбекстан Республикасы аумағына)"; Р-44 "Қазталовка – Жәнібек – Ресей Федерациясының шекарасы"; Р-51 "Өнеге – Бисен – Сайқын – Ресей Федерациясының шекарасы".

Ақтөбе, Атырау, Орал, Ақтау қалаларында Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің төрт әуежайы жұмыс істейді.

Сонымен қатар, Каспий теңізінде Ақтау, Құрық және Баутино теңіз порттары, Атырау өзен порты бар.

Транзиттік әлеуеттің және көлік инфрақұрылымының болуы Қазақстан Республикасының орталық және оңтүстік өңірлерінен мынадай өнім түрлерін жеткізуге мүмкіндік туғызады:

- 1) Ақмола, Алматы, Қостанай, Шығыс Қазақстан облыстарынан ет, оның ішінде тауық еті;
- 2) Алматы облысы мен Алматы қаласынан жеміс және көкөніс шырындары;
- 3) Түркістан, Алматы облыстарынан, Шымкент және Алматы қалаларынан жаңа піскен және консервіленген жемістер мен көкөністер;
- 4) Абай облысынан, Ақмола, Шығыс Қазақстан облыстарынан, Алматы және Шымкент қалаларынан күнбағыс майы;
- 5) Шымкент қаласынан мақта майы;
- 6) Жетісу облысы мен Алматы қаласынан соя майы;
- 7) Қарағанды облысынан маргарин және тағамдық майлар;
- 8) Ақмола, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Алматы қаласынан алынған рапс майы;
- 9) Павлодар облысынан қатты нысандағы сүт;
- 10) Қызылорда облысынан күріш;
- 11) Ақмола, Қарағанды, Қостанай, Солтүстік Қазақстан облыстары мен Шымкент қаласынан ұн;
- 12) Алматы, Жамбыл және Жетісу облыстарынан қант;
- 13) Алматы, Қостанай облыстары мен Алматы қаласынан шоколад, шоколад пен қанттан жасалған кондитерлік өнімдер;
- 14) Алматы қаласынан кетчуп және майонез;
- 15) Қызылорда облысынан йодталған тұз;
- 16) Алматы облысы мен Алматы қаласынан коньяк;
- 17) Алматы, Жамбыл, Түркістан облыстары мен Алматы қаласынан шарап;
- 18) Ақмола, Павлодар облыстары мен Шымкент қаласынан мата;
- 19) Шымкент қаласынан кілемдер;
- 20) Абай, Жамбыл және Қостанай облыстарынан ірі қара малдың терісінен жасалған былғары;
- 21) Алматы және Жамбыл, Ақмола облыстары мен Алматы қаласынан аяқ киім;
- 22) Қарағанды облысынан колготки, шөлкелер, шұлықтар;
- 23) Жетісу, Алматы, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан облыстарынан және Алматы, Астана қалаларынан сыртқы киім;
- 24) Абай, Алматы облыстарынан және Алматы қаласынан қағаз және қағаз өнімдері;
- 25) Алматы, Қарағанды облыстарынан, Шымкент, Алматы қалаларынан дәрі-дәрмектер;

- 26) Ақмола, Қарағанды, Павлодар облыстары мен Астана қаласынан резеңкеден жасалған құбырлар, түтіктер, жеңдер мен шлангтар;
- 27) Абай, Қарағанды, Қызылорда, Жамбыл облыстарынан және Шымкент қаласынан портландцемент;
- 28) Қарағанды облысынан орталық жылытуға арналған радиаторлар;
- 29) Алматы, Қарағанды облыстары мен Алматы қаласынан орталық жылыту қазандықтары;
- 30) Қарағанды, Алматы облыстары мен Шымкент қаласынан цистерналар, бөшкелер, барабандар, канистрлер, жәшіктер мен ыдыстар;
- 31) Жетісу, Ақмола, Алматы, Жамбыл облыстарынан және Алматы қаласынан граниттен жасалған плиталар мен қаптау плиткалары;
- 32) Ақмола, Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарының қож-мақталар, минералды силикат мақта;
- 33) Шығыс Қазақстан, Түркістан облыстарынан, Алматы қаласынан 1 000 вольттан астам кернеуге электр тізбектерін ажыратуға, ауыстыруға немесе қорғауға арналған аппаратура;
- 34) Қарағанды, Павлодар облыстарынан, Алматы және Шымкент қалаларынан электрондық және электрлік сымдар мен кабельдер;
- 35) Жетісу облысынан электр аккумуляторлары;
- 36) Алматы облысы мен Алматы қаласынан шамдар мен жарықтандыру құрылғылары;
- 37) Түркістан облысы мен Алматы қаласынан электр трансформаторлары;
- 38) Ақмола облысынан шарикті немесе роликті мойынтіректер;
- 39) Қарағанды, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарынан теміржол вагондары мен платформалары;
- 40) Жамбыл облысынан фосфорлы, минералды немесе химиялық тыңайтқыштар;
- 41) Ақмола облысынан пестицидтер мен агрохимиялық өнімдер;
- 42) Абай, Алматы, Павлодар облыстарынан және Алматы қаласынан бояулар, лактар, ерітінділер;
- 43) Қарағанды облысынан шойын және тазартылмаған болат;
- 44) Қарағанды, Шығыс Қазақстан облыстарынан өңделмеген және жартылай өңделген немесе ұнтақ түріндегі күміс және алтын;
- 45) Павлодар облысынан алюминий;
- 46) Шығыс Қазақстан облысынан қорғасын және мырыш;
- 47) Қарағанды облысы мен Ұлытау облысынан мыс.
- Батыс өңірі елдің басқа өңірлеріне келесі тауар түрлерін жеткізе алады:
- 1) Атырау облысынан мұнай отыны (мазут) және газ майы;
 - 2) Атырау облысынан моторлы отын (бензин, оның ішінде авиациялық);
 - 3) Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарынан табиғи газ;

- 4) Атырау және Батыс Қазақстан облыстарынан өнеркәсіптік газдар;
- 5) Маңғыстау облысынан аммиак;
- 6) Маңғыстау облысынан азотты, минералды немесе химиялық тыңайтқыштар;
- 7) Батыс Қазақстан облысынан консервіленген ет;
- 8) Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарынан силикат және қож кірпіштер;
- 9) Батыс Қазақстан облысынан электр трансформаторлары;
- 10) Маңғыстау облысынан азотты, минералды немесе химиялық тыңайтқыштар.

3-параграф. Инженерлік инфрақұрылымды кешенді дамыту шаралары

50. Сумен қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің өңіраралық схемасында әкімшілік облыстар мен аудандар бөлінісінде 2040 жылға дейін тұрақты сумен қамтамасыз ету мәселелері, сондай-ақ 2050 жылға дейінгі болжамды деректер қаралған (осы Өңіраралық схемаға 8-9-қосымшалар).

Әкімшілік облыстар мен аудандар бөлінісінде қазіргі деңгейде жерүсті және жерасты суларын пайдалану талдауы, олардың меншікті сумен қамтамасыз етілуі бойынша есептеулер, экономика салаларының су ресурстарына қажеттілік есептері орындалды.

1-кесте – Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің әкімшілік облыстары бөлінісінде 2040 , 2050 жылдарға су жинаудың, пайдаланудың және бұрудың негізгі көрсеткіштері, жылына миллион текше метр

Облыс, қала	Есептік деңгейлер	Су жинау			
		Барлығы	Үстіңгі	Жерасты	Өзгелер*
Ақтөбе облысы	2040	613,0	461,6	148,0	3,4
	2050	718,3	537,1	176,2	5,0
Атырау облысы	2040	463,2	457,4	5,9	0
	2050	548,4	539,8	8,6	0
Батыс Қазақстан облысы	2040	872,3	819,3	48,9	4,0
	2050	985,2	924,5	55,2	5,5
Маңғыстау облысы	2040	1 874,6	1 794,7	53,0	26,7
	2050	2 265,6	2 171,9	64,9	28,6
ЖИЫНЫ	2040	3 823,2	3 533,0	255,9	34,2
	2050	4 517,5	4 173,3	304,9	39,2

1-кестенің жалғасы

Суды пайдалану				Су бұру
Барлығы	Үстіңгі	Жерасты	Өзгелер*	
600,5	461,5	135,51	3,4	88,12
712,2	537,1	170,1	5,0	129,1
455,1	449,2	5,9	0	159,8

548,3	539,8	8,6	0	222,8
857,1	804,1	48,9	4,0	53,5
982,9	922,1	55,2	5,5	73,2
1 874,2	1 794,8	53,1	26,7	1 724,7
2 265,	2 172,0	64,9	28,6	2 099,7
3 787,	3 509,6	243,4	34,2	2 026,2
4 509,1	4 171,1	298,8	39,2	2 524,9

Ескертпе. Өзгелер* - коллекторлық-дренажды және сарқынды сулар

Әкімшілік аудандар бөлінісінде 2040, 2050 жылдарға арналған суды жинаудың, пайдаланудың және бұрудың негізгі көрсеткіштері осы өңіраралық схемаға 10-17-қосымшаларда келтіріледі.

Өңірдің аумағы бойынша су ресурстарының біркелкі бөлінбеуі Атырау және Маңғыстау облыстарында су ресурстарының тапшылығы қаупін туғызады.

Болашақта өнеркәсіптің жоспарланған дамуына және тұрақты суаруға байланысты қолда бар су ресурстарын ұлғайту талап етіледі.

Көздер мен әкімшілік аудандар бөлінісінде суаруға белгіленген алаңдарды жерасты, сарқынды, коллекторлық-дренажды суларды пайдалану, сондай-ақ экономиканың барлық салаларында су үнемдеу технологияларын енгізу есебінен ұлғайтуға болатын қолда бар су ресурстарын елеулі ұлғайтусыз қамтамасыз ету мүмкін емес.

Қолда бар су ресурстарын нақтылау тұщы су қорларының әлеуетті көздері болып табылатын жерасты суларын неғұрлым кең пайдалану, сондай-ақ экономика салаларын жерүсті су ресурстарымен кепілдендірілген қамтамасыз ету үшін су бөлу туралы халықаралық шарттар бойынша міндеттемелерді орындау қажеттігін көрсетті.

Су ресурстарын ұтымсыз пайдалану проблемаларын шешу, барлық салаларда ұтымды пайдалануды ынталандыру су ресурстарының едәуір көлемін босатуға мүмкіндік береді.

2040 жылға қарай халықтың орталықтандырылған сумен жабдықтауға қол жеткізу мәселелерін, сондай-ақ өзен ағынын реттеу, аумақтық қайта бөлу және өңір халқының қалалар мен ауылдық елді мекендерде сумен жабдықтау қызметтеріне қол жеткізуін 100% қамтамасыз ету жолымен қолда бар су ресурстарын ұлғайту саласындағы міндеттерді шешу ұсынылады, оның ішінде:

1) Ақтөбе облысында – орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйелеріне қосылмаған және құбырлы және шахталық құдықтардан суды пайдаланатын 92 елді мекеннің ауызсуға қол жеткізу мәселесін шешу;

2) Атырау облысында – Қоянды топтық суағарын реконструкциялау, "Көкжиде" кен орнынан суағар салу және 30 елді мекеннің сапалы ауыз суға қол жеткізуі мәселесін шешу;

3) Батыс Қазақстан облысында – Үрді және Каменск топтық су құбырларын реконструкциялау, сондай-ақ орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйелеріне қосылмаған 171 елді мекеннің сапалы ауыз суға қол жеткізуі мәселесін шешу;

4) Маңғыстау облысында – тұщыландыру зауыттарын жаңғырту және салу, "Құйылыс-Меловое" кен орнынан "Каспий" тұщыландыру зауытына дейін "Ақтау-Құрық-Жетібай-Шетпе" су құбырларының жаңа трассаларын салу, сондай-ақ орталықтандырылған сумен жабдықтау жүйесі жоқ 20 елді мекеннің сапалы ауыз суға қол жеткізуі мәселесін шешу;

5) коммуналдық шаруашылық объектілерін басым түрде тұрақты сумен жабдықтау;

6) экономиканың әртүрлі саласында су тұтыну технологиясын жетілдіру;

7) жерасты суларын ауызсу қажеттіліктері, суару және суландыру үшін, өнеркәсіпте және өзге салаларда кеңінен пайдалану, сондай-ақ қайтармалы, ағын және тұщы суларды пайдалану;

8) су ресурстарының жергілікті профициті есебінен ағындарды бассейнішілік, бассейнаралық қайта бөлу;

9) Ресей Федерациясымен трансшекаралық өзендер бойынша өзен ағынын бөлу;

10) су беруді арттыру және қосымша реттеуші сыйымдылықтарды жасау үшін су тораптарын реконструкциялауды және жаңа су қоймаларын салуды жүзеге асыру қажет

51. Электрмен жабдықтау

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің электр энергиясына тапшылығын жеке меншік энергия көздерін, сондай-ақ Қазақстанның Орталық өңірінің энергия көздерінен жеткізілімдерді ескере отырып өтеу ұсынылады. Энергетикалық желілер мен құрылыстардың елеулі бөлігі өткен ғасырдың 60-70 жылдары салынған. Сондықтан қосалқы станциялар мен әуе желілерінің жабдықтары моральдық тұрғыдан ғана ескеріп қоймай, физикалық тұрғыдан да тозған.

Өңірдің 2040 жылға арналған электр тұтынуының болжамды ең жоғары деңгейі 28,8 миллиард киловатт-сағат көлемінде көзделеді.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің электр станцияларын дамыту жөніндегі негізгі ұсыныстар қолданыстағы желілердің жабдықтарын техникалық қайта жарақтандыруды және реконструкциялауды, сондай-ақ жаңа құрылысты, оның ішінде Ақтөбе жылу электр орталығын реконструкциялауды, Атырау жылу электр орталығын кеңейтуді, Батыс Қазақстан облысында газ турбиналы электр станциясын салуды, Маңғыстау облысының 2-жылу электр орталығы алаңында бу-газ қондырғысын салуды көздейді.

Желілердің өткізу қабілетін арттыру, тұтынушыларды электрмен жабдықтау сенімділігін арттыру, Батыс Қазақстанды Қазақстанның бірыңғай энергетикалық жүйесімен біріктіру үшін 2030 жылға дейінгі деңгейде 220 киловольт "Орал – Оң жағалау – Индер – Атырау – Құлсары – Теңіз" әуе желісінің екінші тізбегін және 500

киловольт "Атырау" қосалқы станциясын салумен 500 киловольт "Өлке – Атырау" жүйеаралық әуе желісін салу ұсынылады.

Батыс Қазақстан облысында кернеуі 35-110 киловольт болатын, пайдалану мерзімі 30 жыл немесе одан да көп және техникалық жағдайы қанағаттанарлықсыз желілерді реконструкциялау. Бұл реконструкциялау жабдықты ауыстыруды және сенімді құрылымдарға көшуді қамтиды.

Сенімділікті арттыру үшін 110 киловольт Батыс, Землячка және ескірген жүйелері бар басқа қосалқы станциялардағы қысқа тұйықталу тарату құрылғыларын қазіргі заманғы элегаздық типті ажыратқыштарға ауыстыру.

Тұтынушыларды электрмен жабдықтаудың сапасы мен тиімділігін жақсарту үшін 35 киловольттан 110 киловольтқа және 6 киловольттан 10 киловольтқа ауысатын электр желілерінің құрылымын қайта қарау.

52. Жылумен жабдықтау

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінде жылу жүктемесі мен жылуды тұтынудың болжамды деңгейлерін бағалау метеодеректерді қолдана отырып, "Ғимараттардың жылу қорғанысы" 2.04-07-2022 Қазақстан Республикасының Құрылыс нормалары құжатында көзделген стандарттарды ескере отырып іске асырылды.

Жылыту, желдету және ыстық сумен жабдықтау үшін қажетті жылу ағындары 4.02-02-2004 "Жылу желілері" мемлекетаралық құрылыс нормаларын және 3.01-01-2013 Қазақстан Республикасының Құрылыс нормаларын, 3.01-101-2013 "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу" Қазақстан Республикасының ережелер жинағын қоса алғанда, Қазақстан Республикасының нормаларына сәйкес келетін жалпы қабылданған жылу тұтыну стандарттарын ескере отырып есептелді.

Келешекте орташа жылдық өсу қарқыны Ақтөбе облысы бойынша 1,6-3,0%, Атырау облысы бойынша 2,5%, Батыс Қазақстан облысы бойынша 1,8% және Маңғыстау облысы бойынша 3,6% болатын жылу тұтынудың өсуі күтілуде.

2-кесте. Жылу тұтыну, мың гигакалория

Атауы	2030 ж.	2040 ж.
Қазақстан Республикасының Батыс өңірі бойынша барлығы	24 992	36 372
Ақтөбе облысы		
Жылудың шығысы барлығы, оның ішінде:	9 110	12 131
тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарды жылытуға	5 463	7 275
желдетуге	1 681	2 239
ыстық сумен жабдықтауға	1 965	2 617
Атырау облысы		

Жылудың шығысы барлығы, оның ішінде:	6 653	10 655
тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарды жылытуға	3 875	6 206
желдетуге	1 192	1 910
ыстық сумен жабдықтауға	1 586	2 540
Батыс Қазақстан облысы		
Жылудың шығысы барлығы, оның ішінде:	6 434	8 366
тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарды жылытуға	3 832	4 983
желдетуге	1 179	1 533
ыстық сумен жабдықтауға	1 422	1 849
Маңғыстау облысы		
Жылудың шығысы барлығы, оның ішінде:	2 795	5 220
тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарды жылытуға	1 029	1 921
желдетуге	1 258	2 349
ыстық сумен жабдықтауға	508	949

53. Газбен жабдықтау

Бекітілген Қазақстан Республикасын газдандырудың 2015-2030 жылдарға арналған бас схемасында белгіленген іс-шараларды іске асыру 2030 жылға қарай Қазақстан Республикасының Батыс өңірі облыстарының елді мекендерін барынша газдандыруға мүмкіндік береді.

4-параграф. Көлік инфрақұрылымын кешенді дамыту шаралары

54. Өңірлік және өңіраралық көлік инфрақұрылымын нығайту өңірді кешенді дамыту бағыттарының бірі болып табылады.

Өңірдің көлік саласын дамыту мынадай салалардағы: автожол, теміржол, азаматтық авиация, су көлігіндегі инфрақұрылым деңгейін арттыруға және көлік-коммуникация кешенінің халықаралық көлік желілеріне интеграциялану деңгейін арттыруға бағытталатын болады (осы Өңіраралық схемаға 18-19 қосымшалар).

55. Теміржол көлігі инфрақұрылымын дамытуда 2030 жылға қарай мынадай жұмыстарды жүргізу ұсынылады:

1) "Мақат – Индер" - 151 километр, "Құлсары – Мақат" - 95 километр, "Мақат – Атырау" - 125 километр теміржол учаскелерін электрлендіру, бұл желілердің тасымалдау қабілетін едәуір арттыруға және экономикалық әсер жасауға мүмкіндік береді;

2) "Шалқар – Құрық порты" – 986 км учаскесінде екінші жолдарды салу;

3) Никельтау – 2 км айналма жолын салу.

2040 жылға қарай:

- 1) ұзындығы 486 километр "Орал – Атырау" теміржол желісін салу;
- 2) ұзындығы 135 километр "Маңғышлақ – Баутино" теміржол желісін салу;
- 3) ұзындығы 393 километр "Бейнеу – Маңғыстау" теміржол желісінде екінші жолдарды салу және электрлендіру;
- 4) 194 километр "Орал – Шыңғырлау" теміржол желісін электрлендіру;
- 5) 193 километр "Ақтөбе – Қандыағаш – Ембі (Жем)" теміржол желісін электрлендіру;
- 6) 231 километр "Хромтау – Қандыағаш – Шұбарқұдық" теміржол желісін электрлендіру ;
- 7) 77 километр "Ақтөбе – Мәртөк" теміржол желісін электрлендіру;
- 8) 61 километр "Бестамақ – Құрайлы" қатынасымен Ақтөбе торабын айналып өтетін Батыс айналма электрлендірілген теміржол желісін салу;
- 9) 82 километр "Бестамақ (Ақтөбе) – Хромтау" электрлендірілген теміржол желісін салу ұсынылады;

2050 жылға қарай:

- 1) 264 километр "Астана – Арқалық – Шалқар" теміржол желісін салу;
- 2) 303 километр "Ақтөбе – Шыңғырлау" теміржол желісін салу;
- 3) 135 километр "Маңғышлақ – Баутино" теміржол учаскесін электрлендіру ұсынылады.

Қазіргі уақытта коммуналдық меншіктегі теміржол вокзалдары жағдайының мәселесі өзекті болып отыр (пайдалану мерзімі орта есеппен 50 жылдан астам). Мысалы, Маңғыстау облысындағы Ақтөбе бөлімшесі (Шалқар, Шұбарқұдық, Қандыағаш, Хромтау, Алға және Мәртөк, Жарсай, Тамды, Темір, Бестамақ, Қаратоғай ауылдары), Атырау бөлімшесі (Құлсары), Маңғыстау бөлімшесі - Маңғышлақ және Бейнеу теміржол вокзалдары бойынша жаңғырту жүргізу. Қазіргі уақытта Маңғыстау облысының облыс орталығы үшін жаңа теміржол вокзалын салу мәселесін пысықтау жүзеге асырылуда.

Теміржол көлігі инфрақұрылымын дамыту шеңберінде 2050 жылға қарай жобада мынадай іс-шараларды өткізу ұсынылады:

- 1) жолаушылар вагондарын сатып алу және жөндеу, себебі пайдалану мерзімі 25 жылдан асатын теміржол жылжымалы құрамының (жолаушылар вагондарының) үлесі 45%-ға жуық;
- 2) Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің аумағында теміржол вокзалдарын реконструкциялау және күрделі жөндеу;
- 3) жолдың жоғарғы құрылысын жаңғырту (реконструкциялау);
- 4) жүк вагондары мен локомотивтердің жылжымалы құрамын жөндеу;
- 5) барлық магистральдық теміржол желісінің және сала объектілерінің техникалық жағдайын халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру;

- 6) қазіргі заманғы жылдам жолаушылар қатынасын дамыту;
- 7) жүк тасымалдарының жалпы көлеміндегі транзит үлесін елеулі ұлғайту;
- 8) отандық көлік операторларын әлемдік нарыққа интеграциялау;
- 9) отандық көлік операторларының қызметіндегі сыртқы экономикалық құрамдас бөліктің өсуі.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірі өзінің бірегей географиялық орналасуын одан әрі транзиттік тасымалдарды дамыту үшін пайдаланудың нақты мүмкіндігіне ие.

Жаңа теміржол желілері өңіраралық және мемлекетаралық қатынастардағы тасымалдардың тиімділігін арттыруға ықпал етеді, Қазақстан Республикасының Батыс өңіріне көліктік қызмет көрсетуді жақсартады, табиғи ресурстарды пайдалану, өндіргіш күштерді дамыту, халықтың өмір сүру сапасын арттыру үшін қолайлы алғышарттар жасайды.

56. Жобаланатын өңірдің жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдарының ұзындығы 18 556,8 километрді құрайды, оның ішінде облыстар бөлінісінде:

1) Ақтөбе облысында – 6 330,0 километр, олардың ішінде: республикалық маңызы бар – 1 869 километр, облыстық маңызы бар – 1 264,9 километр және аудандық маңызы бар – 3 196,1 километр;

2) Атырау облысында – 3 052,5 километр, республикалық маңызы бар – 1 126,0 километр, облыстық маңызы бар – 837,8 километр және аудандық маңызы бар – 1 088,7 километр;

3) Батыс Қазақстан облысында – 6 111,1 километр, республикалық маңызы бар – 1 349,0 километр, облыстық маңызы бар – 1 620 километр және аудандық маңызы – 3 142,1 километр;

4) Маңғыстау облысында – 3 063,2 километр, республикалық маңызы бар – 1 013,0 километр, облыстық маңызы бар – 1 029,3 километр және аудандық маңызы бар – 1 020,9 километр.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің аумағы арқылы "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" халықаралық көлік дәлізінің М-32 "Шымкент – Қызылорда – Ақтөбе – Орал – Ресей Федерациясының шекарасы (Самараға)" халықаралық маңызы бар жолы өтеді.

Қазақстан Республикасының Батыс өңіріндегі автомобиль жолдарын талдау және бағалау негізінде жобада автомобиль инфрақұрылымын дамыту жөніндегі жобалық шешімдер ұсынылады.

2030 жылға қарай:

1) Атырау қаласының айналма жолын сала отырып, 867,5 километр "Ақтөбе – Атырау – Ресей Федерациясының шекарасы (Астраханьға)" республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау;

2) 110 километр "Орал – Каменка – Ресей Федерациясының шекарасы" республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау және жобалау-іздігіру жұмыстарын жүргізу;

3) "Батыс Еуропа – Батыс Қытай" тас жолымен өтетін 262 километр "Ақтөбе – Қарабұтақ – Ұлғайсын" автомобиль жолын реконструкциялау және жобалау-іздігіру жұмыстарын жүргізу;

4) 35,3 километр "Ақтөбе қаласының оңтүстік айналма жолы" автомобиль жолын реконструкциялау;

5) 134 километр "Ақтөбе – Ресей Федерациясының шекарасы (Орск)" қатынасымен республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау;

6) 144 километр "Орал – Ресей Федерациясының шекарасы (Орынборға)" "Подстепное – Федоровка – Ресей Федерациясының шекарасы (Елекке)" учаскесін реконструкциялау және жобалау-іздігіру жұмыстарын жүргізу;

7) 181 километр "Құлсары қаласының айналма жолын сала отырып Құлсары – Мұқыр" республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау және жобалау-іздігіру жұмыстарын жүргізу;

8) 86 километр "Атырау – Доссор" республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау және жобалау-іздігіру жұмыстарын жүргізу (І санатқа ауыстыру) ұсынылады.

2040 жылға қарай:

1) 15,1 километр "Ақтөбе қаласының батыс айналма жолы" автомобиль жолын салу;

2) 48 километр "Ақтөбе қаласының үлкен оңтүстік айналма жолы" автомобиль жолын салу;

3) 513,7 километр "Астана – Арқалық – Ырғыз – Шалқар – Бейнеу" республикалық маңызы бар автожолын салу және жобалау-іздігіру жұмыстарын жүргізу;

4) 156 километр "Ресей Федерациясының шекарасы (Астраханьға) – Атырау – Жаңаөзен – Кендірлі – Түрікменстан шекарасы" республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау және жобалау-іздігіру жұмыстарын жүргізу;

5) Орал қаласының айналма жолын сала отырып, 519 километр "Орал – Атырау" республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау және жобалау-іздігіру жұмыстарын жүргізу;

6) Атырау облысының 123 километр ("Қарабау – Миялы") "Индер – Қарабау – Миялы – Сағыз" учаскесі бойынша облыстық маңызы бар автомобиль жолдарын реконструкциялау;

7) Атырау облысының 563,4 километр облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу;

8) Батыс Қазақстан облысының облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының "Жымпиты – Қаратөбе" – 96,2 километр; "Жымпиты – Ақсай" – 124,3 километр; "Ақсай – Бөрлі" – 33 километр; "Ақсай – Федоровка" – 82,2 километр; "Ақсай – Шыңғырлау" – 72,6 километр; "Үлкен Шаған – Переметное" – 5,6 километр учаскелерін реконструкциялау;

9) Батыс Қазақстан облысының 310 километр облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу;

10) Маңғыстау облысының облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының "Ақтау – Құйылыс – Шетпе" – 100 километр; "Ақтау – Форт-Шевченко" – 134,1 километр; "Кендірлі демалыс базасына кірме жол" – 5 километр; "Ата жолы" – 51 километр; "Жыңғылды – Шайыр – Шерқала жері" 35 километр учаскелерін реконструкциялау;

11) Маңғыстау облысының 459 километр облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу;

12) Маңғыстау облысында 4 километр "Отпан Тау" кешеніне кірме автожол" учаскесі бойынша облыстық автожол салу;

13) Ақтөбе облысының облыстық маңызы бар автомобиль жолдарының "Ақтөбе – Родниковка – Мәртөк" – 92,8 километр; "Ақтөбе – Болгарка – Шұбарқұдық" – 152,0 километр; "Шұбарқұдық – Ойыл – Қобда – Соль-Илецк" – 269,8 километр; "Қобда – Мәртөк" – 84 километр; "Ақтөбе – Орск – Петропавл – Хазретовка" – 35,3 километр; "Донское – Бадамша – Ақтөбе – Орск" – 69,7 километр учаскелерін реконструкциялау;

14) Ақтөбе облысының 461,3 километр облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын күрделі және орташа жөндеу;

15) 119 километр "Ойыл – Қаратөбе" учаскесі бойынша Ақтөбе және Батыс Қазақстан облыстарының облыстық маңызы бар автомобиль жолын салу;

16) 70 километр "Ойыл – Миялы" учаскесі бойынша Ақтөбе және Атырау облыстарының облыстық маңызы бар автомобиль жолын салу;

17) 180 километр "М 32 – Талдық – Қаратоғай – А 26" учаскесі бойынша Ақтөбе облысының облыстық маңызы бар автомобиль жолын салу;

18) 64,3 километр Атырау облысы бойынша "Сүйіндік – Бисен" учаскесі бойынша облыстық маңызы бар автомобиль жолын салу;

19) 24 километр "Маштексай – Қарасу" учаскесі бойынша Батыс Қазақстан облысының облыстық маңызы бар автомобиль жолын салу;

20) 137 километр Маңғыстау облысының облыстық маңызы бар "Жаңаөзен – Болашақ шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы" автомобиль жолын салу;

21) 166,8 километр "Атырау – Индер" учаскесі бойынша Атырау облысының облыстық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау;

22) Батыс Қазақстан облысының облыстық маңызы бар автомобиль жолын: "Барбастау – Ақжайық – Индербор" – 311,7 километр; "Чапаев – Жанқала – Сайқын" – 405,6 километр; "Тасқала – Аққурай – Болашақ – Ресей Федерациясының шекарасы" – 154,8 км; "М 32 – Анкаты – Сарыөмір" – 60,7 километр; "Приуральный – Ақсай" – 38 километр; "Шыңғырлау – Лубен – Лебедевка" – 105,1 километр; "Жетібай – Қарамандыбас – Жаңаөзен" – 80 километр; "Сайөтес – Қарақұдық – Қызылсай" – 108,0 километр; "Форт-Шевченко – Таушық – Шетпе" – 161,0 километр; "Ақтау – Форт-Шевченко – Қаламқас кен орны" – 227,1 километр учаскелері бойынша реконструкциялау;

23) Маңғыстау облысының облыстық маңызы бар автомобиль жолын "Жетібай – Қарамандыбас – Жаңаөзен" – 80 километр; "Сайөтес – Қарақұдық – Қызылсай" – 108,0 километр; "Форт-Шевченко – Таушық – Шетпе" – 161,0 километр; "Ақтау – Форт-Шевченко – Қаламқас кен орны" – 227,1 километр учаскелері бойынша реконструкциялау ұсынылады.

2050 жылға қарай:

1) "Орталық – Батыс" дәлізінің 256 километр "Қандыағаш – Шалқар" республикалық маңызы бар автомобиль жолын реконструкциялау және жобалау-іздістіру жұмыстарын жүргізу;

2) 218,5 километр "Чапаев – Жалпақтал – Қазталовка – Ресей Федерациясының шекарасы" автомобиль жолын реконструкциялау ұсынылады.

Автожол саласының басты проблемасы жол жабындарының көтергіш қабілетінің үдемелі жоғалуы болып қала береді. Автомобиль жолдарының инфрақұрылымына тартылатын инвестицияларға қарамастан, жолдардың, әсіресе облыстық және аудандық маңызы бар жолдардың техникалық жағдайын жақсарту өзектілігін жоғалтпайды.

Облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль жолдарын салуды, реконструкциялауды және күрделі жөндеуді орындау қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сондай-ақ халықтың ұтқырлығын арттыруға, жолаушылар ағынын ұлғайтуға, облысаралық тасымалдарды ұлғайтуға ықпал етеді. Жолдардың жағдайын жақсарту осы жолдарда орналасқан елді мекендердің әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей әсер етеді.

57. Қоғамдық жолаушылар тасымалының инфрақұрылымы өзінің техникалық және сервистік параметрлері бойынша тиісті жағдайға келтіру үшін қомақты ресурстарды талап етеді.

2030 жылға қарай Маңғыстау облысының Ақтау қаласында 1 автовокзал және Ақтөбе облысында 1 автостанция салу ұсынылады: Комсомольское кентінде – 1, Шұбарқұдық кентінде – 1, Қобда кентінде – 1; Атырау облысы Құлсары қаласында – 1; Батыс Қазақстан облысы Ақсай қаласында – 1; Маңғыстау облысы Құрық ауылында – 1

2040 жылға қарай Ақтөбе облысының Ақтөбе қаласында 1 автовокзал салу ұсынылады.

2050 жылға қарай Маңғыстау облысы Форт-Шевченко қаласында 1 автостанция салу ұсынылады.

Ақтөбе облысының Қандыағаш, Хромтау, Алға қалаларында және Мәртөк, Бадамша ауылдарында автостанцияларды реконструкциялау.

2021 жылғы 15 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы бойынша Ақтауда коммуналдық базар мен автовокзалдың құрылысы басталды.

Жергілікті ауыл шаруашылығы өндірушілері үшін сауда орындары, сондай-ақ қалааралық және қала маңындағы бағдарларға қызмет көрсететін көлік құралдары үшін автотұрақ беріледі.

Жаңа автовокзалда сыйымдылығы 750 орындық жолаушылар терминалының ғимараты салынады. Терминал бір уақытта 500 адамға дейін қабылдай алады.

Жолаушыларға қызмет көрсету пункттерін салу автостанциялары жоқ елді мекендерде көзделеді.

2040 жылға қарай жолаушыларға қызмет көрсететін 28 пункт салу ұсынылады: Ақтөбе облысында – 6 пункт; Атырау облысында – 6 пункт; Батыс Қазақстан облысында – 4 пункт; Маңғыстау облысында – 12 пункт.

Осылайша, автомобиль жолдарын реконструкциялау және салу бойынша ұсынылған жобалық ұсыныстар автожол инфрақұрылымын дамытуды қамтамасыз етеді, өңіраралық тасымалдау жылдамдығы артады, автовокзалдарды, автостанциялар мен жолаушыларға қызмет көрсету пункттерін жаңғырту және салу арқылы халыққа автомобиль жолаушылар көлігі қызметтерін көрсетудің қолжетімділігі мен сапасы артады.

58. Қазіргі уақытта "Ақтөбе халықаралық әуежайы" АҚ, "Атырау халықаралық әуежайы", "Орал халықаралық әуежайы", "Ақтау халықаралық әуежайы" сияқты Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің 4 әуежайы халықаралық ұшуларға рұқсат алды.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің әуе көлігі инфрақұрылымын дамыту жөніндегі жобада халықаралық маңызы бар әуежайларды дамытумен қатар, облыс орталықтарымен тікелей байланысы жоқ, сондай-ақ олардан едәуір қашықтықта орналасқан елді мекендерде жергілікті әуе желілерінің әуежайлары мен әуеайлақтарын (бұдан әрі – ЖӘЖ) орналастыру мен дамытудың перспективалық нұсқалары ұсынылады.

2030 жылға қарай:

1) Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы халықаралық әуежайының аэровокзал кешенінің ұшу-қону жолағын реконструкциялау;

2) Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әуежайының жермен жүру аймағын және тұрағын кеңейту;

3) Батыс Қазақстан облысы Жәнібек ауданының Жәнібек ауылында ЖӘЖ әуеайлағын салу;

4) Батыс Қазақстан облысы Казталов ауданының Казталовка ауылында ЖӘЖ әуеайлағын салу;

5) Батыс Қазақстан облысы Бөкей ордасы ауданының Сайқын ауылында ЖӘЖ әуеайлағын салу;

6) Ақтөбе облысы Шалқар ауылында ЖӘЖ әуеайлағын салу (қалпына келтіру);

7) Атырау облысы Миялы ауылында әуеайлақ салу (қалпына келтіру) ;

8) Атырау облысының Құлсары қаласында әуеайлақ салу (қалпына келтіру) ;

9) Маңғыстау облысы Ақтау қаласының жаңа терминалын салу және жұмыс істеп тұрған халықаралық әуежайын жаңғырту;

10) Маңғыстау облысы Бейнеу ауылында әуеайлақ салу (қалпына келтіру);

11) Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласының Кендірлі ауылында жаңа әуежай салу;

12) Атырау облысы Атырау қаласындағы халықаралық әуежайдың жаңа аэровокзал кешенін салу, әуежайдың аэровокзал кешенінің ұшу-қону жолағын реконструкциялау және жаңғырту ұсынылады.

2040 жылға қарай:

1) Ақтөбе облысы Бозой ауылында ЖӘЖ әуеайлағын салу (қалпына келтіру);

2) Атырау облысы Мақат кентінде ЖӘЖ әуеайлағын салу (қалпына келтіру);

3) Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласында ЖӘЖ әуеайлағын салу (қалпына келтіру) ұсынылады.

2050 жылға қарай:

1) Ақтөбе облысы Кеңқияқ ауылында ЖӘЖ әуеайлағын салу (қалпына келтіру);

2) Ақтөбе облысы Қарабұтақ ауылында ЖӘЖ әуеайлағын салу (қалпына келтіру)

;

3) Атырау облысы Индербор кентінде ЖӘЖ әуеайлағын салу (қалпына келтіру);

4) Атырау облысы Қарабау ауылында ЖӘЖ әуеайлағын салу (қалпына келтіру);

5) Маңғыстау облысы Форт-Шевченко қаласында ЖӘЖ әуеайлағын салу (қалпына келтіру) ұсынылады.

59. Ішкі су кеме қатынасы жолдарының ұзындығы 1 069,2 километрді құрайды, оның ішінде: Атырау облысының аумағы бойынша – 446,2 километр, Батыс Қазақстан облысы бойынша – 623 километр.

Атырау облысында Атырау өзен порты (сағалық порт – 1), паромдық өткелдер – 2 бірлік (Махамбет ауданының Махамбет кентінде және Құрманғазы ауданының Көптоғай кентінде) жұмыс істейді. Маңғыстау облысында Ақтау, Баутино және Құрық теңіз порттары жұмыс істейді.

Ақтау теңіз порты Каспий теңізінің жүк ағындарын қалыптастыру мен ауыстырып тиеуде жетекші орындардың бірін алады, порттың өткізу қабілеті шамамен 21 миллион тоннаны құрады.

2015-2018 жылдары Құрық портында қуаттылығы жылына 6 миллион тонна паром кешенін салу жобасы іске асырылды. Ақтау, Баутино және Құрық теңіз порттарының өткізу қабілеті шамамен 27 миллион тоннаны құрайды, оның ішінде: құрғақ жүктерді ауыстырып тиеу бойынша порттардың қуаты 2,5 миллион тоннадан 5,5 миллион тоннаға дейін; паромдық жүктерді ауыстырып тиеу бойынша 2 миллион тоннадан 8 миллион тоннаға дейін ұлғайтылды.

Маңғыстау облысында пайдалану мерзімі 2025 жыл болатын Ақтау қаласының Өмірзақ ауылының аумағында пирс және айлақ қабырғасы бар кеме жасау-кеме жөндеу зауытын салу жоспарлануда.

Көлікке қол жетімділікті қамтамасыз ету үшін 2030 жылға қарай:

- 1) Ақтау және Құрық порттарының базасында контейнерлік хаб құру және экспорттық жүктердің бір бөлігін қайта бағдарлау және Транскаспий бағытындағы контейнер ағынын 2025 жылға қарай 100 мың жиырма футтық баламаға дейін ұлғайту;
- 2) "Құрық порты – Энзели" немесе "Құрық порты – Махачкала" бағыты бойынша паром қатынасын ашу мәселесін пысықтау;
- 3) Құрық портында (Қарақия ауданы) "Саржа" көпфункционалды теңіз терминалын салу;
- 4) техникалық флоттың 40 кемесін салу;
- 5) Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзит көлемін 30 миллион тоннаға дейін өсіру;
- 6) "Қолданыстағы № 1 су жинау каналына жанастырумен Ақтау халықаралық теңіз портының солтүстік шекарасы ауданында су жинау каналын салу" жобасын іске асыру;
- 7) Индербор кентінде, Баянтөбе ауылында, Чапаев ауылында Жайық өзенінің өзен айлағын реконструкциялау;
- 8) Құрық портында кеме жасау-кеме жөндеу зауытын салу ұсынылады.

Құрық портында (Қарақия ауданы) "Саржа" көпфункционалды теңіз терминалының құрылысы" жобасы аясында 5 теңіз терминалының құрылысы жүзеге асырылуда. Ұзақ мерзімді жоба 2030 жылға қарай аяқталады және 1 700 адамды тұрақты жұмысқа орналастыруға мүмкіндік береді. Бұл жоба Маңғыстау облысы арқылы тасымалданатын жүктердің көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді, Қазақстанның экспорттық әлеуетін дамытуға ықпал етеді және жаңа жұмыс орындарын ашады.

2040 жылға қарай:

- 1) "Ақтау теңіз портын" және "Форт Шевченко портын" реконструкциялау;
- 2) Атырау өзен портын реконструкциялау;
- 3) Оралда көлік-логистикалық хабы және екі айлағы бар өзен вокзалын салу;

4) халықаралық теңіз коммуникацияларына қол жеткізетін "Еуразия" каналы (Ресей аумағы) арқылы өтетін Каспий теңізі мен Азов-Қара теңіз бассейнінің тікелей су көлігі қатынасын құру;

5) Ақтау, Баутино және Құрық теңіз порттарының инфрақұрылымын дамыту;

6) су жолдарын кеме қатынасы жағдайында ұстау жөніндегі іс-шараларды жүргізу (түбін тереңдету, жер қазу және түзету жұмыстары);

7) әмбебап құрғақ жүк кемелері мен әмбебап паромдарды сатып алу;

8) Баутино теңіз портының өндірістік қуаттарын жаңғырту және аумағын кеңейту;

9) Атырау облысындағы паром өткелдерін жаңғырту;

10) Маңғыстау облысында жағалау инфрақұрылымын дамыту үшін айлақ салу;

11) мемлекеттік техникалық флотты жаңарту ұсынылады.

60. Қазақстан Республикасының Батыс өңірі бойынша магистральдық газ құбырларының ұзындығы 7 997 километрді құрайды.

"Ташкент Бұхара газды ауданы – Бішкек – Алматы", "Бейнеу – Бозой – Шымкент", "Мақат – Солтүстік Кавказ", "Бұхара – Орал" және "Жаңажол – Ақтөбе" магистральдық газ құбырлары максималды өткізу қабілеті режимінде пайдаланылады.

2030 жылға қарай газ тасымалдау саласын дамыту жөніндегі жобаларды іске асыру жоспарлануда (Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің деректері):

1) Маңғыстау облысы Құрық ауылында автоматтандырылған газ тарату станциясын (бұдан әрі – АГТС) орната отырып, "Жаңаөзен – Ақтау" магистральдық газ құбырынан "Жетібай – Құрық" бұрма магистральдық газ құбырын салу;

2) Маңғыстау облысында "Бейнеу – Бозой – Шымкент" магистральдық газ құбырының екінші желісін салу;

3) Атырау облысындағы қолданыстағы "Мақат – Солтүстік Кавказ" магистральдық газ құбырына ұзындығы 130 километр резервтік газ құбырын (лупинг) салу;

4) Ақтөбе облысында "Жаңажол – Ақтөбе" магистральдық газ құбырының екінші желісін салу;

5) Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласында магистральдық газ құбырының үшінші желісін салу;

6) Маңғыстау облысының "Бейнеу – Жаңаөзен" магистральдық газ құбырының екінші желісін салу;

7) Маңғыстау облысындағы АГТС-тен Құрық ауылына дейін Сарша ауылына дейін жоғары қысымды газ құбырын салу;

8) Батыс Қазақстан облысында Қарашығанақ кен орнында өнімділігі жылына 4 000 000 000 шаршы метр болатын газ өңдеу зауытын салу;

9) Батыс Қазақстан облысындағы "Ростоши – Тайпақ" газ құбырын реконструкциялау;

10) Маңғыстау облысының Ақтау қаласында сұйытылған мұнай газы мен газ конденсатын өндіру үшін жаңа шағын газ өңдеу зауытын салу жоспарлануда;

11) Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласында жаңа газ өңдеу зауытын салу;

12) Атырау облысы Мақат ауданындағы Қашаған кен орнында өнімділігі жылына 1 000 000 000 текше метр кешенді газ дайындау зауытын салу;

13) Атырау облысында салынып жатқан АГТС-Финскаяға дейін жоғары қысымды газ құбырын салу;

14) Батыс Қазақстан және Атырау облыстарында – 1 АГТС, Маңғыстау облысында – 2 АГТС газ тасымалдау жүйесін реконструкциялау.

Ақтөбе облысында 85 ауылдық елді мекенді газдандыру және Маңғыстау облысындағы "Сарша" ауылы мен Құрық ауылын газдандыру жоспарлануда. Исатай ауданы Қызыл үй, Жасқайрат ауылдарын газбен жабдықтау; Атырау облысы Қызылқоға ауданы Тасқұдық, Соркөл, Сарқұмақ, Былқылдақты, Қоңыраулы, Кенбай елді мекендерінің газ құбыры желілерін салу жоспарлануда.

Батыс өңірінің аумағы арқылы өтетін магистральдық мұнай құбырлары – 3 967,5 километр.

Теңіз, Қарашығанақ және Қашаған кен орындарында мұнай өндіру көлемін ұлғайту мақсатында өзекті мәселелердің бірі мұнай құбырының өткізу қабілетін кеңейту болып табылады. Мұнай өндіруді 17,5 миллион тоннаға дейін ұлғайту жоспарлануда.

Құбыр көлігінің инфрақұрылымын одан әрі дамыту үшін 2030, 2040 және 2050 жылдарға қарай мыналар ұсынылады:

1) Реверсті орындай отырып "Кеңқияқ – Атырау", "Кеңқияқ – Құмкөл", "Құмкөл – Атасу" және "Атасу – Алашанькоу" мұнай құбырларын қоса отырып, "Қазақстан – Қытай" трансұлттық мұнай құбыры жүйесін құру;

2) Қашаған кен орнын игерудің екінші кезеңін іске асыру кезінде "Ескене – Құрық" магистральдық мұнай құбырын салу мүмкіндігін қарастыру;

3) "Солтүстік Қаражанбас" кен орнында тауарлық мұнайды тасымалдау үшін мұнай құбырын салу;

4) "Қазақстан – Қытай" магистральдық мұнай құбырының өткізу қабілетін 20 миллион тоннаға дейін ұлғайту және оны елдің құбыр жүйесінің негізгі бөлігіне қосу;

5) көмірсутек шикізатын (мұнай/газ) терең өңдеу өнімдерінің экспортына және қосылған құны жоғары өнім шығаруға көшу;

6) қуаттылығы жылына 750 мың тонна болатын мұнайды терең өңдеу зауыты;

7) Маңғыстау облысында "Бейнеу – Бозой – Шымкент" магистральдық газ құбырының екінші желісін салу;

8) "Қазақстан – Қытай" магистральдық газ құбырының үшінші желісінің құрылысын аяқтау;

9) "Ростоши – Тайпак" газ құбырын реконструкциялау;

10) Қазақстан Республикасының Батыс өңіріндегі елді мекендерді барынша газдандыру.

61. Логистика қолданыстағы және жобаланған көлік-логистикалық орталықтармен ұсынылған.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің қалалары мен облыстарында арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарды құру және дамыту жолаушылар мен жүктерді тасымалдауды ұйымдастыру және жүзеге асыру процесінде көлік түрлері арасындағы технологиялық өзара іс-қимылды қамтамасыз ететін көліктік-логистикалық орталықтар (КЛО) құру үшін алғышарт болып табылады.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің аумағында:

2030 жылға қарай: 8 КЛО салу: Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласында – 3 бірлік, Хромтау қаласында – 1 бірлік, Батыс Қазақстан облысы Теректі ауданында – 1, Маңғыстау облысы Ақтау қаласында – 2, Атырау облысында – 1 бірлік;

2040 жылға қарай 1 КЛО салу ұсынылады: Маңғыстау облысының Ақтау қаласында – 1;

2050 жылға қарай Маңғыстау облысының Ақтау қаласында 1 КЛО салу ұсынылады.

Маңғыстау облысында 2002 жылы қолданылу мерзімі 2003-2028 жылдарға арналған "Ақтау теңіз порты" АЭА құрылды. АЭА аумағы 2 140 гектарды құрайды және 8 жеке субаймаққа бөлінген.

2030 жылға қарай "Ақтау теңіз порты" АЭА № 2 және № 4 субаймақтарында КЛО құру, 2040 жылға қарай "Ақтау теңіз порты" АЭА № 5 және № 6 субаймақтарында КЛО құру ұсынылады.

"Ақтау теңіз порты" АЭА аумағында Каспий өндірістік-логистикалық кешенін құру көзделіп отыр. Қызметтің басым түрлері: логистика, мұнай жабдықтары.

Ақтау және Құрық порттарының базасында контейнерлік хаб құру және экспорттық жүктердің бір бөлігін қайта бағдарлау және Транскаспий бағытында контейнер ағынын ұлғайту көзделеді.

5-параграф. Әлеуметтік инфрақұрылымды дамытудың негізгі бағыттары

62. Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің аумағына қызмет көрсету жүйесі халықты қоныстандыру жүйесіне байланысты екі негізгі фактор негізінде айқындалған: халыққа қызмет көрсетудің көп деңгейлі жүйесін қалыптастыру; халықты әлеуметтік сала объектілерінің нормативтік санымен қамтамасыз ету. Қазақстан Республикасының Батыс өңірінде халыққа қызмет көрсетудің мынадай деңгейлері қалыптасады:

- 1) өңіраралық деңгейде – Ақтөбе агломерациясының орталығы – Ақтөбе қаласы;
- 2) өңірлік деңгейде – облыс орталықтары – Ақтау, Атырау, Орал қалалары;
- 3) халыққа қызмет көрсетудің ауданаралық деңгейі моноқалалар – Жаңаөзен, Ақсай, Хромтау, Құлсары қалаларында және шағын қалалар – Қандыағаш, Шалқар, Алға, Ембі, Темір, Жем (Ақтөбе облысы), Форт-Шевченко (Маңғыстау облысы)

қалаларында қалыптасуда. Өз кезегінде бұл қалалардың бір бөлігі аудандық деңгейді де қалыптастырады;

4) аудан орталығы мәртебесі берілген қалалар мен ауылдық елді мекендерде аудандық қызмет көрсету деңгейі айқындалған. Қазақстан Республикасының Батыс өңірінде барлығы 38 аудан (оның ішінде Ақтөбе қаласында 2 аудан) бар;

5) елді мекендер топтарына қызмет көрсету функцияларын орындайтын ауылдық округтердің орталықтарында жергілікті деңгей қалыптасады. Қазақстан Республикасының Батыс өңірі бойынша барлығы 381 ауылдық округ (еліміздің барлық ауылдық округтерінің 17,6%-ы) бар;

6) халыққа қызмет көрсетудің қоныстану деңгейі елді мекендерде құрылады. Қазақстан Республикасының Батыс өңірі бойынша 940 ауылдық елді мекен (елдің барлық ауылдық елді мекендерінің 15,0%-ы) бар.

Қызмет көрсетудің әрбір деңгейінде халықтың қажеттіліктеріне сәйкес келетін қызмет көрсету ассортименті, сыйымдылығы және қызмет көрсету радиусы болуы және қызмет көрсету жүйесінің жұмыс істеуінің экономикалық тиімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

Жобаны пайдалану мерзімділігіне байланысты қызмет көрсетудің үш сатысы (күнделікті, мерзімді, эпизодтық) қарастырылады.

Әр елді мекенге оның мәртебесіне байланысты қызмет көрсету ұйымдарының белгілі бір жиынтығы ұсынылады:

1) республикалық (өңіраралық) деңгей үшін – күнделікті, мерзімді, эпизодтық қызмет көрсету объектілерінің толық кешені;

2) ауданаралық деңгей үшін – күнделікті, мерзімді қызмет көрсету объектілерінің толық кешені, эпизодтық қызмет көрсетудің жекелеген объектілері;

3) аудандық деңгей үшін – күнделікті, мерзімді қызмет көрсету объектілерінің толық кешені;

4) жергілікті деңгей үшін – күнделікті қызмет көрсету мекемелерінің толық кешені және мерзімді қызмет көрсетудің жекелеген объектілері.

63. Өңірдің әлеуметтік саласы объектілерінің қажеттілігін есептеу қолданыстағы жағдайды, халықтың болжамды санын және оның демографиялық құрылымын талдау негізінде 3.01-101-2013 "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу" Қазақстан Республикасының ережелер жинағына сәйкес салалық, стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға сәйкес аудандар бөлінісінде сараланған жолмен орындалды.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінде 2023-2024 оқу жылының басында тәрбиеленушілер саны 158,9 мың бала болатын 1 846 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді. Талданған кезеңде мектепке дейінгі ұйымдардағы балалар саны 2,8%-ға артты. Мектепке дейінгі ұйымдардағы балалар санының өсуі аймақтағы бала туудың жоғары деңгейімен байланысты.

Жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың саны мен үлесі артты. Жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі 37,5%, мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдардың үлесі 62,5%-ды құрады. 2023 жылы 14164 (111 мемлекеттік, 14053 жекеменшік) жаңа орындық 133 (4 мемлекеттік, 129 жекеменшік) мектепке дейінгі ұйым пайдалануға берілді.

2025 жылға қарай 2 жастан бастап 6 жасқа дейінгі балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамту 95%-ды, 3-жастан 6 жасқа дейін 100%-ды құрауы тиіс. 2023 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысымен "Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы" (бұдан әрі – Тұжырымдама) бекітілді, онда бірінші бағыт барлық балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеумен және оқытумен қамтамасыз ету үшін тең бастапқы мүмкіндіктер жасау болып табылады. Негізгі шаралар жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, қосымша алаңдарды, оның ішінде тұрғын үйлер мен басқа да үй-жайлардың бірінші қабаттарында пайдалану арқылы қолданыстағы желіні кеңейту есебінен жаңа орындар ашу болып табылады. Тұжырымдамаға сәйкес мектепке дейінгі ұйымдарда мемлекеттік тапсырысты орналастыруды жоспарлаудың міндетті шарты аумақтық бірліктердің (аудан, шағын учаске), өңірлік көші-қон ағындарының және туудың демографиялық көрсеткіштерінің болжамы болады.

Нормативтік деңгей халықтың демографиялық құрылымына байланысты 3.01-101-2013. "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу" Қазақстан Республикасының ережелер жинағымен белгіленеді. Құрылыс ережелеріне сәйкес, жобада балаларды мектепке дейінгі ұйымдармен қамтамасыз етудің есептік деңгейі 85% шегінде қабылданды, бұл 100% нормативтік қажеттілік болып табылады.

Жобада 2030 жылға қарай мектепке дейінгі ұйымдардың орындарын 29,5%-ға (201,8 мың орын), 2040 жылға қарай – 1,5 есеге (226,8 мың орын), ал 2050 жылға қарай тағы 1,7 есеге ұлғайту көзделген және ол 258,7 мың орынды құрайды.

Болжамды кезеңде (2050 жылға дейін) Қазақстан Республикасының Батыс өңіріндегі мектепке дейінгі білім беруде 105,1 мың орын енгізіледі деп күтілуде.

2030, 2040, 2050 жылдарға арналған әкімшілік аудандар бөлінісінде мектепке дейінгі ұйымдарды дамытудың негізгі көрсеткіштері осы Өңіраралық схемаға 20-қосымшада келтірілген.

2023-2024 оқу жылының басында өңірде 596,8 мың оқушысы бар 1,1 мың күндізгі мемлекеттік жалпы білім беретін мектеп жұмыс істеді.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінде 2023 жылы 10,2 мың оқушы орнына арналған 22 мектеп пайдалануға берілді. Жаңа мектептердің ашылуы, оқушы орындарының өсуі олардағы, әсіресе үлкен және ірі қалалардағы оқушылар санының

өсу қарқынына ілесе алмайды. Оқушы орындарының тапшылығы 171,1 мың орынды құрады.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінде үш ауысымда оқытатын мектептер санының өсуі байқалады (2,6%-ға ұлғаяу). 2024 жылдың басында мұндай мектептердің саны 38 бірлікті құрады.

Қазақстан Республикасының Батыс өңіріндегі жалпы білім беру мектептерінің қажеттілігін есептеу 3.01-101-2013 "Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу" Қазақстан Республикасының ережелер жинағы нормаларына сәйкес жалпы білім беру мектептерінің оқушыларын бір ауысымда оқытуды көздейді.

Жобада 2030 жылға қарай жалпы білім беретін мектептердің оқушы орындарының саны 1,6 есеге ұлғаяды және 782,3 мың орынды құрайды, 2040 жылға қарай тағы 11,1%-ға ұлғаяды (2030 жылмен салыстырғанда) және 869,1 мың орынды құрайды, 2050 жылға қарай тағы 12,8%-ға артады (2040 жылмен салыстырғанда) және жалпы білім беретін мектептердің оқушы орындарының саны 979,9 мың орынды құрайды деп көзделген.

Жобадағы негізгі міндеттер:

1) қалалық және ауылдық мектептер арасындағы білім беру сапасындағы алшақтықты қысқарту, сапалы білім алуға қолжетімділікті теңестіру (тірек мектебі, біліктілік орталықтары, "цифрлық мұғалім", жазғы мектеп, кадрларды ротациялау және басқа да тетіктер);

2) білім беру ұйымдарының материалдық-техникалық базасын және цифрлық инфрақұрылымын дамыту, қазіргі заманғы санитариялық нормаларға, қауіпсіздікке, жарақтандыру стандарттарына сәйкес келетін объектілермен қамтамасыз ету болып табылады.

Үш ауысымды мектептердің проблемаларын шешу үшін әртүрлі тетіктер қолданылады: мемлекеттік бюджет және мемлекеттік-жекешелік әріптестік есебінен нысаналы құрылыс; модульдік конструкциялардан (тез салынатын ғимараттардан) мектептер салу.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Әділетті Қазақстан: бәріміз және әрқайсымыз үшін. Қазір және әрдайым" сайлауалды бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-қимыл жоспарын (Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 26 қарашадағы № 2 Жарлығы) орындау үшін үш ауысымды оқыту, авариялық мектептер және оқушы орындарының тапшылығы проблемаларын шешу мақсатында 2026 жылға қарай елде 1,5 миллион жаңа оқушы орнын іске қосу жоспарлануда.

"Жайлы мектеп" жобасы шеңберінде 2026 жылға дейінгі кезеңде ағымдағы және болжамды оқушы орындарының тапшылығын жабу үшін қалалар мен ауылдық елді мекендерде 460,4 мың оқушы орны (екі ауысымдық оқыту кезінде) пайдалануға берілетін болады.

Әкімшілік аудандар бөлінісінде жалпы білім беретін мектептерді дамытудың 2030, 2040, 2050 жылдарға арналған негізгі көрсеткіштері осы Өңіраралық схемаға 21-қосымшада келтірілген.

64. Қазақстан Республикасының Батыс өңіріндегі медициналық ұйымдардың желісі 2023 жылы 14,6 мың төсек орын қоры бар 138 аурухананы және жоспарлы қуаты бір ауысымда 31,3 мың адам болатын 591 амбулаториялық-емханалық ұйымды қамтиды.

Стационарлық көмек көрсететін медициналық ұйымдарда халықтың 10 мың адамға шаққанда төсекпен қамтамасыз етілуі 46,9 төсек орнын, ал халықтың 10 мың адамға шаққанда амбулаториялық-емханалық ұйымдармен қамтамасыз етілуі бір ауысымда 100,3 адамды құрады. Амбулаториялық-емханалық ұйымдардағы тапшылық бір ауысымда 32,1 мың адамды құрады. 2023 жылы ауысымда 515 адам қабылдайтын 18 амбулаториялық-емханалық ұйым пайдалануға берілді.

Денсаулық сақтау саласындағы бағдарламаларды іске асыру профилактикалық бағытты күшейтті – Ұлттық скринингтік бағдарламаны енгізу бойынша іс-шаралар жүргізілді, әлеуметтік қызметкерлер институттары құрылды, жалпы практика дәрігерлерінің саны артты.

Көптеген елдерде аурухананың рөлі қайта қаралуда – негізгі назар ауруханада ұзақ емдеудің орнына амбулаториялық диагностикаға, профилактикаға аударылады, бұл аурухана төсектерінің қысқаруына әкелді.

Басты басымдықтардың бірі сапалы және қолжетімді медициналық қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету болып табылады, мұндағы негізгі көрсеткіштер: ауылдық елді мекендерді алғашқы медициналық-санитариялық және консультациялық-диагностикалық көмекпен қамту, медициналық көмек көрсетудің әлемдік стандарттарына сәйкес келетін жаңа және жаңғыртылған денсаулық сақтау объектілерінің жыл сайынғы саны.

Мақсаты ауыл тұрғындарына медициналық көмек көрсету деңгейін арттыру болып табылатын "Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту" пилоттық ұлттық жобасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 30 қарашадағы № 962 қаулысына сәйкес, елімізде 655 медициналық-санитариялық алғашқы көмек көрсету объектісі, оның ішінде 260 медициналық пункт, 235 фельдшерлік-акушерлік пункт және 160 дәрігерлік амбулатория салынып, пайдалануға беріледі.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінде денсаулық сақтау ұйымдары желісінің перспективалық дамуы барлық аудандар мен қалаларда нормативтік деңгейдегі жетістіктермен сипатталады.

Жобада 2030 жылға қарай төсек орын қорын 20,0%-ға, 2040 жылға қарай 10,5%-ға, жобалаудың болжамды мерзімінің соңына қарай тағы 12,1%-ға ұлғайту көзделген және 2050 жылға қарай төсек орын саны 21,8 мың төсекті құрайды.

Жобада 2030 жылға қарай амбулаториялық-емханалық ұйымдарда ауысымдағы қабылдау санын 2,2 есеге, 2040 жылға қарай 12,1%-ға ұлғайту көзделген, ал болжамды мерзімге (2050 жыл) амбулаториялық-емханалық ұйымдарда бір ауысымдағы қабылдау саны тағы 13,6%-ға ұлғайып, бір ауысыма 87,2 мың келушіні құрайды.

"Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2026 жылға дейінгі тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 24 қарашадағы № 945 қаулысында негізгі бағыттардың бірі "медициналық көмекті ұйымдастыруды жетілдіру" болып табылады, ол әлеуметтік бағдарлануға және ауылға басымдық бере отырып, алғашқы медициналық-санитариялық көмекті ұйымдастыру тәсілдерін қайта қарауды, шалғайдағы ауылдық елді мекендердің тұрғындарын фельдшерлік-акушерлік пункттермен және дәрігерлік амбулаториялармен қамтамасыз етуді, көліктік медицинаны және қашықтықтан қызмет көрсетуді дамытуды қамтиды.

65. 2024 жылдың басында Қазақстан Республикасының Батыс өңірінде 1 067 адамды қамти отырып, қарттар мен мүгедектігі бар адамдарға арналған стационарлық үлгідегі 8 медициналық-әлеуметтік мекеме, 1 035 адамды қамти отырып, психоневрологиялық аурулары бар 18 жастан асқан мүгедектерге арналған 7 медициналық-әлеуметтік мекеме, психоневрологиялық патологияларымен мүгедектігі бар балаларға арналған 340 баланы қамтитын 5 медициналық-әлеуметтік мекеме жұмыс істейді.

Жобада жобалаудың есептік мерзіміне жобалық қуаты 50 орыннан аспайтын шағын жинақталған интернат үйлерін салу және қуаты 10-нан 50 төсек орнына дейінгі күндіз болу бөлімшелері түріндегі әлеуметтік қызмет көрсетудің баламалы нысандарын дамыту ұсынылады. Дәл осындай әлеуметтік мекемелерді дамытудың тиімділігі қуаты үлкен интернат-үйлердің өмір сүру процесінде адамдардың тығыздығына, көрсетілетін қызметтердің сапа деңгейінің және қоғамдағы азаматтардың әлеуметтік бейімделуінің төмендеуіне, туыстық отбасылық байланыстардың жоғалуына әкелетіндігімен негізделген.

66. Өмір сүру стандарты көрсеткішінің маңызды сипаттамаларының бірі – тұрғын үй қорының сапасы мен саны. Өмір сапасы, ұлт денсаулығы, әлеуметтік тұрақтылық, елдің экономикалық дамуы, демографиялық жағдай халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілуіне байланысты.

Ең төменгі халықаралық стандарттар үй шаруашылығының әрбір мүшесінде оның мүшелерінің бірге тұруы үшін ортақ бөлмемен бірге жеке бөлменің (немесе үлкен үй шаруашылығына арналған екі бөлменің) болуын көздейді. Біріккен Ұлттар ұйымы ұсынған стандарт бойынша бір тұрғынға шаққандағы жалпы алаңның көлемі кемінде 30 шаршы метр болуы тиіс.

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үй немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті

атқарушы орган жалдаған тұрғын үй бір адамға он бес шаршы метрден кем болмайтын және он сегіз шаршы метрден аспайтын пайдалы алаң көлемінде, бірақ бір бөлмелі пәтерден немесе жатақханадағы бөлмеден кем болмайтын көлемде беріледі.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің тұрғын үй қоры 2024 жылдың басында тұрғын үйдің жалпы ауданы 69,0 миллион шаршы метрін құрады, оның ішінде қалалық жерлерде – 42,8 миллион шаршы метр (62,1%), ал ауылдық жерлерде – 26,2 миллион шаршы метр (37,9%). Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің үлесіне елдің авариялық үйлерінің жалпы ауданының 31,5%-ы тиесілі.

Халықтың тұрғын үйге өсіп келе жатқан қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жобада жаңа құрылыс, қолданыстағы тұрғын үй қорын реконструкциялау және күрделі жөндеу есебінен тұрғын үй қорының көлемін ұлғайту көзделеді.

Жобада тұрғын үй қорын 2030 жылдың соңына қарай 22,2%-ға, 2040 жылға қарай тұрғын үй қорын тағы 20,4%-ға ұлғайту көзделген, ал болжамды кезеңге (2050 жыл) тұрғын үй қорының көлемі 2040 жылмен салыстырғанда 25,8%-ға ұлғайып, 127,7 миллион шаршы метр тұрғын үйді құрайды. 2050 жылдың соңына қарай халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілуі бір адамға 30,0 шаршы метрді құрайды (осы Өңіраралық схемаға 22-қосымша).

67. Мәдениет саласындағы қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын арттыру өңірлік дамудың негізгі міндеттерінің бірі болып табылады. Бірыңғай мәдени кеңістікті қалыптастыру, азаматтардың әртүрлі топтарының мәдени құндылықтары мен ақпараттық ресурстарына тең қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін жағдай жасау қажеттілігі туындады.

Мәдениет мекемелерінің аумақ бойынша біркелкі бөлінбеуі, олардың қалалық елді мекендерде шоғырлануы және ауылдық елді мекендерде жеткіліксіз саны өңірдің барлық тұрғындарына, әсіресе ауыл тұрғындарына мүмкіндік беру үшін мәдениет объектілерін салу қажеттілігін талап етеді.

2024 жылдың басында Қазақстан Республикасының Батыс өңірінде 2,8 мың орындық 7 театр, 5,8 мың орындық 25 кинотеатр, 99,5 мың орындық 597 клуб үлгісіндегі мекеме, 16,1 миллион сақтау томына арналған 804 кітапхана жұмыс істеді.

Халықтың мәдениет объектілерімен қамтамасыз етілу көрсеткіштері біртіндеп төмендеуде, оның себебі өңір халқының өсу қарқынының жаңа мәдениет объектілерін пайдалануға берудің өсу қарқынынан озып кетуі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің мәдениет объектілерін іске қосу 2050 жылға қарай халықтың мәдениет объектілерінің барлық түрлерімен нормативтік қамтамасыз етілуіне қол жеткізе отырып, кезең-кезеңмен өту көзделген. Жобада болжамды 2050 жылға театр орындарының саны 11,4 мың орынды, кинотеатрлар орындарының саны 67,2 мың орынды, клуб үлгісіндегі мекемелер орындарының саны 443,0 мың орынды құрайды деп көзделген.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінде халықтың кітапханалармен қамтамасыз етілуі жоғары екені атап өтілді. Алайда, қалалар мен аудандар бөлінісінде кітап қорының тапшылығы орын алады. Жобалаудың болжамды мерзімінің соңына қарай кітапхана қорының саны 1,5 есеге артып, 23,5 миллион томдық сақтау көлемін құрайды.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірін дамытудағы мәдени сектор рөлінің өсуі, оның қоғамдық дамудың кең мақсаттарына бағдарлануы қоғамның қабылдауындағы мәдениет саласы мәртебесінің, ұзақ мерзімді перспективада оның орнықтылығының артуына алып келеді. Осының арқасында мәдени жобалардағы серіктестер мемлекет қана емес, бизнес те болады.

6-параграф. Рекреациялық инфрақұрылымды кешенді дамыту шаралары

68. Батыс өңірінің бірегей тарихи-мәдени ескерткіштерінің, сондай-ақ Үстірт қорығының әралуан фаунасымен бірге көз тартарлық ландшафтардың болуы, Каспий теңізі жағалауының көрікті жерлері әлеуетті туристер үшін үлкен қызығушылық тудырады (осы Өңіраралық схемаға 23-қосымша).

Ресми статистика деректеріне сәйкес, Қазақстан Республикасының Батыс өңіріндегі орналастыру орындарының саны 2023 жылы 1,9%-ға ұлғайып, 421 бірлікті құрады, онда 12 752 бөлме болды, бұл ретте біржолғы сыйымдылығы 25 411 төсек орнын құрады. Туристерді орналастыратын 421 орынның тек 27-сі ғана немесе 6,4%-ы санатқа (жұлдыз) ие.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінде орналастыру орындарымен қызмет көрсетілген келушілердің жалпы саны 2022 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 20,5%-ға ұлғайды және 914,0 мың адамды құрады (республикадағы барлық ағынның 11,2%-ы), оның ішінде резидент еместер 11,6%, резиденттер 88,4%.

2023 жылы Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің республика бойынша орналастыру орындарында көрсетілген қызметтердің жалпы көлеміндегі үлесі 12,8%-ды құрады. 2022 жылмен салыстырғанда орналастыру орындарымен көрсетілген қызметтер көлемі 23,3% есеге өсіп, 29 387,1 миллион теңгені құрады.

69. Батыс өңірінің Өңіраралық схемасы шеңберінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтар базасында экологиялық туризмді дамыту қарастырылады: ең үлкен ерекше қорғалатын табиғи аймақтардың бірі болып табылатын Ырғыз-Торғай резерваты, Кендірлі-Қаясан мемлекеттік қорық аймағы, Каспий теңізінің солтүстік бөлігіндегі қорық аймағы, "Үстірт" және "Ақжайық" мемлекеттік табиғи резерваттары, сондай-ақ Ақтау-Бозашы, Бударин, Жалтыркөл, Кирсанов, Новинский мемлекеттік табиғи қаумалдары (зоологиялық) және қысқа мерзімді демалыс күнгі турларды ұйымдастыруға мүмкіндік беретін республикалық және жергілікті маңызы бар қорық қорының басқа аумақтары.

Батыс өңірінің Ресей Федерациясының Батыс және Шығыс Сібірімен, Орта Азиямен тығыз экономикалық байланысын ескере отырып, мемлекеттік табиғи-қорық қорының геологиялық, геоморфологиялық және гидрогеологиялық объектілерінің базасында халықаралық маңызы бар туристік бағдарлар құру орынды.

Экологиялық туризмді дамыту мақсатында басты орнитологиялық аумақтарда бердводчинг (құстарды бақылау) турларын дамыту қажет:

1) Ақтөбе облысының Доңызтау шыңы (Байғанин ауданы), Жағабұлақ орманы (Темір ауданы), Мұғалжар (Мұғалжар ауданы) Ырғыз-Торғай көлдері (Ырғыз ауданы);

2) Атырау облысының Ойыл өзені, Тайсойған, Сағыз (Қызылқоға ауданы) құмдары, Еділ сағасының қазақстандық бөлігі, Жамбай (Құрманғазы ауданы), Еділ және Жайық өзендерінің сағалары арасындағы Каспий теңізінің жағалауы (Исатай және Махамбет аудандары), Жем өзенінің төменгі ағысы (Жылыой ауданы);

3) Батыс Қазақстан облысының Шалқар көлі (Теректі ауданы), Ащыөзек өзенінің төменгі ағысы, Саршығанақ көлі (Қазталов және Бөкейордасы аудандары), Орда құмдары (Бөкейордасы ауданы), Қамыс-Самар және Көшім көлдері (Жаңақала ауданы), Жайық – Бәйтерек өзенінің аңғары (Теректі және Ақжайық аудандары);

4) Маңғыстау облысының Үстірт жонының солтүстік-батыс шыңы (Бейнеу ауданы), Үстірт жонының батыс шыңы (Маңғыстау ауданы), Қарағай, Қауынды ойпаттары, Басғұрлы-Жазғұрлы ойпаттары, Қаракөл көлі (Қарақия ауданы), Итбалық аралдары (Түпқараған ауданы).

70. Қазақстан Республикасы Каспийдегі ең ұзын жағалау сызығына ие, осыған байланысты жағажай туризмін, су круиздерін және тұтастай туристік саланы дамыту үшін өңірдің рекреациялық әлеуетін пайдалану қажет.

Каспий теңізінің жағалауы (Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы) елдің жағажай туризмінің орталығы болып табылады және Қазақстанның туристендіру картасында басым туристік аумақ болып айқындалған.

Соңғы жылдары Маңғыстау облысында жағажай туризмі айтарлықтай өзгерістерге ұшырауда. Өңірдің көлік-инженерлік инфрақұрылымын дамыту бойынша жұмыстар жүргізілуде, Каспий теңізінің жағалауында жайлы бөлмелер, жағажай футболына, волейболға арналған спорт алаңдары, аквапарктер және өңір тұрғындары мен қонақтарына арналған басқа да қолайлы жағдайлар ұсынатын қазіргі заманғы қонақ үйлер, демалыс базалары ашылды.

2023 жылы Маңғыстау курорттық аймағына 356,2 мың адам келген. Курорттық аймақта орналастыру орындарының саны 60 бірлікті, бөлмелер саны 3 034 бірлікті және көрсетілген қызметтер көлемі 14 665,1 миллион теңгені құрады.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің аумағында 182 ұйымдастырылған жағажай учаскелері бар, онда оларды тиісті инфрақұрылыммен жайластыру және жарақтандыру жөніндегі іс-шараларды іске асыру ұсынылады (көліктің судағы түрлерін жалға беру пункттерін, қайық станцияларын және жағажай мүкәммалын қоса

алғанда: пирс, қазіргі заманғы биодәретханалар, киім ауыстыруға арналған кабиналар, қалдықтарды бөлек жинауға арналған контейнерлер, ағаш тапшандар, шатырлар, құтқару мұнаралары, экскурсия бюросының дүңгіршектері және т. б.).

Ақтау – Форт-Шевченко, Ақтау – Құрық трассасы бойындағы Түпқараған және Қарақия аудандарының жағалау белдеулерінің аумағында және Маңғыстау облысындағы Кендірлі курортында, сондай-ақ Батыс Қазақстан облысының Теректі ауданындағы Шалқар көлінде және Ақтөбе облысының Қарғалы ауданындағы Қарғалы су қоймасында жағажай туризмін дамыту перспективалары бар.

71. Су круиздерін ұйымдастыруға ерекше назар аудару қажет, оның артықшылығы басқа көлік түрлерімен салыстырғанда жайлылықтың жоғары деңгейі, біржолғы жүктеменің үлкен көлемі, туризмнің әр түрлі түрлерін бір уақытта жүзеге асыру мүмкіндігі (мәдени-танымдық, спорттық-шытырман оқиғалы, іскерлік туризм және басқалар).

Өңірдің туристік тартымдылығын Каспий маңы мемлекеттерінің (Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы, Әзірбайжан Республикасы, Түрікменстан және Иран Ислам Республикасы) қатысуымен Каспий теңізі бойынша халықаралық теңіз круизи ұйымы қамтамасыз ете алады.

Сонымен қатар, өңірде Каспий теңізінің болуын ескере отырып, келесі бағдарлар бойынша туристер үшін су круиздерін ұйымдастыру мәселесін пысықтау қажет:

- 1) Ақтау – Форт-Шевченко – Итбалық аралдары – Ақтау;
- 2) Ақтау – Құрық – Кендірлі – Ақтау.

Жайық өзені бойынша Атыраудан Батыс Қазақстан облысына дейін су турларын, теплоходтарда, ойын-сауық бағдарламасы мен тақырыптық іс-шаралары бар катерлерде экскурсиялар ұйымдастыру ұсынылады.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің экономикасын дамытуда маңызды рөл атқара алатын Маңғыстау облысының Ақтау қаласында Каспий теңізінің жағалауында мариндар – яхта кешендерінің дамыған желісін құру мәселесін қарастыру орынды. Теңіз құрылыстарын (мариндар, айлақтар) құру круиздік туризмнің дамуына серпін береді және өңірге туристердің жаңа ағынын тартады.

Бұдан басқа, круиздік туризмнің дамуына мынадай факторлар әсер етеді: аумақтың инфрақұрылымдық қамтамасыз етілуі, туристік объектілер мен ресурстардың шоғырлануы, білікті кадрлық әлеует және маркетингтік іс-шаралар.

Өңірдегі круиздік туризмді дамытудың өзектілігі тұрғындардың рекреация және бос уақытын пайдалану қажеттілігінен ғана емес, сонымен қатар қазіргі экономикалық жағдайдағы перспективалардан, жұмыспен қамтылған халықтың деңгейінің артуынан, жағажай аумақтарына іргелес әкімшілік-аумақтық бірліктердің экономикалық дамуынан туындайды.

Маңғыстау облысында спорттық халықаралық желкенді регаталарды өткізу су туризмін дамытудың перспективалы бағыты болып табылады.

72. Қазақстан Республикасының Батыс өңірінде спорттық-шытырман оқиғалы туризмді дамытудың негізгі бағыттарына мыналар жатады: тау туризмі, спелеотуризм, автомототуризм, круиздік туризм, желкенді туризм, виндсерфинг, серфинг, кайтинг, байдарка, дайвинг, су астындағы аң аулау, аңдарды суретке түсіру, ат пен түйе жарысы.

Туризмнің белсенді түрлерін дамыту үшін келесі тау сілемдерін жатқызуға болады:

1) Ақтөбе облысында – Ақшатау, Мұғалжар таулары, сондай-ақ Құсмұрын, Қаражар, Қарауылтөбе, Қаратау, Орындықтау тау бөктерлері;

2) Батыс Қазақстан облысында – Айдарлы, Ақтау, Алмазтау, Үлкен Ичка, Сантас, Сасай, Шатырлы таулары, Утва, Бұлдырты және Қалдығайты өзендерінің бастауындағы бор таулары;

3) Маңғыстау облысында – Ақмыш, Бекі-Басқұдық, Босаға-Көкөсем, Шығыс және Батыс Қаратау; Жармыш-Жапырақты, Қараған-Босаға, Қарақия, Қарамая, Қаратаушық, Қарашек, Қарынжарық, Құнанбай, Тұщыбек, Тынымбай, Өзен, Шайыр-Сарыкез таулары.

73. Атырау облысында Нарын құмды барқандарының, Ақтөбе облысында Барқын мен Аққұмның, Маңғыстау облысында Сам және Сенека (Түйесу) құмдарының болуын ескере отырып, квадроциклдерде, джип-сафариде, түйе және ат жарыстарын ұйымдастыру ұсынылады.

74. Спелеотуризмді сүйетіндер үшін Ақтөбе облысындағы Александровская үңгіріне және Маңғыстау облысындағы Үстірт жонындағы Булы-Ойық, Қараған-Босаға және Өтебай үңгірлеріне баратын турларды қалыптастыруды қарастыру қажет.

75. Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің табиғи ландшафттары мен жануарлар дүниесінің алуан түрлілігі аңшылық-трофейлік және балық аулау туризмін дамытуға ықпал етеді. Өңірде 250-ден астам балық шаруашылығы су айдындары мен жалпы ауданы 34 585,7 мың гектар 137 аңшылық шаруашылығы шоғырланған. Бірақ бұл әлеует белгілі бір жайлылық деңгейіне үйренген шетелдік туристер үшін қажетті инфрақұрылымның болмауына байланысты толық пайдаланылмайды.

76. Қазақстан Республикасының Батыс өңірі ауыл шаруашылығын дамытудың үлкен әлеуетіне, мал шаруашылығы саласында мықты позицияға ие. Осыған байланысты өңірде аграрлық туризмді дамытуға назар аудару қажет. Өңірде 26 000-нан астам шаруа және фермер қожалықтары (түйе, жылқы және ешкі фермалары) тіркелген. Табиғи және тарихи-мәдени объектілерге тікелей жақын орналасқан елді мекендерде оларда аграрлық туризмді дамыту үшін ең қолайлы жағдайлар бар. Өңірдің өнеркәсіптік объектілері де туристердің назарын аударады. Ірі зауыттар, фабрикалар, кен орындары және т.б. туристік қызығушылықтың объектісі бола алады.

Этнографиялық кешендер аграрлық туризмнің құрамдас бөлігі бола алады, өйткені олар қазақ мәдениетінің тұрмысымен және әдет-ғұрыптарымен танысуға бағытталған.

Өңірде аграрлық туризмді дамыту ауылдық жерлерде жаңа жұмыс орындарын құру, елді мекендердің инфрақұрылымын жаңғырту, сондай-ақ жергілікті халықтың мәдени-білім деңгейін арттыру арқылы шағын кәсіпкерліктің өсуіне ықпал етеді.

77. "Ұлттық білім беру деректер қоры" ақпараттық жүйесінің деректеріне сәйкес 2024-2025 оқу жылында республика бойынша жас туристер мен натуралистер үйірмелерінде сабақтармен барлығы 2147 оқушы қамтылды. Қазақстан Республикасының Батыс өңірінде осы үйірмелерде айналысатын балалардың үлесі 24%

Ұзақ уақыт бойы Батыс Қазақстан облысында туристік-өлкетану қызметін дамыту, оның ішінде жас ұрпақты сауықтыру және қалпына келтіру, балалар мен жасөспірімдердің туризм, өлкетану және экология саласындағы жеке шығармашылық қабілеттерін ашу бойынша белсенді жұмыс жүргізілуде. Батыс Қазақстан облысының барлық аудандарында 15 балалар туризм орталығы жұмыс істейді, оның ішінде: 14 жас туристер станциясы және 1 жас натуралистер станциясы.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің табиғи әлеуетіне қарамастан, жас туристер мен натуралистер станциялары барлық облыстарда бірдей орын алмайды. Каспий теңізінің жағалау аумақтарының болуын ескере отырып, Маңғыстау облысында жас туристер мен натуралистер станцияларын құру, балалар мен жасөспірімдер туризмін дамытудың өңірлік жоспарларын әзірлеу ұсынылады.

78. Қазақстан Республикасының Батыс өңіріндегі туристер үшін мынадай табиғи объектілер үлкен қызығушылық тудырады:

1) Ақтөбе облысындағы Жаманшин метеорлық кратері, Ақтоғай Борлы таулары, Айдарлыаша геологиялық қимасы, Ащылысай (Қасқыр) сарқырамасы, Үнсіз ауыл ескерткіші;

2) Атырау облысындағы Лотос алқаптары, Нарын құмдары, Индер тұзды көлі, Ақкөгершін бор таулары, Бесшоқы төбесі, Мұнайлы-Мола кен орны;

3) Батыс Қазақстан облысындағы Сарқырама сарқырамасы, Үлкен Ичка және Сауркин яр тауы;

4) Маңғыстау облысындағы Үстірт жотасы, Қапамсай бор каньоны, Саура, Тамшалы, Бозжыра шатқалдары, Торыш шар конкрециялары, Тұзбайыр шөлі, Қаракие ойпаты, Шерқала таулары және Айрақты қалдық таулары, олар белгілі әлемдік табиғи объектілермен бәсекелесуге қабілетті және ішкі және сырттан келу туризмін дамытуға мүмкіндік береді.

Өңірде ішкі және сырттан келу туризмін тиімді дамыту үшін туристік өнімнің инфрақұрылымы мен материалдық емес компоненттерін дамыту жолымен туристік бағдарлар бойында туристердің жайлы болуы үшін қауіпсіз және қолайлы жағдайлар жасау маңызды.

79. Өзінің бірегей табиғи-географиялық жағдайына және тарихи-мәдени мұра ескерткіштерінің көп болуына байланысты Қазақстан Республикасының Батыс өңірі мәдени-танымдық (киелі) туризм саласында үлкен әлеуетке ие.

Мәдени-танымдық туризмді дамытуда ғылыми, мәдени және тарихи құндылыққа ие республикалық маңызы бар тарихи-мәдени объектілерге үлкен рөл беріледі, оларға мыналар жатады:

- 1) Ақтөбе облысындағы Абат-Байтақ қорымы, Қобыланды батыр мен Хан моласы мемориалдық кешендері, Есет Көкіұлы, Есет-Дәрібай және Исатай Тайманов кесенелері;
- 2) Атырау облысындағы Сарайшық қалашығы, Ақмешіт қорымы, Құлшан ата жерасты мешіті және Махамбет Өтемісов кесенесі;
- 3) Батыс Қазақстан облысындағы Жайық қалашығы, Бөкейордасы тарихи кешені, Тақсай қорған кешені, Алаш мұражайы, Жұмағазы Әзірет пен Дәулеткерей Шығайұлы кесенелері;
- 4) Маңғыстау облысындағы Оғланды жеріндегі Бекет ата жерасты мешіті, Сенек қорымы, Шопан Ата жерасты мешіті, Сисем-ата қорымы, Уәли қорымы, Шақпақ ата және Масат ата жерасты мешіті, Отпан тау тарихи-мәдени кешені, Сұлтан-епа жерасты мешіті және қорымы.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінде ең қызықты туристік бағдарлар Маңғыстау облысы арқылы оңтүстіктен солтүстікке қарай және одан әрі солтүстік-батысқа қарай Үстірт жонына Шетпе қақпасы арқылы Каспий жағалауына дейін созылатын Ұлы Жібек жолының ежелгі соқпақтарымен, сондай-ақ Кендірлі-Каясан қорық аймағы арқылы Түрікменстанға апаратын жолдар болып табылады.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірі аумағының тарихи-мәдени әлеуетіне сүйене отырып, мәдени-танымдық туризмді дамыту өңірлік туризм индустриясының негізгі бағыттарының біріне айналуы мүмкін.

80. Емдеу-сауықтыру туризмі санаторий-курорттық емдеудің бір түрі болып табылады және халықты сауықтыруды ұйымдастыруды қарастырады. Халықтың денсаулығын сақтау және жақсарту адам ресурстарын жинақтау мен тиімді пайдаланудың басты шарттарының бірі болып табылады.

Бүгінгі таңда өңірде Ақтөбе қаласындағы "Юкон" профилакторийі және Ақтөбе облысының Алға ауданындағы "Шипагер" санаторийі, Атырау облысындағы "Атырау" санаторийі, Батыс Қазақстан облысындағы "Ақжайық" және "Nurbergen Health Resort" санаторийлері жұмыс істейді, олардың төсек орындарын ұлғайтумен және көрсетілетін қызметтер спектрін кеңейтумен материалдық-техникалық базасын жақсарту мүмкіндігі бар.

Бальнеологиялық мақсаттағы минералды су қорларының болуын ескере отырып, Қазақстан Республикасының Батыс өңірінде емдеу-сауықтыру туризмінің жаңа объектілерін құру перспективалары бар:

1) Ақтөбе облысындағы Ақтөбе қаласынан солтүстік-шығысқа қарай 15 километр, сондай-ақ шығысқа қарай 25 километр;

2) Каспий теңізінің шығыс жағалауы Ақтау қаласында және Маңғыстау облысының Қарақия ауданындағы Ералиев кентінің шетінде.

Өз кезегінде, Маңғыстау облысының бальнеологиялық көздері жағажай және туризмнің басқа түрлерімен біріктірілген емдеу-сауықтыру курортын құра отырып, Каспий теңізінің жағалауында көпфункционалды туристік кластерді қалыптастырудың алғышарттары құрылатын жағажай аумақтарына тартылуда.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінде емдеу-сауықтыру туризмін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің тағы бір санаторий-курорттық аймағы ретінде аумақты игеру перспективасында Атырау облысының Индер ауданындағы Индер көлінің, Теректі ауданындағы Әлжансор көлінің және Батыс Қазақстан облысының Бөкейордасы ауданындағы Боткүл көлінің пелоидтарын, сондай-ақ Маңғыстау облысының Мұнайлы ауданындағы радон көзін игеру перспективасында кешенді зерттеу (бальнеологиялық қорытынды жүргізу) мәселесін қарау ұсынылады.

81. Туристік бизнесті одан әрі ынталандыру үшін заңнамалық деңгейде туристік қызмет объектілерін, жол бойындағы сервис объектілерін және т.б. салу, реконструкциялау кезінде шығындардың бір бөлігін өтеуді мемлекеттік қолдаудың жүйелі шараларын енгізу көзделген.

82. ҚР СТ 2476-2014 "Жалпыға ортақ пайдаланылатын автомобиль жолдары. Жол сервисі объектілеріне және олардың қызметтеріне қойылатын талаптар" ұлттық стандартына сәйкес Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің аумағында орналасқан қолданыстағы жол бойындағы сервис объектілерін жаңғырту талап етіледі. 2024 жылдың басында республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының бойында 270 жол бойындағы сервис объектісі орналасқан, оның 236-сы немесе 87,4%-ы ұлттық стандарт талаптарына сәйкес келеді.

Абаттандырылған санитариялық-гигиеналық тораптардың және жол бойындағы қазіргі заманғы инфрақұрылым объектілерінің болуы отандық және шетелдік туристерді қосымша тартуға мүмкіндік береді.

Осылайша, Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің аумағы бірегей рекреациялық әлеуетке, тиімді географиялық жағдайға, туризмнің барлық дерлік түрлерін дамытудың кең мүмкіндіктеріне және дамыған инфрақұрылыммен туристік нарықта көшбасшы орын алуға барлық мүмкіндіктерге ие.

4-тарау. Табиғатты ұтымды пайдалану, ресурстармен қамтамасыз ету, қоршаған ортаны қорғау жөніндегі шаралар

1-параграф. Қоршаған ортаны қорғау, табиғатты ұтымды пайдалану және санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылықты қамтамасыз ету жөніндегі шаралар

83. Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің аумағында әлеуметтік-экономикалық дамудың қазіргі жағдайында табиғи және табиғи-антропогендік жүйелерді сақтауға, қоршаған ортаның жоғары сапасын қамтамасыз етуге жаңа тәсілдерді әзірлеу талап етіледі (осы Өңіраралық схемаға 24-қосымша).

Мақсатқа жету үшін:

- 1) өңір аумағында қала құрылысы қызметін жүзеге асыру кезінде экологиялық, табиғат қорғау, экономикалық, әлеуметтік және өзге де факторлардың теңгерімді есебін қамтамасыз ету;
- 2) қоршаған ортаға және халықтың денсаулығына теріс әсер етудің жол берілетін деңгейлерін реттеу және оларға қол жеткізу, осы және болашақ ұрпақтың мүдделерін ескере отырып, табиғатты ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету, бұзылған аумақтарды, өңірдің экожүйелері мен табиғи ландшафттарын қалпына келтіру;
- 3) Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің табиғи ортасының ерекшеліктеріне және оның аумағына антропогендік жүктеме деңгейіне сай келетін тиімді табиғат қорғау іс-шараларын жоспарлау;
- 4) атмосфералық ауаға ластаушы заттар шығарындыларын азайтуды қамтамасыз ету;
- 5) өңір аумағында жайлы өмір сүру ортасын қалыптастыруды қамтамасыз ететін су объектілерін пайдалану режимін сақтау;
- 6) өңір облыстарының өндірістік объектілерінде экологиялық бағдарланған және ең үздік қолжетімді техникаларды (бұдан әрі – ҰҚТ) енгізу;
- 7) қоқыс өңдеу саласында инновациялық салаларды дамыту;
- 8) қызметтің ықтимал қауіпті түрлерінің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету, табиғи ортаға техногендік әсер ету нәтижесінде зардап шеккен аумақтар мен учаскелерді экологиялық оңалту;
- 9) химиялық, биологиялық және өзге де қауіпті көздерінің қауіпсіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету;
- 10) шудың, дірілдің, электромагниттік сәулеленудің, радиацияның қауіпсіз деңгейлерін қамтамасыз ету;
- 11) "көгалдандыру" құрылысы және "жасыл" экономика қағидаттарын енгізу, өңір облыстарының инфрақұрылымының барлық секторларында ресурс үнемдеу технологияларын ілгерілету ұсынылады.

84. Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің әуе бассейнінің жағдайы экологиялық ахуалды және халықтың өмір сүру жағдайларын айқындайтын негізгі экологиялық факторлардың бірі болып табылады.

Өңірдің аумағындағы атмосфераның ластану деңгейі бірқатар факторлармен анықталады: аумақтың табиғи-климаттық ерекшеліктері, атмосфераға техногендік әсердің ауқымы мен құрылымы, аумақта шығарындылардың таралу сипаты.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің аумағында атмосфералық ауаны қорғауға атмосфералық ауаның сапасын жақсарту және оның денсаулыққа, өмір сүру жағдайларына және қоршаған ортаға зиянды әсерін болдырмау мақсатында мемлекеттік органдар, облыстар мен қалалардың жергілікті және өкілді органдары, заңды және жеке тұлғалар жүзеге асыратын шаралар жүйесі жатады.

Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарындағы әуе бассейнін қорғаудың негізгі бағыттарына бірінші кезекте республикалық және өңірлік табиғат қорғау бағдарламаларын іске асыру, сондай-ақ кәсіпорындардың табиғат қорғау іс-шараларын орындауы жатады.

Атмосфералық ауаны қорғау жөніндегі негізгі іс-шаралар:

бірінші кезең:

- 1) қоршаған ортаға ластаушы заттардың жиынтық шығарындылары бойынша неғұрлым ірі өңірдің I санаттағы объектілер-кәсіпорындары үшін атмосфераға ластаушы заттардың шығарындыларын азайту жөніндегі іс-шаралар кешенін жүргізу;
- 2) өңірді ластаушы кәсіпорындардың жобалық материалдарда және табиғат қорғау іс-шараларының ағымдағы жоспарларында көзделген атмосфералық ауаны ластанудан қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруы, оның ішінде ескірген және тиімсіз тазарту жабдықтарын ауыстыру, қолданыстағы жабдықтардың қуатын ұлғайту;
- 3) өңірдің барлық қалалары мен елді мекендерінде атмосфераның ластану индексі (АЛИ) 0-4-ке дейін (төмен деңгей) төмендету;
- 4) Ақтөбе облысының Ақтөбе қаласында, Мұғалжар, Хромтау және Шалқар аудандарында атмосфералық ауаның ластануын төмендету, олар облыс бойынша атмосфераға шығарылатын барлық шығарындылардың 90%-дан астамын құрайды;
- 5) "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС энергокешенінің негізгі жабдықтарын жаңғырту жобасын іске асыру, онда ҮҚТ енгізу, "ЖЭО-2 алаңында қуаты 160 мегаватт бу-газ қондырғысын салу" жобасын іске асыру көзделеді (Маңғыстау облысы);
- 6) өңірдің өнеркәсіптік кәсіпорындарының кешенді экологиялық рұқсаттарға көшуі;
- 7) өңірдің облыстарында газдандыруды аяқтау;
- 8) жеке үйлерді толық газдандыру және өңірдің облыстарының газдандырылған аудандарында жеке сектордың қатты отынды жағуына тыйым салу;
- 9) жылу энергетикасы объектілерін газдандыруды жалғастыру;

- 10) Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің қалаларында жеке секторды баламалы энергия көзіне (орталық жылытуға немесе электр энергиясына) ауыстыру;
- 11) он мыңнан астам халқы бар елді мекендерде атмосфералық ауаның ластануының жиынтық есептерін жүргізу және өңірдің атмосфералық ауасының жағдайын кешенді бағалау үшін Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарының елді мекендерінің атмосфераға шекті жол берілетін шығарындыларының жиынтық томдарын әзірлеу;
- 12) өңір кәсіпорындарының атмосфераға шекті жол берілетін шығарындылар нормативтерінің сақтауын бақылау;
- 13) Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарының өнеркәсіптік кәсіпорындарының санитариялық-қорғаныш аймақтарының шекараларында атмосфералық ауаның ластануын мониторингілеудің автоматтандырылған жүйелерін енгізу;
- 14) шығарындылардың аумақтық лимиттерін белгілей отырып, ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың санитариялық-қорғаныш аймақтарын қайта қарау және жайластыру, перспективалық құрылыс салу үшін тиімді жоспарлау шешімдерін әзірлеу;
- 15) экологиялық және санитариялық-гигиеналық талаптарды ескере отырып, жаңа тұрғын үй және өнеркәсіптік құрылыс объектілерін орналастыру;
- 16) облыстық және республикалық маңызы бар автомобиль жолдарымен қиылысатын елді мекендердің кеңеюін ескере отырып, транзиттік көлікті өткізу үшін айналма жолдар салу;
- 17) елді мекендерде қоныстану аумақтарынан жүк қозғалысын шығаруды қамтамасыз ететін жолдарды салу және реконструкциялау;
- 18) өңірдің облыс орталықтарының негізгі автомагистральдарында көлік ағындарын "азайтуға" мүмкіндік беретін автокөлік айрықтарын салу;
- 19) Қазақстан Республикасының Батыс өңірі қалаларында көлік қозғалысын оңтайландыру, оның ішінде қалалық орталықтарды автокөліктен азайту, жаяу жүргіншілер көшелерін қалыптастыру, уақытша автотұрақтарды дамыту және автомагистральдар бойындағы белгіленбеген орындарда көлікті қоюға тыйым салу;
- 20) Ақтөбе, Атырау, Орал, Ақтау қалаларында жол қозғалысын бейімдеп реттеу жүйесін енгізу;
- 21) отын ретінде сұйытылған газды пайдаланатын пайдаланылатын жаңа автокөлік құралдарының (қалаішілік жолаушылар мен жүк көлігін қоса алғанда) үлесін ұлғайту;
- 22) экологиялық көлікті дамыту және көліктің баламалы түрлері үшін инфрақұрылымды жақсарту (электромобильдер, велосипедтер, электр самокаттар және басқалар);
- 23) автотехниканың отын жүйелерінің жағдайын және реттелуін жүйелі бақылау, пайдаланылған газдардың құрамын бақылау;

24) өңір облыстары, қалалары және аудандары үшін қоршаған орта сапасының түзетілген нысаналы көрсеткіштерін әзірлеу және бекіту;

25) Ақтөбе, Атырау, Орал, Ақтау қалаларының жасыл аймақтарын, оның ішінде интродуцент өсімдіктерін пайдалана отырып сақтау және дамыту;

26) тұрмыстық қатты қалдықтар полигондарын (бұдан әрі – ТҚК) санитариялық жайластыру, олардың жануына жол бермеу;

27) Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің облыстары, қалалары мен аудандары үшін қоршаған орта сапасының түзетілген нысаналы көрсеткіштерін әзірлеу және бекіту;

28) өңірдің қалаларында атмосфералық ауаның сапасына онлайн-мониторинг жүргізу және ластану деңгейі бойынша "Ақылды қала" (Smart City) ақпараттандыру жүйелерін енгізу;

29) Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарының өнеркәсіптік кәсіпорындарының санитариялық-қорғаныш аймақтарында автожолдар бойында, сондай-ақ тұрғын және рекреациялық аймақтарда атмосфералық ауаның жағдайына мониторингілік зерттеулер ұйымдастыру;

30) Атырау облысының техногендік жүктемесі жоғары елді мекендерінде (Атырау, Құлсары, Жанбай, Ганюшкино ауылдары, Индербор, Мақат кенттері) және мұнай-газ секторының кәсіпорындарында атмосфералық ауаның экологиялық мониторингін жүргізу;

31) "Қазгидромет" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (РМК) филиалдарының атмосфералық ауа сапасын бақылау бекеттерінің желісін жаңғырту және кеңейту, сондай-ақ атмосфералық ауадағы айқындалатын қоспалар тізбесін кеңейту;

есептік мерзім:

1) жобалық өнеркәсіптік аймақтар мен индустриялық парктерді қоныстану құрылысынан алыс орналасқан аумақтарда орналастыру;

2) өңірдің ірі қалаларында ауа бассейнінің ластану көздерін түгендеу;

3) қоршаған ортаға шекті жүктемені белгілеу үшін өнеркәсіптік және автокөліктік ластануды қоса алғанда, өңірдің барлық ірі қалалары бойынша шекті жол берілетін шығарындылар нормативтерін әзірлеу;

4) Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан, Маңғыстау облыстарының өнеркәсіптік ластанушы кәсіпорындарын меншік иелерімен келісім бойынша арнайы экономикалық және индустриялық аймақтарға көшіру мәселесін қарау;

5) өнеркәсіптік кәсіпорындарда "жасыл технологияларды" және қазіргі заманғы шаң-газ тазарту жабдықтарын енгізу;

6) қоныстану аймақтарындағы өндірістік аумақтардың алаңдарын азайту;

7) меншік иелерімен келісім бойынша кәсіпорындарды қала шегінен шығару мәселесін қарау, тұрғын және өнеркәсіптік массивтер мен қорғалатын табиғат

объектілерін жасыл аймақтармен бөлу, өнеркәсіптік және тұрғын үй кешендерінің аймақтылығы қағидатын жүзеге асыру;

8) Қазақстан Республикасының Батыс өңірінде атмосфералық ауаны ластаушылардың бірыңғай ақпараттық деректер банкін құру;

9) өңірдің ірі қалаларында ақылы кіру және жүріп-тұру жүйесін іске қосу мәселесін қарау;

10) өңір қалаларында көлік ағындарын басқару жүйесін ("Smart Traffic Control System") енгізу;

11) жеңіл электр көлігін және тиісті инфрақұрылымды дамыту және енгізу, велосипед көлігі мен велоинфрақұрылымды дамыту;

12) электр және басқа да моторланбаған жеке жүріп-тұру құралдарын неғұрлым белсенді пайдалану үшін инфрақұрылым құру;

13) қоғамдық көлікте жүру үлесін 60%-ға дейін, жаяу және велосипедпен жүру үлесін 20%-ға дейін ұлғайту, жеке автокөлікте жүру санын 20%-ға дейін төмендету (автомобильдер санының өсуінсіз);

14) кәсіпорындардың қауіптілік сыныбына байланысты санитариялық-қорғаныш аймақтары аумағының кемінде 40-60% мөлшерінде кәсіпорындардың санитариялық-қорғаныш аймақтарын жасыл екпелердің шаң-газға төзімді тұқымдарымен ұйымдастыру және көгалдандыру;

15) өңір облыстары елді мекендерінің жасыл екпелер алаңдарын ұлғайту;

16) халықты атмосфералық ауаның сапасы туралы хабардар ете отырып, атмосфералық ауаның ластану деңгейінің жедел және жүйелі мониторингін қамтамасыз ету;

17) "Қазгидромет" РМК атмосфералық ауаның ластануын автоматты және стационарлық бақылау бекеттерінің желісін нормативтік мәндерге дейін кеңейту;

18) "Қазгидромет" РМК аумақтық бөлімшесінің мониторингілеу желісі айқындайтын ластаушы заттардың параметрлері мен тізбесін кеңейту;

болжамды кезең:

1) өнеркәсіптің, қалалық және ауыл шаруашылығының түрлі салаларын барынша қамти отырып, өңірдің шаруашылық кешенінің төмен көміртекті экономикаға көшуін қамтамасыз ету;

2) өңір кәсіпорындарында қоршаған ортаға ластаушы заттардың шығарындыларын тазартудың инновациялық экологиялық технологияларын енгізу;

3) жаңартылатын энергия көздері секторын дамытудың нысаналы көрсеткіштерін ескере отырып, жаңартылатын энергия көздерін пайдалану жөніндегі жобаларды кеңінен енгізу;

4) ҰҚТ енгізу негізінде өнеркәсіптің барлық салаларында эмиссиялардың техникалық үлестік нормативтерін әзірлеу және енгізу;

- 5) тұрақты қалалық жоспарлаумен және ресурс үнемдеуші және экологиялық таза технологияларды дамытумен "жасыл" қалалық инфрақұрылымды құру;
- 6) қалалық азаматтық көлікті электр тоғына немесе сутегіге ауыстыру;
- 7) көліктің баламалы түрлерін және электромобильдер үшін тиісті инфрақұрылымды дамыту;
- 8) өңірдің барлық облыс орталықтарында велосипед көлігін пайдалану үлесін күнделікті жұмысқа (немесе оқуға), сондай-ақ сапарларға шығу кезінде 100%-ға дейін жеткізу;
- 9) өңір аумағын атмосфералық ауаның жағдайы мониторингімен толық қамту.

85. Халықты физикалық факторлардан қорғаудың негізгі шараларына радиацияны, шу әсерін және электромагниттік сәулеленуді қорғау шаралары жатады.

Физикалық әсер ету факторларынан қорғау жөніндегі жобалық ұсыныстар мыналарды қамтиды:

бірінші кезең

- 1) өндірістік бағдарламаларға және кен орындарын қазу жобаларына сәйкес табиғи орталардың радиоактивтілігі, бұзылған жерлер мен жерасты көкжиектерін рекультивациялау жөніндегі деректер қорын құра отырып, Батыс өңірінің облыстарының аумағында радиоактивті ластануға толық түгендеу жүргізу;
- 2) қызметкерлерді олардың жұмыс орындарындағы иондаушы сәулелену деңгейлері және олар алған жеке сәулелену дозаларының шамасы туралы ұдайы хабардар ету;
- 3) орталықтандырылған жинау мен залалсыздандыруды қамтамасыз ете отырып, мұнай өндіру қалдықтары мен жұмыс істеп болған мұнай жабдығының радиация деңгейін бақылау;
- 4) орталықтандырылған жинау, істен шыққан аспаптарды, жабдықтарды және құрамында иондаушы сәулелену көздері бар материалдарды қауіпсіз қоймаларға дезактивациялауға және көмуге жіберу;
- 5) радиоактивті ластану учаскелерінде дезактивациялық жұмыстарды жүргізу және қолданыстағы талаптарды сақтай отырып, рекультивациялау;
- 6) облыстың уран кен орындарын, оның ішінде Ақтөбе облысының Төлісай уран кен орнын радиациялық бақылау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 7) Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданындағы ауданы 300 мың гектардан асатын "Ембі" әскери-сынақ полигонының аумағындағы учаскелерді зертханалық-талдамалық бақылау және залалсыздандыру жөніндегі шаралар;
- 8) 1966-1979 жылдар аралығында 17 жерасты ядролық жарылыс жүргізілген Атырау облысы Құрманғазы ауданындағы бұрынғы "Азғыр" полигонының аймағында Азғыр, Балқұдық, Үштаған, Асан, Батырбек, Сүйіндік, Қоңыртерек елді мекендерінің табиғи ортасы мен адам денсаулығына радиоэкологиялық зерттеу, тұрақты мониторинг жүргізу;

9) бұрынғы "Азғыр" және "Тайсойған" полигондарының аумағында радиоактивті топырақты көмумен учаскелерді түгендеу және өнеркәсіптік алаңдарды рекультивациялауды жүргізу;

10) бұрынғы "Азғыр" және "Тайсойған" полигондарының аумағын оңалтудың мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу, сондай-ақ тиісті нормативтік актіні әзірлей отырып, Азғыр өңірін экологиялық апат аймағы деп тану туралы мәселені пысықтау;

11) Атырау облысы шегінде "Капустин-Яр" әскери-сынақ полигонының қолданылу аймағындағы қоршаған орта компоненттерінің және елді мекендердің радиоэкологиялық жағдайын зерделеу және қоршаған ортаның ықтимал ластануын жою үшін тиісті іс-шаралар қабылдау;

12) бұрынғы "Лира" ядролық сынақ полигонының, оның ішінде оған іргелес Батыс Қазақстан облысының елді мекендерінің әсер ету аймағында қоршаған орта компоненттеріне радиоэкологиялық мониторинг жүргізу;

13) жер бетіне радиоактивтіліктің ықтимал авариялық шығарындыларының алдын алу үшін "Лира" полигонында жерасты ядролық жарылыстарынан пайда болған алты консервацияланған жерасты қуыстарында ұңғымалық байламдар мен бекіту арматурасын реконструкциялау және/немесе ауыстыру;

14) Батыс Қазақстан облысы Бөкейордасы, Жаңақала, Жәнібек, Қазталов және Ақжайық аудандарының аумағы шегінде "Капустин-Яр" әскери полигонының ықпал ету аймағындағы қоршаған орта компоненттерін радиоэкологиялық зерттеу;

15) бұрынғы химия-гидрометаллургия зауыты өндірісінің "тарихи" радиоактивті және уытты қалдықтарының тозаңдануын болдырмау мақсатында жалаңаштанған алаңдарды ылғалдандыру және "Қошқар Ата" қалдық қоймасының сұйық фазасының деңгейін тұрақтандыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

16) "Қошқар Ата" қалдық қоймасының айналасында жасыл қорғау аймағын құру;

17) қалдық қоймасы аумағының 4,2 мың гектарын залалсыздандыра отырып, "Қошқар-Ата" қалдық қоймасында рекультивациялық жұмыстарды жалғастыру;

18) "Қошқар-Ата" қалдық қоймасы ықпалының салдарын бағалау үшін халық денсаулығына генетикалық скрининг жүргізу;

19) "Қошқар-Ата" қалдық қоймасы ауданында тұрақты мониторинг ұйымдастыру;

20) бұрынғы химия-гидрометаллургия зауыты аумағында радиоактивті ошақтарды жою;

21) қоршаулар мен ескерту белгілерін қалпына келтіру жолымен "Қошқар Ата" қалдық қоймасының аумағына адамдар мен жануарлардың кіруін шектеу;

22) Басқұдық, Ақшұқыр, Баянды, Маңғыстау ауылдарында, Ақтау қаласында және "Қошқар-Ата" қалдық қоймасының жанында тұратын халықтың алатын сәулелену дозаларын талдау;

23) "Қошқар Ата" қалдық қоймасының шаң бөлшектері мен жерасты суларының судың жай-күйіне және Каспий теңізінің жалпы экожүйесіне әсерін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу;

24) "МАЭК-Қазатомөнеркәсіп" ЖШС БН-350 жылдам нейтрондарда пайдаланудан шығарылған реактордың өнеркәсіптік алаңында радиациялық бақылауды қамтамасыз ету;

25) Маңғыстау облысының аумағында бор және Томақ уран кен орындарының үйінділерін рекультивациялау;

26) Каспий маңы уран кені провинциясының аумағындағы табиғи радиоэкологиялық қауіпті объектілердің мониторингі;

27) Маңғыстау облысының мұнай кәсіпшіліктеріндегі уранның ластануын рекультивациялау және мониторингілеу;

28) жергілікті жердегі гамма сәулелену деңгейін және Қазақстан Республикасының Батыс өңірі атмосферасының жерүсті қабатының радиоактивті ластануын бақылау бекеттерінің желісін кеңейту;

29) радиациялық мониторингтің интеграцияланған бағдарламасын әзірлеу;

30) пайдалы қазбаларды өндіру және қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру орындарында жердің радиациялық ластануын бақылау;

31) жобалау және техникалық құжаттамаға сәйкес өңір облыстарында радиоактивті қалдықтарды орналастыруды қамтамасыз ету;

32) өндірістік жағдайларда мұнай-газ кешені қызметкерлерінің табиғи сәулелену көздерімен сәулеленудің жеке жылдық тиімді дозасын 5 микрозиверттен (мЗв) аспайтын шекте сақтауды қамтамасыз ету;

33) иондаушы сәулеленудің иесіз көздерін (ИСК) қоса алғанда, өңір облыстарының кәсіпорындарында иондаушы сәулеленудің пайдаланылған көздерін көму жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

34) мамандандырылған магистральдарда жүк қозғалысының негізгі көлемін бөле отырып, көше-жол желісін көлік ағындарының құрамы бойынша саралау;

35) автомобиль және теміржолдарды кесіп өтетін елді мекендердің аумақтарында шудан қорғау іс-шараларын жүргізу (жасыл екпелердің шудан қорғау екпелерін қалыптастыру, акустикалық экрандарды пайдалану, терезелерді дыбыстық оқшаулау);

36) электромагниттік сәулелену көздеріне түгендеу және кешенді зерттеу жүргізу;

37) таратқыштар мен антенналардың сәулелену қуатын азайту;

38) сәулелену көздеріне, оның ішінде қайталама сәулелену көздеріне (желілерге, ғимараттар конструкцияларына, коммуникацияларға) қол жеткізуді шектеу;

есептік мерзім:

1) өңір аумағында радиациялық жағдайды тұрақты бақылауды қамтамасыз ету;

- 2) пайдалы қазбаларды өндіру және қайта өңдеу жөніндегі жұмыстарды жүзеге асыру орындарында жердің радиациялық ластануын бақылау;
- 3) радиациялық қауіпті аумақтарда, физикалық әсерінің деңгейі нормативтен тыс аудандарда, бірінші кезекте халықтың тығыздығы жоғары аумақтарда және табиғи радиациялық аясы жоғары аймақтарда дозалық жүктемелерді қауіпсіз және нормативтік деңгейге дейін төмендету;
- 4) жобалау және техникалық құжаттамаға сәйкес өңір облыстарында радиоактивті қалдықтарды орналастыруды қамтамасыз ету;
- 5) радиоактивті материалдарға рұқсатсыз қол жеткізуді бақылау және шектеу, сондай-ақ радиоактивті заттардың қоршаған ортаға жоспарланбаған шығарылуын болдырмау;
- 6) табиғи және техногендік радиоэкологиялық қауіпті объектілерді белгіленген талаптарға сәйкес келтіру;
- 7) радиациялық объектілердің айналасындағы санитариялық-қорғаныш аймақтары мен бақылау аймақтарын орнату;
- 8) өңір халқына белгіленетін дозалық жүктемелердің тұрақты төмендеуі;
- 9) радионуклидтермен ластанған өнімдерді қайта өңдеу мен таратуды бақылау;
- 10) радиоактивті материалдардың өңірдегі халықтың денсаулығына және қоршаған ортаға әсерін бағалау;
- 11) өндірістік бағдарламаларға және пайдалы қазбалар кен орындарын игеру жобаларына сәйкес табиғи орталардың радиоактивтілігі, бұзылған жерлер мен жерасты көкжиектерін рекультивациялау жөніндегі деректер базасын құра отырып, өңір облыстарының аумағында радиоактивті ластануға толық түгендеу жүргізу;
- 12) жаңа тұрғын үй және азаматтық құрылыс үшін жер учаскелерін бөлу кезінде аумақтың радиациялық жағдайына және радон қауіптілігіне міндетті бақылау жүргізу;
- 13) жергілікті жердегі гамма-сәулелену деңгейін және өңір атмосферасының жер үсті қабатының радиоактивті ластануын бақылау бекеттерінің желісін кеңейту;
- 14) қоныстану және рекреациялық аймақтарды өндірістік, коммуналдық-қойма аймақтарынан және негізгі көлік коммуникацияларынан бөле отырып, өңірдің облыстары елді мекендерінің аумағын функционалдық аймақтарға бөлу және акустикалық жайлылықтың талап етілетін дәрежесін ескере отырып, құрылыс салуды қалыптастыру;
- 15) әуе қозғалысын ұтымды ұйымдастыру;
- 16) шу мен діріл, ластаушы заттар шығарындылары бойынша санитариялық алшақтықтарды ескере отырып, жаңа автомагистральдарды жобалау;
- 17) электромагниттік сәулелену үшін нормативтік шекті жол берілетін деңгейлерді сақтау мақсатында таратқыштардың қуатын, антенналардың бағытталу сипаттамасын, орналасу биіктігін және конструктивтік ерекшеліктерін, жергілікті жердің бедерін, іргелес аумақтардың функционалдық мәнін, құрылыстың

қабаттылығын ескере отырып, радиотехникалық объектілерді орналастыру кезінде жоспарлау шешімдерін қолдану;

18) радиожиілік диапазонындағы электромагниттік сәулелену көздерінен санитариялық-қорғаныш аймақтарының жобаларын әзірлеу;

болжамды кезең:

- 1) өңірдің аумағында тарихи радиоактивті ластануларды жою;
- 2) өңірдегі радиациялық жағдай мониторингі жүйесін жетілдіру;
- 3) электромагниттік өріс көздерін ұтымды орналастыру және қорғау құралдарын қолдану, оның ішінде көздерді экрандау.

86. Қазақстан Республикасының Батыс өңірі аумағында су объектілерінің ластануының негізгі себептері: тазарту құрылыстарынан кейін жеткіліксіз тазартылған сарқынды суларды және тұрғын үй-коммуналдық сала мен өнеркәсіп кәсіпорындарынан тазартылмаған сарқынды суларды ағызу; рұқсат етілмеген шығарылымдар арқылы тазартылмаған сарқынды суларды ағызу; мұнай өнімдерінің авариялық төгілуі; су қорғау аймақтары мен жағалаудағы қорғау белдеулерін пайдалану режимін сақтамау болып табылады.

Өңірдегі маңызды экологиялық проблема Каспий теңізіндегі су деңгейін төмендету мәселесі болып табылады.

Өңірдің су ресурстарын ұтымды пайдалану қазіргі уақытта өте өзекті міндет болып табылады.

Өңірдегі су ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану жөніндегі іс-шараларға мыналар жатады:

бірінші кезең:

- 1) Каспий теңізі суларының ластануы мен экологиялық сыйымдылығына кешенді экологиялық зерттеулер жүргізу;
- 2) барлық Каспий маңы мемлекеттері өкілдерінің қатысуымен Каспий теңізінің проблемаларын зерделеу жөніндегі халықаралық институт құру;
- 3) Каспий жағалауы бойынша, демалыс аймақтарының, қорық аймақтары мен табиғи парктердің учаскелерінде су қорғау аймақтарын белгілеу;
- 4) мұнай операцияларын жүргізу кезінде қалдықтарды теңізге төгуге және көмуге толық тыйым салуды жүзеге асыру және су ресурстарын ластауға шектеу квоталарын енгізу;
- 5) Каспий теңізінің солтүстік-батыс жағалауында және су басу аймағында мұнай авариялық ұңғымаларын жою;
- 6) Атырау облысында өздігінен төгілетін 180 гидрогеологиялық ұңғыманы жою және жөндеу (оның ішінде 177-сі Жылыой ауданында), оның ішінде 123 ұңғыманы міндетті түрде кәдеге жарату, 57-сін кран режиміне ауыстыру;

7) Ресей Федерациясы тарапынан жерүсті суларының трансшекаралық ластануы мәселесін мемлекеттік деңгейде шешу және жерүсті суларының ластану көздерін анықтау үшін өзендерге бірлескен зерттеулер жүргізу;

8) Жайық өзенінің (Орал) бассейнінің экожүйесін жақсарту және трансшекаралық ластануын болдырмау жөніндегі бірлескен іс-қимылдар мен іс-шаралар жоспарларын дайындау;

9) Жайық (Орал) трансшекаралық өзенінің трансшекаралық бассейніндегі ағынды реттеудің салдарын экологиялық бағалау және Жайық (Орал) трансшекаралық өзенін экологиялық оңалту, сақтау және қалпына келтіру жөнінде ғылыми-негізделген ұсыныстар әзірлеу;

10) ағындары бар Жайық трансшекаралық өзенінің су сапасы класы бойынша ластану деңгейін 5-тен 4-класқа дейін төмендету және оның сулылығын ұлғайту;

11) Батыс Қазақстан және Атырау облыстары шегінде Жайық өзенінің бір бөлігінің таяз учаскелерін түбін тереңдету жұмыстарын жүргізу арқылы Жайық (Орал) өзенінің сулылығын арттыру және гидрологиялық режимін жақсарту;

12) Жайық және Қиғаш өзендерінің сулылығын арттыру және гидрологиялық режимін жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

13) Жайық, Деркөл, Шаған өзендеріне экологиялық және санитариялық су жіберуді нормалау;

14) Жайық өзенінің ластануын, бітелуін және сарқылуын болдырмау, облыстың су объектілері мен су шаруашылығы құрылыстарын санитариялық-эпидемиологиялық және экологиялық талаптарға сәйкес келетін жағдайда сақтау мақсатында су объектілерінің су қорғау аймақтары мен су қорғау белдеулерін белгілеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

15) өңірдің өзендері мен көлдерінің паспорттарын әзірлеу;

16) Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Атырау облыстарында суару арналарын реконструкциялау, жаңғырту және жөндеу;

17) Ақтөбе облысындағы Елек трансшекаралық өзені бассейнінің алты валентті хроммен (Cr 6+) тарихи ластануын жою;

18) С. Киров атындағы бұрынғы Алға химия зауытының (Ақтөбе облысы) аумағында орналасқан қауіпті қалдықтарды (химиялық және өнеркәсіптік қалдықтарды, шлам жинағыштардың қалдықтарын) жою;

19) Көкжиде құмдарының жерасты және жерүсті суларының сапасына тұрақты негізде мониторинг жүргізу (Ақтөбе облысы);

20) Ақтөбе облысындағы Шалқар көлін тазарту;

21) Қиғаш, Деркөл, Елек, Ойыл, Жем, Сағыз өзендерінің арнасын тазалауды жүргізу (Ақтөбе облысы);

22) өңірдің өзендерінен табиғат қорғау үшін су жіберу;

- 23) Атырау облысының аумағында иесіз өздігінен төгілетін гидрогеологиялық ұңғымаларды жою;
- 24) өңірдің барлық егіс алқаптарының 15%-на су үнемдеу технологияларын енгізу, суаруды 80%-дан 5%-ға дейін азайтуды қамтамасыз ету;
- 25) кәсіпорындарда, оның ішінде металлургия, химия, жылу энергетикасы кәсіпорындарында табиғат қорғау іс-шараларын іске асыру және оларды айналымдағы сумен жабдықтауға ауыстыру;
- 26) Ақтөбе, Атырау, Орал, Ақтау, Ақсай, Жаңаөзен, Форт-Шевченко қалаларында және өңірдің облыстарының аудан орталықтарында су бұру жүйелерін, кәріз жүйелерін, кәріз коллекторларын, тазарту құрылыстары мен кәріз желілерін салу, жаңғырту, реконструкциялау;
- 27) Ақтөбе, Батыс Қазақстан, Атырау облыстарының ауылдық жерлерінде сумен жабдықтау және су бұру жүйелерін салу және реконструкциялау;
- 28) кәсіпорындардың жобалау материалдарында және табиғат қорғау іс-шараларының ағымдағы жоспарларында көзделген жерүсті және жерасты суларын ластанудан қорғау жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;
- 29) өңірдің өзендері мен көлдерінің паспорттарын әзірлеу;
- 30) олардың ластануын, бітелуін және сарқылуын болдырмау үшін су қорғау аймақтары мен су қорғау су объектілерін белгілеу жөніндегі жұмыстарды жүргізу;
- 31) жергілікті жерде су қорғау аймақтары мен жағалаудағы қорғау белдеулерінің шекараларын арнайы ақпараттық белгілермен бекіту;
- 32) сумен жабдықтау көздерінің, су құбыры құрылыстары мен су құбырларының санитариялық-қорғаныш аймақтарын ұйымдастыру;
- 33) барлық салынып жатқан, орналастырылатын, реконструкцияланатын объектілерді Қазақстан Республикасы Су кодексінің талаптарына сәйкес су объектілерін судың ластануынан, бітелуінен және сарқылуынан қорғауға кепілдік беретін құрылыстармен қамтамасыз ету;
- 34) меншік иелерінің келісімі бойынша өнеркәсіп өндірістерін, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын, стихиялық қоқыс үйінділерін, мал қорымдарын су қорғау аймақтарынан және жерүсті су ағындарының жағалау белдеулерінен шығару мәселесін қарау;
- 35) жерүсті су ресурстарына тұрақты мониторинг жүргізу;
- есептік мерзім:
- 1) Каспий теңізі суларының ластануына кешенді экологиялық зерттеулер жүргізу жөніндегі жұмыстарды жалғастыру;
- 2) Каспий теңізінің суы жайылған және суы басқан аймақтағы мұнай және гидрологиялық ұңғымалардың едәуір санын оқшаулау және жою;
- 3) Жайық (Орал) трансшекаралық өзенінің ластану деңгейін төмендету және сулылығын арттыру;

4) трансшекаралық су объектілерін бірлесіп пайдалану және қорғау жөніндегі Қазақстан-Ресей комиссиясының Жайық (Орал) өзені бассейні бойынша жұмыс топтарының отырыстарын өткізу;

5) өзендер мен су айдындарының арналарын тереңдету және іргелес су қорғау аймақтарын санитариялық тазарту жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

6) трансшекаралық бассейндер үшін бірыңғай суды есепке алу және оларды пайдалану жүйелерін, сондай-ақ өңірлік мониторинг жүйелерін әзірлеу және енгізу;

7) өңір қалаларында су бұру жүйелерін, кәріз жүйелерін, кәріз коллекторларын, тазарту құрылыстарын және кәріз желілерін салу, жаңғырту, реконструкциялау;

8) облыстардың аудандарында кәріз желілерін салу және реконструкциялау;

9) жағалауды қорғау бөгеттерін салу, қалпына келтіру және өңір облыстарының өзендерінің арналарын тазарту;

10) суармалы жерлердің алаңдарын кеңейте отырып, оның ішінде тамшылатып суару жүйелерін енгізе отырып, ауыл шаруашылығында ылғал үнемдейтін технологияларды қолдану;

11) қосылған құны неғұрлым жоғары және су сыйымдылығы аз ауыл шаруашылығы дақылдарына көшу;

12) кәсіпорындардың су үнемдеу және суды қайта пайдалану жөніндегі технологияларды енгізуі;

13) сарқынды және қайтарымды суларды тазартудың отандық технологияларын әзірлеу және және шетелдік технологияларға бейімдеу;

14) Қазақстан Республикасы Су кодексінің талаптарына сәйкес, шалғындандыру және ағаш егу іс-шараларын қоса отырып, су қорғау аймақтарының, жерүсті су объектілерінің жағалау қорғаныш және жағалау белдеулерінің шекараларын белгілеу;

15) жерүсті су ресурстарына тұрақты мониторинг жүргізу;

16) меншік иелерінің келісімі бойынша өнеркәсіп өндірістерін, ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын, апаттық қоқыс үйінділерін, мал қорымдарын су қорғау аймақтарынан және жер үсті су ағындарының жағалау белдеулерінен шығару мәселесін қарау;

17) су режимі мен жерасты суларының сапасына мониторингілік бақылауды қамтамасыз ететін байқау ұңғымалары желісін ұйымдастыру;

болжамды кезең:

1) Каспий маңы мемлекеттерінің табиғатты қорғау күш-жігерін жандандыру және оларды өңірлік деңгейде шоғырландыру арқылы Каспий теңізінің экологиялық проблемаларын шешу;

2) Жайық (Орал) трансшекаралық өзенін экологиялық оңалту, сақтау және қалпына келтіру;

3) өңірдің су ресурстарын ұтымды пайдалануды және халықтың судың теріс әсерінен қорғалуын қамтамасыз ету;

4) өзін-өзі тазарту қабілетін жоғалтқан өңірдің су объектілерін қалпына келтіру және экологиялық оңалту, су объектілерінің сарқылуын болдырмау, олардың бітелуі мен ластануын жою;

5) өңір кәсіпорындарының суды пайдаланудың (су тұтынудың, су бұрудың) белгіленген лимиттерін және сарқынды суларды жол берілетін ағызу нормативтерін сақтауы;

6) кәсіпорындарда табиғат қорғау іс-шараларын іске асыру және оларды толық айналымдағы сумен жабдықтауға көшіру;

7) ағынды суларды тазартудың, залалсыздандырудың және тазарту құрылыстарынан шөгінділерді кәдеге жаратудың қазіргі заманғы әдістері мен озық технологияларын енгізу;

8) барлық салынып жатқан, орналастырылатын, реконструкцияланатын объектілерді су объектілерін судың ластануынан, бітелуінен және сарқылуынан қорғауға кепілдік беретін құрылыстармен қамтамасыз ету;

9) су объектілерінің жағдайын және олардың пайдаланылуын бақылау жүйесін дамыту (ластаушы кәсіпорындар бойынша деректер базасын құру);

10) су саласын цифрландыру, 3D-модельдеуді енгізе отырып, су айдындарында су режимдерін басқарудың ақпараттық жүйесін әзірлеу.

87. Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің жер ресурстары деградациялық процестердің әсеріне, топырақтың тұздануына және құнарлылығының төмендеуіне, жердің мұнай өндіру өнеркәсібінің қалдықтарымен ластануына, рұқсат берілмеген қоқыс орындарының пайда болуына және санитариялық-эпидемиологиялық қағидалар мен нормаларға сәйкес келмейтін тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау талаптарының бұзылуына ұшырайды.

Жер ресурстарын қорғау және ұтымды пайдалану мақсатында:

бірінші кезең:

1) бұзылған және ластанған жерлерді рекультивациялау (Қазақстан Республикасының Батыс өңіріндегі бұзылған жерлердің жалпы ауданы 2023 жылдың аяғында 90,6 мың гектарды құрады);

2) су және жел эрозиясына жергілікті мониторинг жүргізу және оларды жою жөнінде қажетті шаралар қабылдау (Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің аумағында 2023 жылы эрозияға ұшыраған ауыл шаруашылығы алқаптарының ауданы 9 048,6 мың гектарды немесе жалпы алаңның 33,2%-н құрады);

3) Ақтөбе, Маңғыстау, Атырау облыстары жерлерінің шөлейттенуі мен тозуы проблемасын шешу жөнінде іс-шаралар жүргізу;

4) Ақтөбе облысы Байғанин, Ырғыз, Темір, Шалқар аудандарының 19 елді мекенінде борасын құмдарды тоқтату;

5) Атырау облысының Исатай, Құрманғазы, Жылыой және Қызылқоға аудандарында борасын құмдарды ұстау және құм төбелерін бекіту бойынша жұмыстар жүргізу;

6) Маңғыстау облысы Маңғыстау ауданының елді мекендерін борасын құмдардан қорғау бойынша жұмыстар жүргізу және Бейнеу, Қаракия, Маңғыстау аудандарында топырақты қалпына келтіру және сақтау бойынша эрозияға қарсы іс-шаралар жүргізу;

7) Ақтөбе облысының тау-кен өндіру кәсіпорындарының аршыма тау жыныстарын қайта өңдеу жөніндегі бағдарламаларды әзірлеуі, сондай-ақ жинақталған аршыма тау жыныстарын жоюы;

8) С. Киров атындағы бұрынғы Алға химия зауытының (Ақтөбе облысы) аумағында орналасқан қауіпті қалдықтарды (химиялық және өнеркәсіптік қалдықтарды , шлам жинағыштардың қалдықтарын) жою;

9) Атырау облысында Доссор, Комсомол, Таңатар, Тентексор, Ескен мұнай-газ кен орындарының мұнаймен ластанған топырағын кәдеге жарату және бұзылған жерлерін рекультивациялау;

10) "Қошқар-Ата" қалдық қоймасын және оның периметрі бойынша орналасқан топырақты қорғау жасыл аймағын құра отырып, рекультивациялауды аяқтау (Маңғыстау облысы);

11) Маңғыстау облысындағы тарихи мұнай ластануларын (қамбалар, мұнаймен ластанған учаскелер, шлам жинағыштар, иесіз мұнай қалдықтарын (шөгінділерді) жою және рекультивациялау;

12) өңір облыстарының ластанған (оның ішінде тарихи) аумақтарының тізілімін жасау;

13) Каспий теңізінің жағалау аумақтарындағы аумақтарды абаттандыру және төтенше экологиялық жағдайларды болдырмау мақсатында жағалауды нығайту жұмыстарын жүргізу;

14) аумақтарды карст-суффозиялық процестерден қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

15) өңір облыстарының елді мекендері жерлеріне, бірінші кезекте ластануына мониторинг жүргізу;

16) көпжылдық немесе бір жылдық шөптерді еге отырып, тыңайған жерлерді егістік жерлерге, ал игерілуі қиын жерлерді байырғы жайылымдарға ауыстыруды жүзеге асыру;

17) су үнемдеу технологияларын қолдана отырып, өңір облыстарының жер көлемін ұлғайту (тамшылатып суару, жаңбырлатып суару);

18) топырақтың биоөнімділігін арттыру үшін орманды қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу;

19) он бес жылдық циклділікті сақтай отырып және перспективада зерттеудің жеті-он жылдық цикліне көшуге өңір облыстарының барлық жер пайдалануы үшін топыраққа зерттеу жүргізу және топырақты қорғау жөніндегі шараларды әзірлеу;

20) егістік жерлерде агрохимиялық зерттеу жүргізу және егістік алқабы бар барлық жер пайдаланушылар үшін жеті жыл зерттеу кезеңділігімен тыңайтқыштар енгізу дозаларын негіздеу;

21) он бес жылдық циклділікті сақтай отырып және перспективада зерттеудің жеті-онжылдық жазғы цикліне көшуге жайылымдарда топырақтың тозуын және олардың биологиялық өнімділігін жоғалтуын (құлауын) болдырмау шараларын негіздеу және облыстың барлық жер пайдалануы үшін жайылым айналымын міндетті түрде енгізу үшін геоботаникалық зерттеуді жүргізу;

22) игерілген карьерлерде рекультивациялау жобаларын әзірлеу үшін топыраққа зерттеу жүргізу;

23) апаттық қоқыс орындарын және рұқсат етілмеген ТҚҚ-ның полигондарын жою;

есептік мерзім:

1) құрылыс, желілік құрылыстарды төсеу процесінде, сондай-ақ пайдалы қазбаларды өндіру кезінде жер қойнауын пайдалану нәтижесінде бұзылған жерлерді рекультивациялау;

2) өңір облыстарында жердің шөлейттенуіне және тозуына қарсы күрес жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

3) тарихи ластануларды жою жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

4) жаңбыр, еріген, өзен сулары мен желдің топырақты бұзатын ағынын азайтуға бағытталған эрозияға және көшкінге қарсы іс-шараларды жүргізу;

5) жердің өндіріс және тұтыну қалдықтарымен ластануына жол бермеу;

6) суармалы жерлердің алаңдарын, оның ішінде тамшылатып суару жүйелерін енгізу арқылы кеңейту;

7) топырақ құнарлылығын арттыру бойынша агротехникалық іс-шараларды жүргізу, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіруге озық технологиялар мен ауыспалы егістерді енгізу;

8) органикалық ауыл шаруашылығын жүргізудің қазіргі заманғы әдістерін енгізу;

9) ауыл шаруашылығы дақылдарын өсірудің жоғары тиімді технологияларын енгізу арқылы топырақ құнарлылығын қалпына келтіру;

10) жайылым айналымын енгізуді көздей отырып, жайылымдарда топырақтың тозуын және олардың биологиялық өнімділігін жоғалтуын болдырмау шараларын негіздеу үшін геоботаникалық зерттеулер жүргізу;

11) пайдаланылмайтын жерлерді ауыл шаруашылығы айналымына тарту, егіс алаңдарын әртараптандыру, су және ылғал үнемдеу технологияларын енгізу;

12) өнеркәсіптік, тұрмыстық және өзге де қалдықтардың апаттық қоқыс үйінділері мен рұқсат етілмеген полигондарын кейіннен оларды жинап, көму арқылы жою;

13) топырақ жамылғысының жағдайын мониторингілік зерттеу;
болжамды кезең:

1) құрамында мұнай бар қайталама ресурстармен/қалдықтармен, жойылуы қиын органикалық ластағыштардың қасиеттері бар пестицидтермен ластанған топырақты, аумақтарды қалпына келтіре отырып, бұзылған жерлерді ремедиациялау жөніндегі технологияларды енгізу;

2) жер пайдаланушыларға нысаналы мақсаты бойынша пайдалану үшін қайтарыла отырып, бұзылған жерлерді және мұнаймен ластанған жерлерді рекультивациялау;

3) өңірдің облыстарында органикалық ауыл шаруашылығын жүргізуге кеңінен көшу;

4) жерлерді суару және құрғату жөніндегі шараларды іске асыруды қоса алғанда, мелиорациялық қорды (мелиорацияланатын жерлер мен мелиорациялық жүйелер) қалпына келтіру;

5) тозған егістік алқаптарды жемшөп және орман алқаптарына ауыстыру не осы жерлерде қорғаныш орман екпелерін (топырақты қорғайтын, эрозияға қарсы екпелер) отырғызу, бұзылған жерлерді рекультивациялау ретінде толыққанды шабындық биоценоздар жасау;

6) табиғат қорғау, табиғи-қорықтық, сауықтыру, рекреациялық мақсаттағы жерлерді, тозған және ластанған жерлерді пайдаланудың белгіленген режимдерін сақтау;

7) қоныстану аумақтарында, рекреациялық аймақтарда топырақтың ластануына мониторинг жүргізу.

88. Батыс өңіріндегі ең маңызды экологиялық проблемалардың бірі, ең алдымен қалалар мен аудан орталықтарында өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеу, оларды жинау, орналастыру, кәдеге жарату, қайта өңдеу және залалсыздандыру проблемасы болып табылады.

Өндіріс және тұтыну қалдықтарымен жұмыс істеудің мақсаты олардың түзілуінің жалпы көлемін азайту, қалдықтарды барынша қайта пайдалану, оларды қауіпсіз кәдеге жарату болып табылады.

Батыс өңірі аумағында мың гектар өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару бөлігіндегі негізгі нысаналы индикаторларға Қазақстан Республикасының қоршаған ортаны қорғау саласындағы стратегиялық құжаттар мен бағдарламалардың көрсеткіштері жатады.

Өңірдегі өндіріс және тұтыну қалдықтарын басқару саласындағы негізгі іс-шаралар: бірінші кезең:

- 1) кәсіпорындарда ҰҚТ енгізуді ынталандыру жолымен өндірілген қалдықтардың жалпы санынан өнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесін арттыру;
- 2) өнеркәсіптік қалдықтарды қайта пайдалануды, кәдеге жаратуды және қайта өңдеуді, әсіресе 2021 жылғы 1 қаңтарға қоршаған ортаға ластаушы заттардың жиынтық шығарындылары бойынша ең ірі I санаттағы елу объектіге қатысты дамыту;
- 3) өнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату жөніндегі қуаттарды ұлғайту жөніндегі өнеркәсіптік және мамандандырылған кәсіпорындарды ынталандыру шараларын енгізу;
- 4) өндірістерді жаңғырту, қалдықтары аз технологияларды енгізу; өндіріс және тұтыну қалдықтарын кәдеге жарату және қайталама пайдалану, оның ішінде жылу мен электр энергиясын алу мақсатында қалдықтарды пайдалану индустриясын қалыптастыру;
- 5) сот шешімімен республикалық және коммуналдық меншікке өткен тарихи қауіпті қалдықтар мен ластануларды жою;
- 6) пайдаланылған полигондарды, карьерлерді, шөгінді қоймаларын, үйінділерді рекультивациялау;
- 7) бұрынғы химия-гидрометаллургия зауытының аумағы өндірісінің "тарихи" радиоактивті және улы қалдықтарының тозаңдануын болдырмау мақсатында 77 шаршы шақырым алаңда "Қошқар-Ата" қалдық қоймасын рекультивациялау (Маңғыстау облысы);
- 8) С. Киров атындағы бұрынғы Алға химия зауытының (Ақтөбе облысы) аумағында орналасқан қауіпті қалдықтарды (химиялық және өнеркәсіптік қалдықтарды, шлам жинағыштардың қалдықтарын) жою;
- 9) Жаңаөзен қаласында (Маңғыстау облысы) МУ-3, шикі мұнайды дайындау және айдау цехы (МДАЦ) аумағында иесіз мұнай қалдықтарын (шлам) жою;
- 10) "Өзенмұнайгаз" АҚ (Маңғыстау облысы) келісімшарттық аумағында 11 рұқсат етілмеген шлам жинағыштың қалдықтарын кәдеге жарату және қайта өңдеу;
- 11) бұрынғы Ақтау пластмасса зауытының (қазіргі "Маңғыстау индустриялық паркі" ЖШС) аумағында орналасқан иесіз химиялық қалдықтарды, материалдарды, реагенттер мен шикізатты жою (Маңғыстау облысы);
- 12) кәріз-тазарту станциялары мен құс фабрикаларында биогаз қондырғыларын салу;
- 13) экологиялық және экономикалық орындылығын ескере отырып, өңірдің облыстарының елді мекендерінде коммуналдық қалдықтарды жинау және әкету жөніндегі қызметтермен халықты қамту үлесін ұлғайту;
- 14) өңірдің облыстарының елді мекендерінде қалдықтарды бөлек жинауды ұйымдастыру;

- 15) экологиялық талаптар мен санитарлық нормаларға сәйкес келетін ТҚҚ полигондарының үлесін арттыру;
- 16) өңір облыстарының елді мекендеріндегі қолданыстағы қоқыс үйінділері мен ТҚҚ полигондарын экологиялық және санитарлық нормаларға (кейбір рұқсат беру құжаттары болған кезде) сәйкес келтіру немесе қолданыстағы қоқыс үйінділерін жабу және ТҚҚ полигондарын рекультивациялау;
- 17) заңнаманың талаптары мен нормаларына сәйкес келетін ТҚҚ жаңа полигондарын салу;
- 18) қалдықтарды кейіннен сұрыптау, қайта өңдеу пункттеріне әкете отырып, заңсыз үйінділерді жою, сондай-ақ өңір облыстарында жаңа апаттық үйінділердің пайда болуын барынша азайту жөніндегі жоспарларды әзірлеу;
- 19) коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесін түзілген қалдықтардың жалпы санынан арттыру;
- 20) қалдықтармен жұмыс істеу, оның ішінде оларды қайта өңдеу бойынша саланы дамыту үшін арнайы қолдау шараларын әзірлеу;
- 21) биогаз алу арқылы органикалық қалдықтарды қайта өңдеуді дамыту;
- 22) өңірдің аудандарының, аудандық және облыстық маңызы бар қалаларының коммуналдық қалдықтарын басқару жөніндегі бағдарламаларды әзірлеу жолымен жеткізу;
- 23) Ақтөбе, Атырау, Орал, Ақтау қалаларында қоқыс өңдеу мен қоқыс сұрыптау кешендерін салу және жобалық қуаттылыққа шығару;
- 24) ТҚҚ жаңа полигондарын салу, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің облыстық және аудандық орталықтарында қолданыстағы ТҚҚ полигондарын экологиялық және санитарлық жайластыру;
- 25) қоқыс шығаратын компаниялардың ірі қалалар мен аудан орталықтарында пресс-компакторы бар сұрыптау желілерін орнатуы;
- 26) қоқыс таситын көліктер паркін кеңейту (1 қоқыс таситын көлікке 37,5 тонна/жұмыс ауысымы есебінен);
- 27) әкімдіктердің қолданыстағы заңнаманың және ұлттық стандарттардың талаптарына жауап беретін ТҚҚ уақытша сақталатын контейнерлік алаңдарды ұйымдастыруы және салуы;
- 28) әкімдіктердің қолданыстағы ұлттық стандарттардың талаптарына жауап беретін "кұрғақ" және "дымқыл" фракциялар, ТҚҚ-ның қауіпті компоненттері үшін ТҚҚ-ны бөлек жинауға арналған контейнерлерді сатып алуы және орнатуы;
- 29) Ақтөбе, Атырау, Орал, Ақтау қалаларында одан әрі қайта өңдеу және кәдеге жарату мақсатында заңды тұлғалар мен халық түзетін құрылыс және ірі габаритті қалдықтарды жинау үшін алаңдар құру;
- 30) өңір қалаларындағы ТҚҚ полигондарында биологиялық ыдырайтын қалдықтарды қайта өңдеуге арналған ұяшықтар салу;

- 31) жол құрылысында құрылыс объектісінен 100 километр радиуста орналасқан құрылыс және күл-қож қалдықтарын пайдалану;
- 32) өнімді, компост, энергетикалық ресурстарын (биогаз, электр энергиясы) ала отырып, қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу объектілерін салу;
- 33) мал қорымдарын түгендеу және санитарлық жайластыру;
- 34) пестицидтер мен олардың ыдыстарын залалсыздандыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу;
- 35) ТҚҚ жинақтауға және мал қорымдарына арналған үлгілік полигондар салу; есептік мерзім:
 - 1) кәсіпорындарда ҰҚТ енгізуді ынталандыру жолымен өндірілген қалдықтардың жалпы санынан өнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесін арттыру;
 - 2) ҰҚТ қолдана отырып, ластанған аумақтарды санациялау және рекультивациялау процесін жүзеге асыруды қоса алғанда, өңірде тарихи қалдықтарды жою жөніндегі іс-шараларды іске асыру;
 - 3) өңірлік қағидат бойынша ұйымдастырылатын және қалдықтарды автоматтандырылған сұрыптау және қайта өңдеу жөніндегі өндірістік қуаттарды, сондай-ақ талап етілетін логистикалық инфрақұрылымды қамтитын өңір облыстарында қалдықтарды басқарудың кешенді жүйелерін құру, қалдықтарды қайта өңдеудің ақпараттық технологияларын енгізу;
 - 4) экологиялық және экономикалық орындылығын ескере отырып, облыстардың өңірдің елді мекендерінде коммуналдық қалдықтарды жинау және әкету жөніндегі қызметтермен халықты қамту үлесін арттыру;
 - 5) өңірдің облыстарының елді мекендерінде қалдықтарды бөлек жинауды ұйымдастыру;
 - 6) экологиялық талаптар мен санитарлық нормаларға сәйкес келетін ТҚҚ полигондарының үлесін арттыру;
 - 7) қалдықтарды кейіннен сұрыптау, қайта өңдеу пункттеріне әкете отырып және аумақты рекультивациялай отырып, апаттық үйінділерді қоса алғанда, ТҚҚ-ның барлық үйінділерін жою;
 - 8) ТҚҚ жаңа полигондарын рекультивациялау және салу жөніндегі жұмыстарды жүргізу;
 - 9) коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесін түзілгендердің жалпы санынан арттыру;
 - 10) Алға, Қандыағаш, Ембі, Жем, Темір, Хромтау, Шалқар (Ақтөбе облысы), Құлсары (Атырау облысы), Ақсай (Батыс Қазақстан облысы), Жаңаөзен, Форт-Шевченко (Маңғыстау облысы) қалаларында қоқыс сұрыптау станцияларын салу;
 - 11) биогаз ала отырып, өңірде органикалық қалдықтарды қайта өңдеуді дамыту;

12) құрылыс материалдарын, шикізатты (керамика, бетон, цемент, кірпіш, блоктар) өндіру, жол салу кезінде күл-қож қалдықтарын пайдалану үшін кәдеге жаратуды және қайта өңдеуді ынталандыру;

13) қайталама шикізатты бөлек жинау мен қайта өңдеудің стационарлық және жылжымалы пункттері желісін құруды және дамытуды қоса алғанда, қалдықтарды іріктемелі жинауды ұйымдастыру;

14) қоныстану аумақтарын, рекреациялық аймақтарды қалдықтарды жинауға арналған контейнерлік алаңдармен, контейнерлермен және қоқыс таситын көліктермен толық көлемде қамтамасыз ету;

15) өңірде өндірістік және қатты тұрмыстық қалдықтармен жұмыс істеу саласында цифрлық трансформация технологияларын дамыту;

16) рұқсат етілмеген үйінділердің пайда болуын және олардың жойылуын бақылаудың тиімділігі мен нәтижелілігін арттыру;

17) өңірде өндіріс және тұтыну қалдықтарын орналастыру және көму орындарын түгендеу, геоақпараттық жүйені құрып, жүргізу және қалдықтар полигондарын мониторингілеу;

болжамды кезең:

1) өндірілген қалдықтардың жалпы санынан өнеркәсіптік қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесін кәсіпорындарда ҰҚТ енгізуді ынталандыру жолымен арттыру;

2) өңірдегі барлық тарихи қалдықтарды жою;

3) экологиялық және экономикалық орындылығын ескере отырып, өңір облыстарының елді мекендерінде коммуналдық қалдықтарды жинау және әкету жөніндегі қызметтермен халықты қамту үлесін қамтамасыз ету;

4) өңір облыстарының елді мекендерінде қалдықтарды толық көлемде бөлек жинауды қамтамасыз ету;

5) экологиялық талаптар мен санитарлық нормаларға сәйкес келетін өңірдегі ТҚҚ полигондарының үлесін арттыру;

6) қалдықтарды ашық көмуді жою, қайта өңделетін және қордаланатын қалдықтардың үлесін ұлғайту, қалдықтар секторында парниктік газдар шығарындыларының жалпы көлемін азайту мақсатында жинаумен және сұрыптаумен толық қамтуды жеделдетіп енгізу;

7) қалдықтарды кейіннен сұрыптау, қайта өңдеу пункттеріне әкете отырып, барлық заңсыз үйінділерді жою, сондай-ақ жаңа апаттық үйінділердің пайда болуын барынша азайту жөніндегі жоспарларды әзірлеу;

8) коммуналдық қалдықтарды қайта өңдеу және кәдеге жарату үлесін түзілгендердің жалпы санынан арттыру;

9) қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу жөніндегі инновациялық технологияларды дамыту;

10) ресурстарды үнемдейтін және қалдықтары аз технологияларды енгізе отырып, жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту, қайталама материалдық ресурстарды пайдалану;

11) өндіріс және тұтыну қалдықтарын кәдеге жарату және қайталама пайдалану индустриясын қалыптастыру;

12) "ақылды" контейнерлер мен қоқыс жинағыштарды, сұрыптауға арналған роботтандырылған жүйелерді, мамандандырылған мобильді қосымшаларды, есепке алу және талдау жүйелерін, бағдарламалық қамтамасыз етуді қоса алғанда, қалдықтарды өңдеуге арналған смарт-технологиялар мен жабдықтарды белсенді пайдалану;

13) биологиялық ыдырайтын қалдықтарды өңдеу үшін ҰҚТ-ны қолдану;

14) өнімді, компост, қордаланудың энергетикалық ресурстарын (биогаз, электр энергиясы) ала отырып, қалдықтарды кәдеге жарату және қайта өңдеу объектілерін салу;

15) қалдықтарды азайту үшін экономикалық ынталандырулар әзірлеу, қайталама ресурстарды/қалдықтарды жинау және қайта өңдеу бойынша инфрақұрылымды белсенді қалыптастыру;

16) қайталама ресурстарды/қалдықтарды басқару бөлігінде экологиялық мәдениетті дамыту.

89. Қазақстан Республикасының Батыс өңірі аумағында кедергілерді жою және биоалуантүрлілікті сақтау мақсатында биоалуантүрлілік объектілерінің жағдайын бағалау және түгіндеу жөніндегі шараларды іске асыру, биоалуантүрлілікті басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлеу қажет.

Стратегиялық және салалық жоспарлау үшін аумақтық шектеулерді айқындау, сондай-ақ Батыс өңірдің өңіраралық схемасы шеңберінде экожүйелерді сақтау және тиімді басқару мақсатында Қазақстан Республикасының Батыс өңірі аумағының табиғи-экологиялық қаңқасы әзірленді.

Өңір аумағының табиғи-экологиялық қаңқасын дамыту және биоалуантүрлілікті сақтау мақсатында мыналар көзделеді:

бірінші кезең:

1) Терескент кластерімен (Ақтөбе облысы) "Кіші Борсық" мемлекеттік табиғи қаумалын құру;

2) "Қарғалы" мемлекеттік өңірлік табиғи паркін құру (Ақтөбе облысы);

3) "Мұғалжар" мемлекеттік табиғи қаумалын құру (Ақтөбе облысы);

4) Барсакелмес мемлекеттік табиғи қорығы мен Үстірт мемлекеттік табиғи қорығы (Ақтөбе облысы) арасында экологиялық дәліз құру;

5) Тасшағыл мемлекеттік табиғи қаумалын құру (Атырау облысы);

6) Балбұлақ мемлекеттік табиғи қаумалын құру (Атырау облысы);

7) "Жайық өзенінің жайылмасы" мемлекеттік табиғи резерватын құру (Батыс Қазақстан облысы);

8) Еменжар мемлекеттік табиғи қаумалын құру (Батыс Қазақстан облысы);
9) Айрықты табиғи қаумалын (Сұлтан-Епе, Ханга-Баба, Суара, Айрықты учаскелері) құру (Маңғыстау облысы);

10) Түйесу қорық аймағын құру (Маңғыстау облысы);
есептік мерзім:

- 1) "Үлкен Борсық" мемлекеттік табиғи қаумалын құру (Ақтөбе облысы);
- 2) Индер мемлекеттік табиғи қаумалын құру (Атырау облысы);
- 3) Қараағаш мемлекеттік табиғи қаумалын құру (Батыс Қазақстан облысы);
- 4) Маңғыстау қорық аймағын құру (Маңғыстау облысы);

5) республикалық маңызы бар негізгі орнитологиялық аумақтарды Қазақстан Республикасы табиғи-қорық қорының тізбесіне қосу: Ойыл өзені және Тайсойған құмдары, Еділ сағасының қазақстандық бөлігі, Жамбай (Атырау облысы), Қамыс-Самар көлдері, Шалқар көлі, Еменжар мемлекеттік табиғи қаумалын (Батыс Қазақстан облысы) құру, Үстірт жонының солтүстік-батыс шыңы, Ақтау, Үстірт жонының батыс шыңы (Маңғыстау облысы);

болжамды кезең:

- 1) "Сағыз" мемлекеттік табиғи қаумалын құру (Ақтөбе облысы);
- 2) "Шерқала" мемлекеттік табиғи қаумалын құру (Ақтөбе облысы);
- 3) "Ақтолағай" мемлекеттік табиғи қаумалын құру (Ақтөбе облысы);
- 4) Баянас мемлекеттік табиғи қаумалын құру (Батыс Қазақстан облысы);

5) республикалық маңызы бар негізгі орнитологиялық аумақтарды Қазақстан Республикасының табиғи-қорық қорының тізбесіне қосу: Жем өзенінің төменгі ағысы, Жайық өзенінің сағасы (Атырау облысы), Саршығанақ көлі (Батыс Қазақстан облысы), Қауынды ойпаты, Басғұрлы-Жазғұрлы ойпаты, Қаракөл көлі (Маңғыстау облысы).

6) Қазақстан Республикасының Батыс өңіріндегі ЕҚТА-ның болжамды алаңын 2030 жылға қарай 6 511,6 мың гектарға (өңір аумағының 8,8%-ы), 2040 жылға қарай 10 069,3 мың гектарға (13,7%), 2050 жылға қарай 10 749,3 мың гектарға (14,6%) дейін жеткізу жоспарлануда.

7) Бұдан басқа, мәртебені арттыру жағына қарай заңды тұлға (қаумалдар, табиғат ескерткіштері және т.б.) мәртебесінсіз қолданыстағы ЕҚТА мәртебесін бағалау және қайта қарау, сондай-ақ көрсетілген санатқа барлық негізгі орнитологиялық аумақтарды енгізу есебінен мемлекеттік табиғи қаумалдар құру ұсынылады.

Биоалуантүрлілікті сақтаудың қосымша шараларына мыналар жатады:

1) облыстардың әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспарларына, облыстардың ормандарды молықтыру және орман өсірудің кешенді жоспарларына сәйкес өңір облыстарында орманды қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу;

2) аудандар мен облыстар аумағының орман деңгейін арттыру;

3) Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстары әкімдіктерінің ормандарды түгендеуді жүргізуі;

4) 2030 жылға дейін өңір облыстарында мемлекеттік-жекешелік әріптестік негізінде өнеркәсіптік плантациялар мен орман көшеттерін құру жөніндегі пилоттық жобаларды іске асыру;

5) Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан облыстары әкімдіктерінің Жайық өзені бассейндерінің су жинау алаңдарының ормандылығын ұлғайту жөніндегі іс-шараларды жыл сайын өткізуі;

6) жыл сайын орманмен көмкерілген аумақ алаңының үлесін ұлғайту бойынша іс-шаралар өткізу және облыс әкімдіктерінің олардың сақталуын қамтамасыз етуі;

7) орманды қалпына келтіру және орман өсіру бойынша жүргізілетін іс-шараларды қатаң есепке алуды және бақылауды қамтамасыз ету;

8) ормандардың экологиялық және ресурстық әлеуетін, олардың биологиялық алуантүрлілігін қалпына келтіру;

9) орманды қалпына келтіру және орман өсіру есебінен Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің бағалы орман алқаптарын сақтау, орман қорының жағдайын жақсарту;

10) ормандардың санитариялық жағдайын жақсартуды және ормандарды заңсыз кесуден және өрттен қорғауды қамтамасыз ету;

11) кейіннен орман өсіре отырып, бұзылған жерлерді қалпына келтіру; қорғайтын және пайдаланылатын ормандарды пайдаланудың жол берілетін режимдерін сақтау;

12) ормандарға рекреациялық жүктемелерді реттеу;

13) қорғайтын (эрозияға қарсы, жыра-арқалық, егістікті қорғау, су қорғау) орман екпелерінің алаңын ұлғайту.

Өңірдің елді мекендерінде жасыл желектерді қорғау мақсатында мыналар ұсынылады:

1) Ақтөбе, Атырау, Орал, Ақтау қалаларының айналасында жасыл белдеулер құру;

2) аудан орталықтарын қоса алғанда, Алға, Қандыағаш, Ембі, Жем, Темір, Хромтау, Шалқар (Ақтөбе облысы), Құлсары (Атырау облысы), Ақсай (Батыс Қазақстан облысы), Жаңаөзен, Форт-Шевченко (Маңғыстау облысы) қалаларының айналасында жасыл белдеулер құру;

3) өңірдің ірі мұнай өндіруші компанияларының көгалдандыру жұмыстарын жүргізуі;

4) өнеркәсіптік кәсіпорындардың айналасындағы санитарлық қорғау аймақтарын көгалдандыру көлемін ұлғайту;

5) халықтың жалпыға ортақ пайдаланатын жасыл желектермен қамтамасыз етілу деңгейін нормативтік мәндерге дейін арттыру;

6) Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің қалаларында әртүрлі мақсаттағы көгалдандырылған аумақтардың үлес салмағын нормативтік 40% деңгейге дейін жеткізу;

7) жалпыға ортақ пайдаланылатын жасыл желектерді реконструкциялау, саябақтар мен шағын бақтарды абаттандыру;

8) жасыл желектерді күту бойынша агротехникалық іс-шаралар кешенін жүргізу;

9) рекреациялық игерудің әртүрлі дәрежедегі аймақтарын бөле отырып, көгалдандырылған аумақтарды ландшафттық-жоспарлы аймақтарға бөлу;

10) жасыл екпелердің сапалық-түр құрылымын жетілдіру;

11) өтемдік көгалдандыруды жүргізу үшін учаскелерді айқындау, жалпы пайдаланымдағы көгалдандырылған аумақтарға шектеулер мен сервитуттарды белгілеу және бекіту;

12) көгалдандыру объектілерін есепке алуды және түгендеуді жүргізу, қалалық жасыл екпелер тізілімдерін құру;

13) жергілікті атқарушы органдар мен мемлекеттік табиғат қорғау қызметтерін тарта отырып, жасыл екпелердің қорғалуын бақылау.

Жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі іс-шараларға мыналар жатады:

1) жыл сайын табиғат қорғау және қалпына келтіру іс-шараларын жүргізу және сирек кездесетін және құрып кету қаупі төнген жануарлар түрлерінің популяцияларына мониторинг жүргізу;

2) жануарлар дүниесі объектілерінің көбеюінің, қоректенуінің, демалуының және олардың көші-қон жолдарының тұрақты жағдайларын қамтамасыз ету;

3) аумақтар мен акваториялардың қорғаныш учаскелеріне қол сұғылмауын қамтамасыз ету;

4) аңшылық шаруашылықтарында аңшылық жануарлар түрлерінің және су айдындарындағы су биологиялық ресурстарының сақталуын және өсімін молайтуды қамтамасыз ету;

5) дәстүрлі таралуы кезінде жануарлар түрлерінің тіршілікке қабілетті популяциясын қолдау.

90. Қазақстан Республикасының Батыс өңірі аумағының санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар

Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы – тіршілік ету ортасы факторларының адамға зиянды әсері жоқ және оның өмір сүруінің қолайлы жағдайлары қамтамасыз етілетін халықтың денсаулық жағдайы.

Инфекциялық және паразиттік аурулар кезіндегі эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шаралар кешені объектілерді ұстауға және

пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды қамтитын бекітілген санитариялық қағидалар мен гигиеналық нормативтерге сәйкес орындалуы тиіс.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірі аумағындағы санитариялық-эпидемиологиялық жағдайды жақсарту жөніндегі негізгі жобалық ұсыныстарға мыналар жатады:

- 1) коронавирустық инфекцияның (COVID-19) таралу қаупінің туындауының алдын алу бойынша санитариялық-эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу;
- 2) инфекциялық және паразиттік аурулардың пайда болуы мен жаппай таралуының алдын алу жөніндегі шараларды іске асыру;
- 3) вакцинацияланбаған және бұрын ауырмаған балаларды, тәуекел топтарын және 35 жасқа дейінгі ересектерді халықтың нысаналы тобының эпидемиологиялық көрсеткіштері бойынша қызылшаға қарсы жоспарлы вакцинациялаумен және жоспардан тыс иммундаумен қамту;
- 4) облыстардың және өңір аумағының шекараларын аса қауіпті және карантиндік инфекциялардың әкелінуінен және таралуынан қорғау жөніндегі жұмыстарды жүргізу;
- 5) эпизоотия туындауы мүмкін өңір облыстарының елді мекендерінде эпизоотияға қарсы және эпифитотқа қарсы іс-шаралар жүргізу;
- 6) өңір аумағында сібір жарасының таралуына жол бермеу бойынша профилактикалық іс-шаралар жүргізу;
- 7) эпидемияға қарсы іс-шараларды, бірінші кезекте, оба, туляремия, сондай-ақ бруцеллез, аусыл, іш сүзегі, тырысқақ ауруларының эпизоотиялық ошақтары белсенді болатын аймақтарда орналасқан елді мекендерде әзірлеу;
- 8) санитариялық-эпидемиологиялық ахуалдың мониторингі жүйелерін одан әрі жетілдіру;
- 9) тамақ өнімдерінің сапасы мен қауіпсіздігін тұрақты және жедел бақылауды қамтамасыз ету;
- 10) өңірді Кеден одағының техникалық регламенттерінің талаптарына сәйкес келмейтін тауарлар мен өнімдерді өңір аумағына әкелуден және өткізуден қорғау;
- 11) өнеркәсіптік кәсіпорындар мен объектілерде кәсіптік аурулар мен уланулардың туындау қаупін жою және азайту жөніндегі іс-шаралар кешенін ұйымдастыру және жүргізу;
- 12) өнеркәсіптік объектілердің санитариялық-қорғаныш аймақтарын жобалау және абаттандыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу;
- 13) бекітілген қорлары бар ауызсу сапасындағы жерасты суларын барынша пайдалана отырып, сумен жабдықтау жүйелерін жаңғырту және жерүсті көздерінен суды ауызсу мақсаттары үшін орталықтандырылмаған пайдалануды болдырмау;
- 14) өңірдің елді мекендерінде су бұру объектілерін салу және реконструкциялау;

15) ауыз су және рекреациялық мақсаттарда пайдаланылатын су объектілеріне, сондай-ақ сумен жабдықтау және су бұру объектілеріне теріс әсер ету көздерін бақылауды күшейту;

16) ауыз сумен жабдықтау көздерін санитариялық-қорғаныш аймақтарын ұйымдастыру, санитариялық-қорғаныш аймақтарының жобаларын әзірлеу;

17) Ресей Федерациясымен, Түрікменстанмен және Өзбекстанмен шекарада санитариялық-эпидемиологиялық қадағалауды күшейту;

18) қоршаған ортаның санитариялық жағдайын жақсарту мақсатында қалалық және ауылдық елді мекендерді барынша көгалдандыру;

19) сақтау орындарын қысқарту және ТҚҚ полигондарын экологиялық талаптар мен санитариялық қағидаларға сәйкес келтіру;

20) салауатты тамақтану мәдениетін насихаттауды, алкогольизм мен нашакорлықтың профилактикасын, темекі мен құрамында никотин бар өзге де өнімдерді тұтынуға қарсы іс-қимылды қоса алғанда, халықтың салауатты өмір салтын қалыптастыру.

91. Тарихи-мәдени мұра объектілерін және табиғат ескерткіштерін қорғау

Бірегей табиғи кешендерді, облыстар аумағының мәдени мұрасын, тарихи және мәдени ландшафттарды, тарих және мәдениет ескерткіштерін сақтау және ұтымды пайдалану Қазақстан Республикасының Батыс өңірін аумақтық жоспарлаудың басты мақсаттарының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасының Батыс өңірі аумағындағы табиғат, тарих және мәдениет объектілерін, табиғатты сақтауға бағытталған негізгі ұсыныстарға мыналар жатады:

1) мемлекеттік табиғат ескерткіштерінің аумақтарында мемлекеттік табиғи ескерткіштердің сақталуын бұзуға әкеп соғатын кез келген қызметке тыйым сала отырып, мемлекеттік табиғи қорықтарды қорғау режимінің түріне сәйкес белгіленген қорықтық қорғау режимін сақтау;

2) мемлекеттік табиғат ескерткіштерінің аумақтарында осы салада мамандандырылған ұйымдар әзірлеген жобаларға сәйкес оларды сақтау және қалпына келтіру жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

3) мәдени мұра объектілерін сақтау және тиісінше пайдалану мүдделерін ескере отырып, аумақтық-жоспарлау және қала құрылысы қызметін реттеу;

4) Қазақстан Республикасының Батыс өңірі облыстарының тарихи-мәдени қаңқасын қалыптастыру, аумақтарды пайдаланудың ерекше жағдайлары бар тарихи-мәдени орталықтар мен аймақтарды бөлу;

5) заңнама талаптарын ескере отырып, мемлекеттің қорғауындағы тарихи-мәдени мұра объектілерін қорғауды жетілдіру;

6) ғылыми-реставрациялау жұмыстары жүргізілген республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің үлесін республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің жалпы санынан 2030 жылға қарай 40%-ға дейін ұлғайту;

7) ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұра тізіміне (ағылшынша UNESCO; United Nations Educational, Scientific and Cultural Organization) Ұлы Жібек жолы учаскесінің: Қызыл-қала, Сарайшық және Жайық қалашықтарын қамтитын Еділ-Каспий дәлізінің (Атырау облысы) мәдени мұра материалдық ескерткішін енгізу;

8) ЮНЕСКО-ның бүкіләлемдік мұра тізіміне Маңғыстау облысының тарихи-мәдени мұра объектілері – Бекет-ата (Оғланды), Қараман-ата, Шақпақ-ата, Шопан-ата және Сұлтан-Епе мешіттерін қамтитын Маңғышлақ түбегінің жартасты мешіттерінің мәдени мұра материалдық ескерткішін, Үстірт: табиғи ландшафт және арандар мәдени мұра ескерткішін қосу (Үстірт қорығы);

9) республиканың бай мәдени және тарихи мұрасына назар аудара отырып, ежелгі Сарайшық қаласының аумағында ашылған "Сарайшық" сапар-орталығының жұмысын танымал ету, ішкі және сырттан келу туризмін жандандыру (Атырау облысы);

10) археологиялық жұмыстарды жүргізу алаңын 100 шаршы метрге дейін ұлғайта отырып, болашақта объектіні ашық аспан астындағы мұражайға айналдыра отырып, Сарайшық ежелгі қалашығын зерттеуді жалғастыру (Атырау облысы);

11) негізінен қаланың ескі бөлігінде шоғырланған Орал қаласының бірегей тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау;

12) қаланың сәулет мұрасын сақтауды қамтамасыз ету мақсатында Орал қаласының тарихи-сәулет тірек жоспарын Орал қаласының бас жоспарына енгізе отырып іске асыру;

13) жартастағы петроглифтерді зерделеу, сақтау бойынша зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және оларды консервациялау жөніндегі іс-шаралар (Маңғыстау облысы);

14) Қызылқала, Кетікқала (Маңғыстау облысы) ортағасырлық қалаларына жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижелері бойынша ескерткіштерді консервациялау және мұражайландыру жөніндегі жобаны іске асыру;

15) Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Құсшы ата, Қосқұдық керуен-сарайларында және Қарақабак ортағасырлық қалашығында (Маңғыстау облысы) ғылыми-зерттеу және археологиялық қазба жұмыстарын жүргізу;

16) әрбір аудан бойынша тарихи-мәдени мұра ескерткіштерінің жиынтығын жасау мақсатында Маңғыстау облысының аудандары бойынша кешенді экспедициялар өткізу;

17) Ақтау қаласында ашық аспан астындағы мұражайы бар кең саябақ аймағын құру, онда тарихи-хронологиялық тәртіпте осы өлкенің тас сәулетінің негізгі үлгілері ұсынылатын болады;

18) бірегейлігін ескере отырып, Ақтөбе қаласының символдық объектілерін, брендін, ландмаркаларын және символдық қалалық объектілерін құру, мәдениет ескерткіштерін, мұражайлар мен туристік бағдарларды дамыту;

19) Ақтөбе, Атырау, Орал, Ақтау қалаларының мәдени және тарихи мұра объектілерін сақтау, мәдени мұра объектілерінің (тарих және мәдениет ескерткіштерінің) аумағын жайластыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу;

20) Ақтөбе, Алға, Жем, Қандыағаш, Темір, Хромтау, Шалқар, Ембі (Ақтөбе облысы), Атырау, Құлсары (Атырау облысы), Орал, Ақсай (Батыс Қазақстан облысы), Ақтау, Форт-Шевченко, Жаңаөзен (Маңғыстау облысы) қалаларында және өңірдің облыстарының аудандарында ескерткіштерді қалпына келтіру, жөндеу, консервациялау, аумақты абаттандыру;

21) тарихи-мәдени мұраларын сақтау арқылы тарихи орталықтар ретіндегі өңір қалаларының мәдени-туристік тартымдылығын дамыту, оның ішінде тарих және мәдениет ескерткіштерінде жөндеу-реставрациялау жұмыстарын жүргізу;

22) мәдени мұра объектілерінің сақталуын және функционалдық пайдаланылуын қамтамасыз ету үшін қажетті инфрақұрылымды – жөндеу-реставрациялау базасын, көлікті, байланысты, инженерлік жабдықтауды дамыту;

23) оларды қорғауды қамтамасыз ету мақсатында халықаралық, республикалық және жергілікті маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінің қорғау аймақтарының, құрылыс салуды реттеу аймақтарының және қорғалатын табиғи ландшафттар аймақтарының жобаларын әзірлеу;

24) тарихи, мәдени құндылығы не қорғалатын ландшафтық объектілері бар елді мекендерде олардың тарихи жоспарлау құрылымын, ауқымы мен сәулеттік келбетінің ерекшелігін сақтауды қамтамасыз ету, тарихи аймақтарды кешенді реконструкциялау және регенерациялау бағдарламалары мен жобаларын әзірлеу және жүзеге асыру;

25) өңірдің тарихи-мәдени мұра объектілерін мұражайландыру және музей-қорықтар экспозициясын кезең-кезеңімен жаңарту;

26) өңірдің киелі объектілерінің инфрақұрылымын дамыту;

27) тарихи-мәдени мұра объектілерін анықтау және есепке алу, археология ескерткіштерінің шекараларын айқындау жөніндегі жұмыстарды жүргізу, археологиялық барлау және қазба жұмыстарын жүргізу;

28) халықаралық және республикалық маңызы бар тарих және мәдениет ескерткіштерінде археологиялық және ғылыми-реставрациялау жұмыстарын жүргізу;

29) тарихи-мәдени мұра объектілерін мемлекеттік есепке қою және алдын ала есепке алу тізіміне енгізу;

30) тарих және мәдениет, табиғат ескерткіштерінің өңірлік ақпараттық деректер қорын және әртүрлі деңгейдегі қорларды цифрлық форматта құру;

31) Ақтөбе, Атырау, Орал және Ақтау қалаларындағы тарихи-мәдени мұра объектілерінде QR-кодтарды белгілеу;

32) қасиетті және көрнекті орындар бойынша өлкетану экспедицияларын, киелі орындарды абаттандыру жұмыстарын жүргізу;

33) өңірде тарихи-археологиялық және экологиялық туризмді дамыту.

2-параграф. Аумақты табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың әсерінен қорғау жөніндегі негізгі шаралар және азаматтық қорғаныс жөніндегі іс-шаралар

92. Қазақстан Республикасының Батыс өңірінің аумағында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және халықты оларды қорғау мақсатында жобада төтенше жағдайлардың туындау қаупін барынша азайтуға, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтауға, материалдық шығындардың мөлшерін азайтуға бағытталған ұйымдастырушылық-профилактикалық және инженерлік-техникалық іс-шаралар көзделген (осы Өңіраралық схемаға 25-қосымша).

Аумақтарды дамытудың негізгі бағыттары және төтенше жағдайлардың алдын алу жөніндегі инженерлік-техникалық іс-шаралар бойынша мыналар ұсынылады:

93. Батыс өңірдің газ, мұнай өндіру аумақтарында жер сілкінісі кезінде тербелістер жазбасын алу үшін жаңа сейсмикалық станциялар мен қозғалыстарды тіркеу пункттерін ашу, сейсмикалық қауіпті аудандарында сейсмологиялық мониторинг жүргізу.

94. Аумақтарды су тасқынынан, су басудан қорғау жөніндегі іс-шаралар:

1) гидрометеорологиялық мониторинг желісін дамыту және жаңғырту;

2) су тасқыны қаупі бар кезеңдерді болжау;

3) Ақтөбе қаласындағы Елек, Қарғалы, Жеңіс, Песчанка, Сазды, Жаманқарғалы өзендеріндегі арнаны тазарту, тереңдету және жағалауды бекіту жұмыстары; Құрманғазы ауданының Шортанбай ауылдық округіндегі Қиғаш тармағының жағалауын бекіту;

4) Атырау қаласындағы қорғаныс тасбөгеттерін, Атырау қаласындағы Жайық өзені мен Каспий теңізі бойындағы, Махамбет ауданы Бейбарыс, Есбол ауылдарындағы қорғаныс тасбөгеттерін жөндеу;

5) Қарғалы ауданы Бадамша ауылында нөсер кәрізін салу.

95. Қауіпті метеорологиялық құбылыстар мен процестердің әсеріне байланысты төтенше жағдайлардың дамуын уақтылы анықтау және болжау мақсатында метеорологиялық құбылыстар мен процестердің мониторингі.

96. Өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар:

1) өрт сөндіру депосын салу:

2030 жылға қарай – 24 депо, оның ішінде Ақтөбе облысында – 9, Атырау облысында – 4, Батыс Қазақстан облысында – 5, Маңғыстау облысында – 6;

2040 жылға қарай – 7 депо, оның ішінде Ақтөбе облысында – 3, Атырау облысында – 1, Батыс Қазақстан облысында – 3;

2050 жылға қарай – 5 депо, оның ішінде Ақтөбе облысында – 3, Батыс Қазақстан облысында – 2;

2) Ақтөбе облысының Ырғыз және Шалқар аудандарында, Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласының Теңге ауылында, Жаңаөзен қаласының Қызылсай ауылында, Қаракия ауданының Жетібай кентінде өрт сөндіру деполарын күрделі жөндеу;

3) Ақтөбе облысының Алға, Байғанин, Мәртөк, Темір, Ойыл және Ырғыз аудандарында, Атырау облысы Жылыой ауданының Аққызтоғай, Майкөмген, Қараарна ауылдық округтерінде, Қызылқоға ауданының Қоныстану ауылында, Қаракөл ауылында өрт сөндіру пункттерін құру;

4) техника, өрт-техникалық және құтқару жабдықтары мен құралдарын сатып алу.

97. Аумақтарда халықты жұқпалы аурулардың, эпизоотиялар мен эпифитотиялардың пайда болуынан қорғау жөніндегі іс-шаралар:

1) Ақтөбе облысында – 24, Атырау облысында – 7, Батыс Қазақстан облысында – 106, Маңғыстау облысында 1 бірлік типтік мал қорымдарын салу;

2) мал қорымдарының жағдайын сақтау, ағымдағы жөндеу;

3) санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманың зертханалық бақылау желісін кеңейту, оларды ең жаңа жабдықтармен және техникамен жарақтандыру;

4) дезинфекциялық станциялардың қажетті санын құру, кеміргіштерді, кенелерді жою жөніндегі іс-шараларды жүргізу.

98. Гидротехникалық құрылыстарда қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар:

1) гидротехникалық құрылыстарды жөндеу: Ақтөбе облысында – 22, Атырау облысында – 21, Батыс Қазақстан облысында – 20 бірлік;

2) гидротехникалық құрылыстарда жергілікті хабарландыру жүйесін орнату.

99. Автомобиль жолдарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар:

1) жолдардың қар басатын учаскелерін анықтау, олардың бойында қар ұстайтын қалқандарды орнату және орман екпелерін отырғызу.

100. Төтенше жағдайларда халықты хабарландыру үшін елді мекендердегі хабарландыру жүйелерінің, сондай-ақ су тасқыны қаупі бар учаскелерде және гидротехникалық құрылыстар бұзылған кезде су басу аймақтарында орналасқан елді мекендердегі жергілікті хабарландыру жүйелерінің санын ұлғайту.

Осы техникалық құралдармен жарақтандыру "Азаматтық қорғаудың құлақтандыру жүйесінің техникалық құралдары тиесілілігінің заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің 2025 жылғы 10 сәуірдегі № 130 бұйрығымен көзделген.

101. Азаматтық қорғаныс іс-шараларын орындау үшін азаматтық қорғаныс мүлкін жинақтау.

102. Технологиялық өндірісінде күшті әсер ететін улы заттар бар объектілерде қауіпсіз реагенттерге көшу.

103. Төтенше жағдай туындаған кезде апаттық-құтқару қызметтерін уақтылы хабарландыру бойынша радиологиялық, химиялық және биологиялық қауіпсіздікті мониторингілеудің автоматтандырылған жүйесін енгізу.

